№7 (1473)
21 – 27 ақпан
2019 жыл

ISSN 1999-5857

ANA TILI

1990 жылғы наурыздың 22-сінен бастап шығады

Ұлт Газеті

Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады

www.anatili.kz www.facebook.com/anatilikaz www.twitter.com/anatilikz e-mail: anatili_gazeti@mail.ru

КӨЗІҢНІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ

ҰЛЫ ДАЛАМЫЗДЫҢ КӨНЕ САРЫНЫ

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Нұр Отан» партиясының 20 жылдық мерейтойына орай еліміздің барлық аймақтарында «Ұлы даланың көне сарындары» атты дәстүрлі музыка фестивалі өтуде. Аталмыш шара Павлодар қаласына да жетіп, Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драма театрында ән мен күй, жыр мен терме кешінен насихатталды. Өнер кешінің шымылдығын көмекейі бүлкілдеп, қария сөзді жырлаған Алмас Алматов ашып, жүргізді. Еліміздің әр жерінен жиналған дәстүрлі өнер иелері ұлттық киімде, еш фонограммасыз таза дауыста ән шырқап, күй төкті.

Белгілі композитор, термеші Жәкен Омаров Майлықожаның термелері мен өсиеттеріне халықты жетеледі. Жетісу мектебінің өкілі Шолпан Дәржанова Кененнің «Бастауын» айтты. Танымал әнші Гүлмира Сариналың орындауында бірнеше ән шырқалды. Дәстүрлі әнші Медғат Манапов Ысқақбайдың «Желдірмесін» нақышына келтіре шырқаса, Ерлан Рысқали Ақан серінің «Маңмаңгерін», Жанболат Байсолтан Естайдың «Құсни-Қорланын», Гүлназ Қыздарбекова Сәкен Сейфуллиннің «Біздің жақта» әндерін орындады. Батыс Қазақстанның төкпе күй дәстүрінің көрнекті өкілі Батыржан Мықтыбаев қызу қанды екпінді күйлердің легін тоғытты. Сондай-ақ Серік Сыздықов, Әсел Арынова, Нәзира Омар күй шертті. Ал «Ерке-Наз» ансамблі сызылтып салған әндер көрермен көңілінен орын тапты. Ұлы даланың көне сарындарын әуелеткен бұл кеште сыбызғы үні де естілді. Сыбызғышы Архат Қайраттың сыбызғысынан төгілген үн сауырын күнге суйгізіп, керіліп жатқан кең даланың тарихын бейнелеп жатты.

Жалпы Ертіс-Баян топырағы қазақ өнерінде өзіндік орны бар ілкі дәстүрлері мен ірі мектептері қалыптасқан өңір. Атап айтсақ, Жаяу Мұса, Жарылғапберді, Бүркітбайдың Мұстафасы мен Итаяқтың Ысқақбайы, Бәйтен сал мен Иманжүсіп, Құдайберген мен Иса, Естай мен Майра, Қали Байжанов, Темірболат Арғынбаев, Тоқбай Жұмағұлов, кезінде Жамбыл, Динамен сахнада қатар өнер көрсеткен Балабек Ержанов, Сапарбек Қуандықұлы, дауысының сиқыры бар Байғабыл, қоңыр үнді Жабай Тоғандықов, Қырықбай әнші, күйші Рүстембек Омаров сынды дарындардың дүниеге келген жері. Осындай дара өнерпаздардың ірілерін берген топырақ. Бұл өнер кешінде осы тұлғалардың жартысының ғана есімі аталды. Ұмыт болған өнерпаздардың барлығын дерлік қамту үшін алдағы уақытта осындай концерттер жиі өткізілсе нұр үстіне нұр болар еді. Сонда ұлы даланың жеті қыры ашылып, өшкен есімдер қайта жаңғыратыны анық.

Айдана АЙТУҒАН
Павлодар облысы

Бүгінгі санда:

Серік АҚШОЛАҚОВ:
Біз – Құдай емеспіз... 6-бет

Арманы аласармай өткен азамат 5-бет

Ақ тулы Жабай батыр 6-7-бет

Таңғажайып Каппадокия 12-бет

DANALYQ MÁIEGI

ABAI
QYRYQ BESİNSHİ QARA SÓZ

Qudaı tabaraka ǵataǵalanyń barlyǵynyń úlken dáleli - neshe myń jyldan beri árkim ártúrli qylyp sóılese de, bári de bir úlken qudaı bar dep kelgendigi, ýa hám neshe myń túrli dinniń bári de ǵadalát, mahabbat qudaıǵa laıyqty degendigi.

Biz jaratýshy emes, jaratqan kóleńkesine qarai biletuǵyn pendemiz. Sol mahabbat pen ǵadalátke qarai tartpaqpyz, sol allanyń hikmetin bireýden bireý anyǵyraq sezbekpen artylady. Inandym, sendim demek ınandyramyn, sendiremin degen emes.

Adamshylyqtyń aldy - mahabbat, ǵadalát, sezim. Bulardyń kerek emes jeri joq, kirispetuǵyn da jeri joq. Ol - jaratqan táńiriniń isi. Aıǵyr biege ie bolmaqta da mahabbat pen sezim bar. Bul ǵadalát, mahabbat sezim kimde kóbirek bolsa, ol kisi - ǵalym, sol - ǵaqıl. Biz janymyzdan ǵylym shyǵara almaımyz, jaralyp, jasalyp qoıǵan nárselerdi sezbekpiz, kózben kórip, aqylmen bilip.

АШЫЛМАҒАН АРАЛДАР



Екі мәрте Еңбек Ері, шопан ата Жазылбек ҚУАНЫШБАЕВТЫҢ егіз ұлы Қойшыбай мен Тойшыбай туралы бір үзік сыр

...Алыстан байқап келеміз. Паркке жақындағанда алдымыздан бір алып бейне асқақтай көрінді. Жолбасшы жігіттеріміздің бірі, аудандық әкімдіктегі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің меңгерушісі Мақсат Сейдалиевтің түсіндіруінше бір кездегі «Шопанata», қазіргі «Жазылбек Қуанышбаев» ескерткіші осы екен. Бұл жерде біз «бір кездегі» деген сөз тіркесін текке қолданып отырғанымыз жоқ. Білетіндердің айтуына қарағанда, биіктігі астындағы тұғыртасымен қоса есептегенде 5 метрдей болатын монумент алғаш рет ашылғанда, онда «Шопанata» деген жазу тұрыпты.

9-бет

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ТІЛДІҢ АЛДЫНДА тізерлеп қызмет етейік

Кәзір әлемдік қоғамда бір-біріне қарама-қайшы екі басқару жүйесі бар: бірі – диктатура, екіншісі – демократия.
Диктатура бойынша, халық биліккке қызмет жасайды, соның айтқанын бұлжытпай орындайды; ал, демократия бойынша, биілік халыққа қызмет жасайды, соның қамын ойлайды. Біздің тіл білімі ғалымдары жаңа емле жасауда осы заңның диктатуралық, йағный зорлау жолын таңдапты.

Мен «Түңілмесіме тірек бар ма?» атты мақалама орай жазылған Тіл білімі институтының директірі Ерден Қажыбектің «Алғыстан басқа айтарым жоқ» атты маған берген жауабы мен «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» атты Әлімхан Жүнісбековтің, «Емлені ұштап, орфографияны жетілдіреміз десек» атты Сейдін Бизақовтың және осы тақырыпты өз бетінше талқылаған Байынқол Қалиевтің «Жас алаш» газетіндегі «И мен у мәселесі дұрыс шешілмесе, жаңа әліпби де дұрысталмайды» деген мақалаларымен, сондай-ақ филология ғылымының докторы, Ахмет Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты мамандарынан құрылған Орфографиялық жұмыс тобының ғылыми жетекшісі Нұрғелді Уәлінің басшылығымен жасалған «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерімен» танысып шықтым.

Мақаласындағы пікіріне қарағанда, Сейдін мырза тіліміздегі тек буын үндестігі ғана емес, дыбыс үндестігі де болатынына және соған «ы», «і» дыбыстары өнімді қызмет көрсететініне күмәнмен қарайтын секілді. Соған қарағанда, Ахмет Байтұрсыновтың Тіл (лұғат) әуезділігі, сөз және сөйлеу әуезділігіне берген сыйпаттамасын оқымаған, оқыса да мән бермеген сықылды (Ахмет Байтұрсынов «Шығармалары», «Жазушы» баспасы, 1989, 177 – бет).

«Ми – нистр деген буын мен «мі – ніс – тір» деген буындардың әуез ерекшелігін әйтпесе қалай ажыратпауға болады? «Министр» деп жазылғанмен, менің замандастарым ол сөзді «міністір» деп айтып жүргенін біраз қазақ білетін шығар деп ойлаймын. Қазақ тілінде сөздің бастапқы буынында ешқашан дауыссыз дыбыс та, дауысты дыбыс та қатар келмейді. Дыбыс үндестігі деген – сол. Егер Сейдін мырза бұған сенбесе, бірінші буында екі дауыссыз қатар келетін бір қазақ сөзін тауып берсінші! Қазақ, мысалы, ешқашан «прақ» демейді, «пырақ» дейді. Сондықтан шет тілден енген «президент», «премьер – министр» сыйақты сөздерді төл тіліміздің табиғатына сай дыбыс үндестігіне бағындырып, «пірезійдент», «піремійер – міністір» деп жазсақ, онымыз пірезійдент пен піремійер – міністірді құрметтемеу болып шықпайды, қайта пірезійдент пен піремійер – міністірдің үлт перзенті ретінде өз тілін құрметтеуі болып табылмай ма?

Біздің ғалымдар әншейінде орыстан үйренгіш келеді, шет елдің тілін қалай өз тіліне айналдырудың әдісін солардан неге үйренбейді? Олар шет елдің барлық сөзін өз тілінің дійрменіне салып барып пайдаланады.

Әңгіменің тоқ етерін айтқанда, бәріміздің шырылдап жүргеніміз – осы емле ереже дұрыс жасалса екен деген тілек. Алайда ол ойымыз жүзеге аспапты. Бұл емле ережесінің басты кемшілігі – ғылыми жүйесі мен дәлелі жоқ, шашыраңқы: ананы бір айтады, мынаны бір айтады, алдында айтқанын басқаша түрмен тағы қайталайды. Мысалы, бірге жазылатын сөздерді әлденеше топқа бөліп, жеке-жеке түсіндіріп, оған жеке-жеке мысалдар келтіреді. Соның бір түрі – ботаникалық, зоологиялық сөздер: **қойжусан, сыйыржоңышқа, ботабүрген, итбұлдірген, укекіре, убидайық, сорқанбақ, қоңыраушөп, құлмесгүл, қозығұл, қалтағұл, еменшөп, сұтжапырақ, көккүс, бөсірқұрт, белтамыр, тамыржеміс, торжеміс** тәрізді қолданыста бар-жоғы белгісіз, күмәнді сөздер. Алайда бұл сөздер ғана емес, бірнеше түбірден құралған, бірақ бір ғана мағына беретін, бір ғана зат пен құбылыстың, адамның аты – бәрі де бірге жазылады. Мысалы: итмұрын, тасбақа, құрбақа, атакөсін, атамекен, көртышқан, тасжол, Қыдырбекұлы, Қуантайжан, тасжарған, куретамыр, т.с.с.

(Жалғасы 8-бетте)

ANA TILI Ұлт газеті

Дәурен АБАЕВ, ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі :

Ереже консенсус нәтижесінде қабылданады

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев ведомствоның кеңейтілген алқа отырысын өткізіп, министрліктің атқарған және жоспарлаған жұмыстарын талқылады. Министрдің айтуынша, былтырдан бастап аналогтық телерадиохабар тарату кезең-кезеңімен тоқтатыла бастаған. Оның орнына цифрлы хабар тарату қолға алынған. Оған қажетті абоненттік құралдар әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға тегін үлестіріліпті. Ал шалғай орналасқан елді мекендер цифрлық сигналдарға отандық ОтауТВ, спутник тарелкалары арқылы қосылады. Ол үшін әр аймақтың жергілікті бюджетінен қаржы қарастырылған.

«Қазіргі уақытта еліміздің төрт аймағы толық цифрлық хабар таратуға көшті. Олар: Маңғыстау, Түркістан, Жамбыл облыстары және Шымкент қаласы. Осылайша, ол жақтағы ауыл тұрғындары 15 отандық телеарнаны, ал облыс орталығының тұрғындары 30 арнаны жоғары сапада тамашалап отыр. Биыл Алматы облысы, Павлодар мен Қостанай аймақтарын цифрлық хабар таратуға ауыстыруды жоспарлап отырмыз. Аталған жұмыстар 2022 жылы толық аяқталады» деді Дәурен Абаев.

Министрдің айтуынша, бос тұрған жиіліктер ұялы байланыс сапасын арттыру мақсатында пайдаланылатын болады.

Жиын барысында Абаев мырза «Қазтелерадиокешеніне» мемлекеттік радиохабарлардың таралу ауқымын ұлғайту жұмыстарын ерекше бақылауда ұстауды тапсырды. Министрдің айтуынша, аталған шаралар ұлттық ақпараттық қауіпсіздік саласында өте өзекті. Еліміздің ең шалғай жерлерінде тұрып жатқан азаматтар радиоқабылдағыштары арқылы Қытай немесе Ресейдің емес, Қазақстанның әнұранын тыңдауы тиіс. Өсіп келе жатқан ұрпақ қазақ ертегілеріне құлақ түріп, қазақ әндерімен сусындауы қажет. Осы мақсатта өткен жылы Алматы, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарындағы 300 мыңнан аса тұрғыны бар 12 шекаралық аймаққа «Қазақ радиосы» мен «Шалқар радиосы» тарай бастаған.

Сондай-ақ ведомство басшысы жыл соңына дейін барлық мемлекеттік органдардың сайты өшіріліп, орнына бірыңғай онлайн платформасы құрылатынын айтты.

«Ашық Үкімет» порталында жарияланатын деректердің саны күн санап артып келеді. 2018 жылы порталға 150 жаңа дерек енгізілді. Алдағы уақытта Астана тұрғындары осы портал арқылы қоғамдық көліктердің қозғалысын қадағалай алады. Сонымен қатар Халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы кезекті бақылап, бала туу туралы мемлекеттік жәрдемақыны алатындардың саны туралы ақпаратты да осыдан алуға болады. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін «Ашық Үкімет» порталы да әрдайым жаңартылып тұрады. Мәселен, мемлекеттік орган басшысының блогына өтініш қалдырып, сұрақ қойған адам өзіне берілген жауапты бірден бағалап, пікір қалдыра алады. Енді мемлекеттік органдардың рейтингі олардың азаматтарға берген жауабының сапасына қарай сараланып отырады. Жыл соңына дейін біз барлық орталық мемлекеттік органдарды және жергілікті атқарушы органдарды бірыңғай платформаға жұмылдыруды жоспарлап отырмыз» деді министр.

Министрдің айтуынша, биыл «Ашық аймақ» жобасы қолға алынады. Ол арқылы қызметін ашық жүргізіп отырған әкімдер, әкімдіктер, мәслихаттар анықталады. Үздік деп танылғандары көпшіліктің назарына ұсынылады. Бұған қоса, ведомство басшысының мәліметінше, «Электронды үкімет» порталына 8 миллионнан астам адам тіркелген. 2018 жылы ол арқылы ел тұрғындарына 30 миллионнан астам электронды қызмет көрсетіліпті.

Айта кетейік, жуырда ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Бұқаралық ақпарат құралдарын тіркеу ережелеріне өзгерістер енгізуді ұсынған болатын. Құжат жобасында іс-шарадан хабар дайындайтын журналист аккредитация беруші мекемеге жеке бас куәлігінің көшірмесін, журналист пен БАҚ арасындағы келісім-шарттық қарым-қатынастың барын растайтын құжат көшірмесін тапсырып, мекеменің ішкі тәртібін сақтауға және модератор белгілеген регламенттің сақталуына жазбаша келісім беруі тиіс. Егер аталған құжаттардың бірі болмаған жағдайда, журналистерге арналған орын толып кеткенде мекеме БАҚ өкілін тіркеуден бас тартуы мүмкін екені айтылған. Бұл ұсыныс журналистер тарапынан қолдау таппады, керісінше наразылық тудырған еді. Алқа отырысында министр бұл мәселені де шет қалдырмады. Вице-министр Нұргүл Мауберлиноваға жобаны талқылауды ұйымдастыруды, журналистердің ұсыныстары мен ескертулерін жинақтауды тапсырды. «Бұл ережелер консенсус нәтижесінде ғана қабылдануы керек. БАҚ пікірі де ескерілуі тиіс» деді Дәурен Абаев.

Майя МҰРАТБЕК

БАҒДАР

Кеден ісінің жауапкершілігі мол

Қазіргі кезде Қазақстанның Кедендік қызметінің өзекті мәселелерін шешудің бірі – кадрлық құрамды жаңарту. Кедендік қызмет басшылығы кеден органдарына мемлекеттік қызметке жоғары білікті мамандарды даярлауға және қабылдауға жетекшілік етеді.

Кеден органдарында қызмет ету қай кезде де бағалы болатын және солай болып қалуда. Кеден қызметінің жайы Қазақстанның халықаралық экономикалық одаққа мүшелігіне орай өркендей түсуде. Қазақстанның Қытай және Ресей сияқты алыптармен көршілес болуы елеулі түрде тауар айналымын дамытуға және әлемдік нарыққа шығуға мүмкіндік береді. Елдің геосаясаттық жағдайы Оңтүстік-Шығыс Азия мен Европаны біріктірген жаңғыртылған «Жібек жолына» кіруді ертеден-ақ болжаған еді. Жібек жолы арқылы тауар айналымы әрдайым дамып отырады, ал бұл өз кезегінде елдің экономикалық дамуына және халықаралық саясаттағы рөліне зор әсерін тигізеді.

Қазақстанның Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына мүшелігі халықаралық саудадағы көптеген процедураларға, соның ішінде кедендік бақылау мен рәсімдеу процедураларына елеулі өзгерістер енгізуге әсер етті. Мұның барлығы Қазақстанның кеден қызметінің рөлін анағұрлым көтере түсті.

Бүгінгі таңда кеденші экономика, салық салу, бухгалтерия, логистика, халықаралық және ұлттық құқық аясында кең әрі терең білімді игерген болуы тиіс. Бұдан да басқа, кеденші бірнеше тілді (мысалы, ағылшын және қытай) меңгерген, жануарлар және өсімдіктер әлемінен (тыйым салынған жануарлар мен өсімдіктерді кіргізуге немесе шығару жөнінде) хабардар болуы және де өнер бұйымдарын бағалай білуі тиіс.

Бүгінгі кеденші оның үстіне психолог болғаны жөн. Кеден – бұл мемлекет бейнесі болғандықтан, ол кеденшінің жүріс-тұрысына тікелей қатысты. Кеденшінің байсалды, білімді, байыпты жүріс-тұрысы тұтастай ел туралы пікірдің дұрыс қалыптасуының кепілі болады, ал елге келуші-бақылаушылардың саны барған сайын арта түсуде.

Бүгінгі таңда бүкіл әлем кеден органдары қызметкерлерінің арнайы дайындықтан өтуі тиіс екенін мойындап отыр. Бүгінгі кеден – ең алдымен, ұлттық қауіпсіздік бағыттарының бірі. Сәйкесінше, кеденшілерді даярлау – ұлттық мүдделерді қастерлейтін мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 15 жыл бойы «Кеден ісі» мамандығы бойынша болашақ кеденшілерді даярлап келеді. Бұл уақыт ішінде біздің Қазақстан Республикасы Кеден органдарымен тығыз қарым-қатынасымыз орнады. Кеден жүйесінде түлектеріміз жұмысқа орналасып, қызмет атқаруда. Кеден ісі аясындағы мамандарға, әсіресе еліміздің мемелекеттік шекарасы арқылы тауарларды тасымалдайтын коммерциялық ұйымдар мен логистикалық компаниялар және т.б. жоғары қызығушылық танытуда.

ҚазҰУ дипломының танымал болып мойындалуын Қазақстан ЖОО арасында оның жетекші орын алуы растайды. ҚазҰУ-дың «Кеден ісі» мамандығы көп жыл барысында Ұлттық рейтингте бірінші орын алып келеді. Біз халықаралық аккредитация (FIBA аккредитациялау Агенттігі) иегеріміз, бұл біздің дипломның өзі бәсекелестер арасында алға шығуына мүмкіндік тудыра алады. Қазіргі таңда біздер БСҰ аккредитациясынан өтуге дайындық үстіндеміз, бұл өз кезегінде ҚазҰУ «Кеден ісі» мамандығы дипломының бүкіл әлемде мойындалуына септігін тигізеді.

А.ЖАТҚАНБАЕВА,
заң ғылымының докторы, профессор
А.БЕРДІБАЕВА,
заң ғылымының кандидаты

КЕЗДЕСУ

Ұшқыш кәсібімен танысты

Жуырда Алматы қаласы Медеу ауданына қарасты мектептердің оқушылары Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің авиациялық базасында болды. Аудандық білім бөлімінің қолдауымен бір топ оқушы, алғашқы әскери даярлық мұғалімдері және Ауған соғысының ардагерлері соңғы үлгідегі әскери тікұшақтардың ұшу жаттығуын өз көздерімен көрді.

Ұшақтарды ұршықша үйірген ұшқыштардың шеберлігі мектеп оқушыларын таң-тамаша қалдырды. Күрделі жағдайларда тікұшақты ұшыру және қондыру, әуе маневрлері, көз ілеспес жылдамдықпен жасалған түрлі жаттығулар біздің әскери ұшқыштардың нағыз кәсіби маман екенін көрсетті. Әскери базаға келген қонақтар Ми-17, Ми-8, Белл UH-1 және басқа тікұшақтардың кабинасына отырып көрді, қазіргі заманғы әскери ұшақ түрлерімен танысты. Оқушылар мен мұғалімдер әскери бөлімнің орталығында орнатылған ауған соғысында қаза тапқан офицер ұшқыштарға арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Әскери даңқ музейінде осы бөлімнің тарихымен танысып, қазақстандық ұшқыштардың ерлігі жайлы мағлұмат алды. Әскери бөлімді аралап зор әсер алған оқушылар кездесу соңында әскери бөлімнің командирі, полковник Н.Байдуллаевқа, бөлім командирінің орынбасары Е.Хандәулетовке және капитан Д.Құсайыновқа алғыстарын білдірді. Отан алдындағы азаматтық парызы мен борышын адал өтеген аға ұрпақтың жауапкершілігі мен ерлігі жас жеткіншектерге әрдайым үлгі-өнеге болары сөзсіз.

А.СҮЛЕЙМЕНОВ,
алғашқы әскери даярлық пәнінің мұғалімі

ЖАСТАР ЖЫЛЫ

«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҢТҮСТІК ӨҢІРІ ЖАСТАРЫНА ҮНДЕУІ

Құрметті құрбы-құрдастар!!!

Президент Жарлығымен 2019 жылдың «Жастар жылы» болып жариялануы бізге керемет мүмкіндіктер сыйлады.

Бұл – маңызды оқиға, біз үшін үлкен қуаныш. Елбасы Н.Ә.Назарбаев сыйлаған «Жастар жылы» – жаңа буынға арналған тұғыры биік ерекше мәртебе.

Қазіргі дәуір – біздің уақыт!

Біз, Ұлы даланың еркін ұлдары мен қыздары, тәуелсіз еліміздің патриоттары ретінде Отанымыздың өсіп-өркендеуіне, гүлденуіне бір кісідей үлес қосуды және Елбасы ұсынысын жүзеге асыруды азаматтық борыш, перзенттік парыз деп білеміз!

Біз – Алтайдан Атырауға дейінгі Ұлы даланы мекен еткен бабалар үнінің, тұлпарлар дүбірінің жалғасымыз! Ата дәстүріне табандылық, ана сүтіне адалдық танытқан тектілік пен естілікті, ірілік пен кісілікті мұра еткен саналы ұрпақ өкіліміз!

Басты мұратымыз – Ұлт көшбасшысы артқан үмітті ақтау, тәуелсіздігімізді тұғырлы, мемлекеттігімізді

ғұмырлы етуге бар күш-жігерімізбен, ақыл-қайратымызбен еңбек ету.

Құрметті замандастар!

Біз «Студент құрылыс жасақтарын» құрып, Түркістанды түлетуге, ауыл-елді абаттандыруға, мүмкіндігі шектеулі жандарға қайырымдылық танытуға, қазыналы қарттарымыз бен тағдыр тәлкегіне түскен бүлдіршіндерге мейірім шуағын төгуге бел байладық! Біз, тарихы терең, алтын алқапты Жетісайда орналасқан «Сырдария» университетінің студент жастары, Сіздерді Жастар жылында туған жерді, өскен өлкемізді көркейтуге, өз ісімізбен үлгі көрсетуге шақырамыз!

Жастар қолға алса бағынбайтын шың, орындалмайтын арман жоқ!

Жолың болсын, жас қыран!

ИМАН АЙНАСЫ

Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ, ҚМДБ баспасөз хатшысы

АҚЫЛ АЙТУ ӘДЕБІ

Қазір қоғамда ұжымға тренинг өткізетін, азаматтарға ақыл-кеңес беретін адамдар саны артып келеді. Әрине, бұл – игіліктің көрінісі. Алайда арзан ақыл айтып, адамның қалтасын қаққан кейбір кісілердің әрекеті бізді де толғандырмай қоймайды. Тренинг өткізіп, теңгені күрекпен жинап, жұрттың наразылығына ұшыраған жандар аз емес. Ақыл айтуды ақша табудың көзіне айналдырған адамдардың бұл әрекеті кімді болсын бейжай қалдырмас.

Біздікі «байдың асын байғұс қызғаныпты»-ның кері емес. Әркім өз ырыздық-несібесін теріп жейді. Алланың ризығы әркімге әртүрлі жолмен келеді. Маңыздысы – ақшаны адал жолмен табу, тренингке ақы төлеген адамның ризалығын алу. Осы күнде «бизнесі жоқтар бизнес тренинг өткізетін болды» деген сын-пікірлерді жиі еститін болдық. Біздің айтпағымыз: ақыл айтатын адам қандай болу керек? Кеңес беруші кісі өзінің тұлабойына қандай әдептерді жинақтауы тиіс?

Ақыл айтудың бірнеше әдебіне тоқталсақ. ***Біріншіден,*** ақыл-кеңес беруші адам өзгеге айтқан сөзіне әуелі өзі амал етіп, соған лайықты, үлгі болуы керек. Бұлай емес екен, оның сөзі құмға сіңген су секілді... Айнала-төңірекке айтқан насихатқа, ақыл-кеңеске бірінші өзі амал етпейтін адамды пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қатты сөккен. Алла Тағала қасиетті Құранда: **«Әй, мүміндер! Істемейтін істеріңді неге айтасыңдар. Істемейтін істеріңді сөйлеулерің Алланың қасында зор ашуға себеп болады»** («Сафф» сүресі, 2-3-аяттар) деп қатаң ескерткен.

Біздің төл мәзһабымыздың негізін қалаушы, үлкен ілім иесі Әбу Ханифадан бір кісі кеңес сұрап келеді. Баласы балды шамадан тыс жейді екен. Оның осы әдетін тыйғысы келіп, ақыл сұрап келгенде әйгілі Әбу Ханифа баланы қырық күннен кейін қайта алып келуін сұрайды. Арадан қырық күн өтеді. Ғұлама балаға бар болғаны: «Балды көп жей берме» дейді. Сонда баланың ата-анасы ғұламадан: «Құдай-ау, осы сөзді айту үшін бізді қырық күн күттірдіңіз бе?» деп аңтарыла сұрайды. Сонда Әбу Ханифа: «Сендер балаларыңды алдыма әкелген кезде мен де бал жейтін едім. Содан бастап бал жеуді тоқтатып, енді ғана айта алдым» деген екен...

Екіншіден, ақыл айтушы адам кеңес сұрап келген кісінің жағдайын жан-жақты білуі шарт. Демек, біз оның жан-дүниесін қаншалықты танимыз деген сауал туындайды. Бұл – пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) насихат айтудағы әдіс-тәсілінде көрініс тапқан. Бір мәселенің төңірегінде бірнеше кеңес сұрап келген кісіге Алла Елшісі олардың табиғатына, мінез-құлқына орай әртүрлі жауап қайырған. Біріне: «Ашуланба, сабыр ет» десе, екіншісіне: «Ата-анаңды құрметте, көршіңмен қарым-қатынасыңды түзе» деген насихатын жеткізген.

Бұл ретте кеңес алушы адамның болмысын жан-жақты білуіміз қажет. Жүсіпбек Аймауытов бабамыздың: «Тәрбиеге әсер беретін нәрсе: баланы жан-жақты білу керек» деген сөзінің мәнісі осы болса керек. Сонда адам психологиясын терең білген сайын оны басқару, яғни дұрыс жолға бағыттау ісі жеңілдей түседі.

Үшіншіден, ақыл айтушы адам даналық жолын ұстанғаны абзал. Қарапайым мысал: арақ ішіп жатқан біреуге ақыл айту – «ақымақтық». Бұл қадам мәселені одан сайын күрделендіре түседі. Мас күйдегі кісі: «Өз ақылым өзіме жетеді» деп қырсықтық танытуы – заңды құбылыс. Мастығы тарқап, өзіне келіп, сөз ұғар сәтке жеткенде айтылған ақыл оған әсер етуі әбден мүмкін. Демек, ақыл айтуда адамның жағдайына аса мән беру ләзім. Сөзұғар жағдайға жеткен пендеге айтқан насихат оның санасын сілкиді. Ондай жағдайда емес екен, оған сөз шығындап, артық энергия жұмсап әуре болмай-ақ қойған абзал.

Бұл ретте мына бір нәрсені ескеру керек: әбден шарасыз күйге түсіп, көмек сұрап келген кісіге «жұмыс істе, ақша тап» деп ақыл айтып, оны жазғырғаннан гөрі қолына аз да болса қаржы-қаражат ұстату – «ақылгөйсіп» сөйлегеннен мың есе артық. Әрине, «жақсы сөз – жарым ырыс». Ал ізгі амал – сөзден қайырлы. Қазір сөздің емес – нақты амалдың заманы. Адамдар бос уәде мен әдемі сөзден әбден шаршаған... Көп сөйлегеннен бір рет көмектескен артық. Демек, ақыл тек сөзбен өлшенбейді. Кейде бір ғана амал көп сөзден артық әсер етеді.

Төртіншіден, ақыл ешқашан ашуланған күйде айтылмайды. Бұл екінші тараптың «тілін ұзартып» жіберуіне әкеп соғады. Ақыл жанашырлықпен, қамқорлық сезіммен айтылады. Сөзге тоқтаған халықпыз ғой. Жұмсақтық жолын ұстанып, себеп-салдарын байыппен түсіндіріп, жетесіне жеткізіп тұрып айтсақ, міне, бұл ақылға қонымды іс болмақ. Ислам ғұламаларын ашуланған сәтте пәтуа беруден тыятыны сондықтан. Адам ызаланып тұрған сәтте эмоцияның жетегімен біреудің көңіліне қаяу түсіріп, оған қиянат жасап қоюы әбден мүмкін.

Бесінші, байланысты үзбеу, қамқорлық жасау – сөзді өткізудің әдемі тәсілі. Бұл – көп жағдайда балаға қатысты жүзеге асатын амал. Онымен үлкен адамдарша пікірлесу, сөйлесу керек. Өз ойын ашық айтуына мүмкіндік жасаған жөн. Өз пікірін жеткізе алмай өскен бала есейгенде ынжықтық танытады. Күніне бір уақытты арнау – бала тәрбиесін жүйелі қадағалауға, қиыс кеткен қадамын түзеп, оған ақыл айтып отыруға мүмкіндік береді.

ТҮЙІН: Расында, өмірдегі ең қиын іс – өзіңді тану, оңайы – өзгеге ақыл айту.

Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімнің «Рағыд» сүресінің 11-аятында: **«Қайбір қауым өзін-өзі өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді»** деп баяндаған. Адам өзгерсе, оның көршісі, одан кейін қоғам өзгереді. Маңыздысы – сана-сезімнің өзгеруі...

Серік АҚШОЛАҚОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері, нейрохирург-дәрігер:

БІЗ – ҚҰДАЙ ЕМЕСПІЗ...

Ұлтым дейтін адал ұлды, жұртым дейтін құлаққесті «құлды» өмірге әкелген алтын құрсақ ана мен «Адасқанға басшы бол, Жақсылыққа қосшы бол, Жамандыққа ащы бол, Адалдыққа серік бол» (Х.Досмұхамедұлы) деген аталы сөзге ұйыған әкенің абыройы қашанда биік болады. Өнегесі қалыптасқан отбасынан шыққан ұлан оспадар емес, ойы орамды ұлт жақсысына айналады. Оны қазақ текпен байланыстырады. Тек сөзінің табиғатын тереңнен қозғайды. Тегі оңған әдептен озбайды. Бұл қазақ медицинасының бүгінгі қабырғалы қайраткері, айтулы дәрігер-нейрохирург, әлемдік медицинада өзіндік қолтаңбасы бар көрнекті ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері, «Ұлттық нейрохирургия орталығы АҚ» басқарма төрағасы Серік Ақшолақовпен сұхбаттасқанда тоқтаған байлам еді.

– Серік Қуандықұлы, ең алдымен осынау қым-қуыт шақта арнайы уақыт бөлгеніңізге рақмет! Әрине, бүгінде сіз әлемдік медицинаның көрнекті өкілі, қазақ елі үшін аңыз адамсыз. Ал осыншама жетістікке жету жолында қаншама талайлы тағдыр кешкеніңіз өзіңізге ғана мәлім ғой, солай емес пе?

– «Аңыз адам» дегеніңізге қысылып отырмын. Ешкім аспаннан салбырап түспейді, бәрі еңбектің жемісі ғой. Қаратабан ойын баласы болып ауылда өстік. Қазақта жеті атадан кейінгі халықтық қалып: ата-әже, әке-шешеден бала бойына дариды. Мен ертеңімді алдын ала жоспарладым деп айта алмаймын. Бар мақсат – мектепті жақсы оқып, бітіру болды, бұл біздің ғана емес, ата-анамыздың да арманы еді. Алматыда, Мәскеуде оқимыз дей қоймадық. Ата-ананың аузына қарадық. Ол кісілер алысқа ұзамаса екен деді. Айтқаны талқылауға жатпайтын, тек орындалатын. Ол кезде ұстаздың беделі биік еді... Ата-ананың қатарынан табылатын. Сөйтіп, үлкендердің айтқаны болды. Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына түсуге бет алдым. Атам сұрапыл соғыс жүріп жатқанда, 1943 жылы өмірден озыпты. Әкем сол соғысқа бастан-аяқ қатысқан майдангер, біздің өңірден шыққан жалғыз әскери ұшқыш болатын. Соғыстан кейін басшылық қызметтер атқарды. Ата-анамның тілегі қабыл болып, жоғары оқу орнына түстім. Нағашы атам қасымызда болатын. Ол кісінің емшілік, балгерлік, тамыр ұстайтын, сынық салатын қасиеті бар еді. Ауыл жұрты: «Дәуір дәрігері болып, нағашы атаңның жолын жалға» дейтін. Сол кезде-ақ мықты болуды көздедім деп артық сөйлеп қайтемін. Бірден биікке секірем демей, біртіндеп ілгері жылжысаң, мұрат биігіне шығатының анық.

– Ол кездегі ауыл баласына қаладағы орысша оқу оңай соқпаған шығар?

– Әрине! Тілден қиналдық. Бірақ намыс-жігер, елдегі үлкендердің сенімі алға сүйрейді. Бірінші, екінші курста кейіндеу жүресің. Үшінші, төртінші курста орта тұсқа жетесің. Одан кейін алдыңғы шепке шығасың. Сөйтіп, жоғары оқу орнын үздік бітіріп шығуға қол жеткізесің. Ол – қазақтың бар жасына тән демесек те, көбіне тән қасиет. Дегенмен, сол кездегі қазақтілді ұрпақтың бойында оқуға деген ынта зор болатын. Ата-ана да баласының білімге құштарлығын ерекше қолдап отыратын. Кеткен есемді ұл-қызым қайтарсын дей ме екен? Бұл мінез біздің ұлтымызда әлі де бар. Жетік білім сананы сілкіндірмей қоймайды. Мектептегі мұғалімге деген құрмет жоғары оқу орнында да жалғасты. Иә, жақсы маман болудың негізі ата-ана тәрбиесінде деп білемін. Тамырың мықты болмаса, дауылды қойып, желге шыдамайсың.

– Сынықшы нағашы атаңыздың жолын жалғаған травматолог мамандығын нейрохирург мамандығына қалай айырбастадыңыз?

– Институтты бітірген соң, Ақтөбедегі жедел жәрдем ауруханасына қызметке тұрдым. Ол мекемені кейде «Менің Байқоңырым!» деймін. Әр азаматтың алғаш қанат қаққан қызмет орны, ортасы болады. Сол жедел жәрдем ауруханасы алдағы өмір жолыма бағыт сілтеді. Ол кезде елдік ұғым бойынша кіндік қаның тамған ауылға бетбұрыс басым болатын. Жоғары білім алған жастар ауылына, ата-анасының жанына баруға дайын тұратын. Сол жерден өмір көріп, қызметі өсіп жататын. Менің де әжем марқұм: «Елге кел, бізді бағасың» деді. Бір бауырының баласы Шалқарда бас дәрігер еді, соған «Серікті қызметке аласың» деп тапсырып қойыпты. Көз алдымда жүрсін деген шығар. Бірақ институттағы ұстаздарым қалада қалуымды қалады. Көпті көрген ата-анам да олардың сөзіне ұйыды. «Тәубе, өз тірлігіміз өзімізде, сен оқуыңды, жұмысыңды біл» деді. Ал курстастарымның дені елге кеткен еді.

Ақтөбе облыстық ауруханасына Мәскеудегі Н.Бурденко атындағы нейрохирургия ғылыми-зерттеу институтының директоры, әлемге аты мәшһүр академик Александр Коновалов бастаған дәрігер-ғалымдар келді. Біз аттарын жартылай естіген есімдер. Солармен бір аптадай бірге жүрдім. Академик бастаған ғалым-дәрігерлер біздің үйде қонақта болды. Шыны керек, Коноваловтың ғылымдағы орнынан ол уақытта көп хабардар емес едім. Қолбала ретінде жүгіріп жүрдім. Көңілі түскен адамға мейірімі мол екен. Бір күні: «Серік, сен нейрохирургия саласында оқуың керек» деді. Мен ол кісіге: «Мәскеуге барсам, мені травматология институтының директорымен таныстырсаңыз» деймін. Ондағы ойым нағашы атамның үмітін үкілеу. Академик жүзін жылытып: «Ойлан, травматологияны қойып, нейрохирургияны көр, Мәскеуге менің өзіме тікелей кел» деді. Сөйтіп, оншақты күннің ішінде қайырымды академик өзіне баурап алды.

Араға аз уақыт салып Мәскеуге барғанымда ол орнынан ұшып тұрып, жылы қарсы алды. Институтпен таныстырды. Ғалымдармен жүздестірді. Біраз уақыт сонда жүріп, ота жасауға қатыстым. Нейрохирургия қиын сала екен. Табаныңды нық тіремесең болатын емес. Екі ай сонда жүрдім. Анда-санда академикті көріп қаламын. Бағыт-бағдар айтады. «Үйрен, үйренген ұтылмайды» дейді. Ақтөбеге қайтадан оралдым. Жаңадан нейрохирургия бөлімшесі ашыла бастаған еді. Ақыры осы салаға ден қойдым.

Кемерово облысының Новокузнецк қаласындағы нейрохирургия кафедрасында нейрохирургтардың білімін жетілдіретін бес айлық курсқа барғанмын. Бір күні, Құдай оңдап сол жерге академик Александр Коновалов келді. Келердің алдында жергілікті мамандар әзірлік жасады. Ол кісі табалдырықты аттағанда тік тұрып қарсы алдық. Шетінен сәлемдесіп келе жатты да маған көзі түскенде: «Серік, мұнда не істеп жүрсің?» деді. «Оқуға келдім, Александр Николаевич!». «Неге Мәскеуге келмейсің?», «Барамын» дедім. Төңірегімдегілердің көзқарасы сол сәттен бастап маған бірден өзгеріп сала берді.

– Атақты ғалымның ықыласы сізге қалай түсіп жүр?

– Осыны алғашында өзім де түсіне қоймадым. Жауабын академик айтқанда ғана барып, иландым. «Қазақ азаматтары талантты, талапты, алғыр болады. Бұл қасиет сенде де бар. Тіпті ерекше секілді. Осы бағытыңнан танба, жігеріңді жаны. Жігерді жаныған сайын талабың жарқырай береді» деп күлімсіреді. Бұл сөздер мені қанаттандырды. Жалпы мен ұстаздан жолым болған адаммын. Ақтөбеде оқып жүргенімде Э.Шайро, Ю.Бирючков деген профессорлардың да септігі көп тиді. Ю.Бирчюков медицина институтының проректоры еді. Бір жолы профессор «Нейрохирургия бойынша Мәскеуде оқу үшін бір аспирантқа орын бөліпті, Коноваловты танисың, сен баруың керек, үш емтихан тапсырсаң, сен одан өтесің» деді ол. Айтқаны келді, жолдаманы алып, Мәскеуге тартып кеттім.

– Мәскеудің Н.Бурденко атындағы нейрохирургия ғылыми-зерттеу институты ғой?

– Иә! Бірден Александр Николаевичке бардым. Жадырап қарсы алды. Аспирантураға келгенімді айтып, жолдамамды көрсеттім. Түрі сұстылау, қаралау кісі еді. Сүзіле көз салды. «Серік, менің аспирантым болып, қазір бұл жерде оқығаныңды қалай қоймаймын» деді. «Не жазып қалдым?» деймін іштей. «Сенің аспирантураға түсуіңді қолдамаймын» деді тағы. «Оған дәл бұл жолы түсіп керегі жоқ. Сен оған дайын емессің. Ал, түстің дейік. Үш жылдан соң медицина ғылымының кандидаты болып шықтың. Саған кандидаттық атақ керек пе, әлде нейрохирург мамандығын бес саусағыңдай білетін маман болу мақсат па?» деді. Менде үн жоқ. Іштей «Енді не істесем екен?» деймін. «Саған қазір атақтың керегі жоқ. Атақ бірте-бірте келеді. Жетік маман болуға тиіссің. Сонда ғана кандидаттан да жоғары дәрежелі атақтар өзінен-өзі келеді. Менің айтқаныма көнсең, аспирантураға өтініш бермей-ақ қой, басқалар оқысын. Сен клиникалық ординатураға түс, тәжірибе жинақтайсың. Содан кейін аспирантураға барасың. Өзім көмек беремін» деді. Сәл отырдым да: «Александр Николаевич, ординатураға қалай түсуге болады?» дедім.

Ол кезде аспирантураға жолдама алу – маңдайыңа жарқырап жұлдыз біткенмен бірдей еді. Сол жұлдызды сөндірдік... Ғылыми хатшыны шақырып, Коновалов өзі қатаң тапсырды. Сөйтіп, екі жылдық клиникалық ординатураға түстім. Бұл жердегі көргенім, білгенім бұған дейінгі оқығаныма астар болмай қалды. Жатқан бір әлем екен. Жасалып жатқан оталардан түйгенім баршылық. Бір профессордан кейін екінші профессордың қолына өтесің. Әрқайсысы өзінің тәжірибесін үйретіп, тәлімін береді. Осылай зыр жүгіріп жүргенде, екі жыл өте шықты. Төңірегімді түгендеп, кім қалай екен дегенді ойластырамын. Профессор Сергей Федоров отаны көп жасайды. Айналасындағылар кілең мамандар. Өздері онша көп те емес, санаулы. Аспиранттары да аздау. Тек таңдаулыларды ғана алады екен. Аспирантураны сол Федоровтың жетекшілігінде оқысам деген ниетімді ол кісіге бір жолыққанда айтып едім, «Сен Коноваловтың шәкіртісің ғой. Оның келісімінсіз алуға құқым жоқ» деді. Коноваловқа сол ойымды жеткізгенде қарсылық танытпады. «Тәжірибеден өттің, енді ғылыми жұмыспен айналысуыңа болады. Жүрегің Сергей Николаевичті қалап тұрса, бар!» деп бағыттады.

Кемел адамдар бірін-бірі бағалай да, сыйлай да алады екен. Сонымен, бір жақсыдан екінші жақсының қамқорлығына өттім. Коновалов та жан-жылуын аяған жоқ. Сөзінде тұрып, аспирантураға түсірді. Федоровтың қолынан мықтап ұстатты. Енді тәжірибеде көргенімді ғылымда дәйектеп, кандидаттық диссертациямды екі жылда бітіріп, жетекшіме көрсеткенімде: «Тағы бір жыл ізден, ота бөлмесінен табылып, кеселді біліп қана қоймай, емдеу жолымен қатар, алдын алуды да ойластыра біл» деді. Мақтанды демеңіз, жасаған оталарым сан жағынан да, сапалық тұрғыдан да жоғары болды. Сол кездегі санавиация арқылы Одақтың көп жерінде болып, небір ауыр оталар жасауға қатыстым.

– Ғылыми атағыңызды сәтті қорғаған соң Алматыға оралдыңыз ба?

– Уақытша. Айтайын, 1986 жылы елге келдім. Келгеннен кейін алған тәжірибемді ғылымда тиянақтау мақсатында кафедрада жұмыс істегім келген. Бірақ ол ойым орындала қоймады. Дәрігерлікке бармадым. Содан А.Коноваловқа хабарласып, Мәскеуге қайта кеттім. Ондағы әр жылым он жылға татыды деуге болады. Коновалов бір күні өзіне шақырып алып «Докторлық диссертацияға бір тақырып бар. Соны талдап көрші» деді. Оны Сергей Федоров та мақұл көрді. Ата-анамнан кейінгі демеушілерім саналатын Александр Николаевич пен Сергей Николаевич екенін айтуға тиіспін. Атақты физик Ландауға ота жасаған Сергей Федоров ол кезде сырқаттанып жатқан. Өкпесіне ота жасатқан еді. Сол үлкен ғалым институттың бас неврологы, профессор Леонид Лихтерман екеумізді үйіне шақырып, профессорға: «Сен мына Серікке қарас, далаға тастама. Бұның болашағы бар» деді де, одан соң: «Сен енді қайтадан Коноваловтың шәкірті болуың керек» деп сәттілік тіледі. Леонид Борисович ұлы ұстазымның сол өтінішін әлі күнге дейін еске алып отырады.

Тілі бөлек болса да тілегін аямаған алыптардың жетекшілігімен ғылым докторы атандым. Бұл арада олар туралы әңгімені неге созып отыр деген сұрақ туындай қалса, берер жауабым: ғылым әлеміне өзіндік үлес қосқан ардақтылардың кеудесі кең, жүрегі жомарт, ары, жаны таза болатынын еске салу еді. Олар жасаған тәжірибені, ашқан жаңалықты шеңбердің ішінде ұстап тұра алмайтындығымызды, ол адамзаттың игілігіне айналатынын, ғұламалар мен дара дарындарда шекара жоқтығын ойлы жандарға жеткізе отырып, талантымен алға ұмтылған адамды көрсе: «Сен кімсің?» демей, құшағын ашатынын аңғарту еді. Бұл бүгінгі, кейінгі ұрпаққа үлгі болсын деп те айтып отырмын. Оның үстіне өзім болдым, толдым деген менмендік бойымда жоқ екенін де еске салу. Ағалық жасқа жеткен адам төңірегін түгендеп, жақсыны айтып, «әттеген-айдан» аулақ болу жайын бағамдап отыруы тиіс.

– Мол тәжірибемен, ғылыми атақпен елге оралдыңыз?..

– Иә, алда айтқан ұстаздарым да түбінде өз еліңе қызмет етуің керек деп жүретін. 15 жыл Мәскеуде студент секілді күн кештім. Балалар да өсіп қалды. Ата-анам бар жиған-тергенін бізге беріп тұрды. «Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі аумалы-төкпелі қиын шақта қара бастың қамымен сыртта жүргенім қалай?» деп жүргем. Сондай бір күндері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеуге жасаған сапарының бірінде мен қызмет етіп жүрген Бурденко атындағы нейрохирургия ғылыми-зерттеу институтына келді. Дидарласу кезінде азат елдің басшысы: «Осындай бір орталық бізде де болса ғой!» деп қалды. Мен де ішімнен оған тілектес болып тұрдым. Коновалов мен туралы Президентке ерекше ілтипатпен айтып қалды. Жанары жарқ еткен Нұрсұлтан Әбішұлы маған жылы шыраймен көз салып: «Елге қайтасың ба?» деді. Іркілместен «Иә!» дедім. Ол кезде Президент өзге елдерде қызмет етіп жатқан, әсіресе әскери, дипломатия, заң саласында қызмет етіп жүрген отандастарын елге шақырып жатқанын білетінмін.

Мен де айтқан сөзімде тұрдым. 1995 жылы Отаныма оралдым. Бір таңғалғаным, жаңа және соңғы шыққан технологиялар Мәскеуде бар екен де, біздің елдің медицина саласында мүлде жоқ болып шықты. Сондықтан да күрделі оталар сол жақта жасалады екен. Азат ел сондай дәрежеге жету керек деген ой күндіз-түні маған маза бермейтін. Дәрігерлердің білімін жетілдіру институтына орналасып, 1996 жылы нейрохирургия кафедрасын қолға алдым. Мақсатым, білімді жастарды жинау еді. Клиникалық ординатура ашып, оны аспирантураға ұластырдық. Диссертация қорғайтын кеңес құрдық. Сондай жұмыстардың нәтижесінде, 10 жылда 5 ғылым докторын, 25 ғылым кандидатын әзірледік. Қажетті кітаптар шығардық. 2004 жылы жасаған тәжірибелеріміз бен ғылыми ізденістерімізді жариялап, басқаларға да жеткізіп тұру үшін «Қазақстанның нейрохирургиясы және неврологиясы» атты журналды жұртқа ұсындық. Қазір ол басылым жалғасын тауып келеді.

– Елбасының тікелей қолдауымен Ұлттық нейрохирургия орталығы ірге көтерген күннен бастап, басы-қасында болдыңыз емес пе?

– Мен Елордадағы ұлт денсаулығын жақсарту жолындағы орталықтардың салынуын Президенттің ерен еңбегі деп білемін. Кенжелеп қалған салаға мән беріп, нейрохирургия орталығының ғимаратын қысқа мерзімде салу барысында Мемлекет басшысының қамқорлығы ерекше болды. Әрине, әр ғимараттың өзіндік құрылымы болады. Айталық, нейрохирургия орталығының құрылысын жүргізген кезде мен ота жасау, жансақтау бөлімдері, құрал-жабдықтарды орналастыру – бәрінің ыңғайлы болуын қадағалап жүрдім. Ол кезде салынып жатқан бұл құрылыс орны қаланың шетінде, желдің өтінде еді. Қазір бел ортада тұр.

Ғимарат салынып бітті, ал енді жұмыстарыңды бастаңдар дегенде абдырап қалмау үшін біз әзірлікті ерте қолға алдық. 35 маманды шетелге білім жетілдіруге жібердік. 2008 жылы Алматыдан Астанаға 35 дәрігер бірге келдік. Қазір 50 нейрохирург жұмыс істейді. 90 пайыз дәрігерлер бірінші күннен қызмет жасап келеді. Алғашқы жылы 500 адамға хирургиялық көмек көрсетсек, қазір 3,5 мыңнан асып отыр. Әлемнің бір де бір елінде азаматтарын тегін емдейтін мұндай нейрохирургиялық орталық жоқ. 10 жылда 70-ке жуық жаңа технологияны алып, іске қостық. Орта Азияда ота жасауға болмайды деген тереңде жатқан ми ісіктерін бірінші рет емдей бастадық. Ми ісігіне ота жасау өте қиын. Өзге ағзалардың көбін алмастыратын дәрежеге жеттік. Ми туралы бұлай дей алмаймыз. Өзге отаны лупа киіп жасауға болады. Ал миға ота жасау – тек микроскоппен ғана жүзеге асырылады.

– Бір замандары миды да алмастыруға болатын шығар?

– Оны тап басып айта алмаймын. Ми әлемі – құдіреттің күшімен жаратылған бөлек әлем. Дегенмен, қазір сол әлемнің ішіне кіріп, ота жасау ісі күнде жалғасып отыр.

Біздің орталықта алты бөлімше бар. Бір замандары үлкен-кіші демей, бастан бастап, омыртқа жұлынына дейін бір дәрігер ғана ота жасайтын. Қазір нейрохирургия сан-салаға бөлініп кетті. Жұлын, қан тамырлары, ми ісігі, балалар нейрохирургиясы, жалпы нейрохирургия бойынша жастар жақсы маманданды. Кей ағайындар «отаны өзіңіз жасаңызшы» деген өтініш айтады. Оларға «отаны менен жақсы жасайтын жастар бар» деймін. Бұл – ақиқат! Шәкірттерім менен мықты. Абай айтқандай, қазіргі нейрохирургияда ұстаздан шәкірт озып тұр. Мекеме беделінің артуына сол жастар жұмылып жұмыс істеу арқылы қол жеткізуде. Әрине, басшылық жасаймын. Мол тәжірибеме сүйеніп, бағыт-бағдар беремін. Сөйте тұрып, олардан жақсы білемін деп айта алмаймын. Біз ота жасау арқылы ауруды анықтасақ, жастар озық технология көмегімен анықталған ауруды емдеуді, оның алдын алуды жүзеге асырып отыр. Олар бәрін көзбен де, көңілмен де көреді. Дәуірдің қалай дамып бара жатқанын осыдан аңғаруға болатын шығар. Ең бастысы, бұрын ауыр сырқатқа шалдыққандар шетелге бет түзеп жататын. Қазір ол өз Отанымызда тегін іске асуда. Тіпті медициналық туризм аясында ондаған шетелден келген азаматтарға да ота жасап жүрміз. Шетелде бәрін ақшаға тіреп қойған. Ота жақсы өтсе, қаржыға қарық боласың, керісінше болса, айыппұл төлейсің. Бізде олай емес, бәрі тегін. Оны орталықта болған азаматтардың қай-қайсысы да мақұлдайды. Осы күні дәрігерге тағылатын айып аз болмай тұр. Дәрігер де – адам баласы. Қатыгез біреу болмаса, еш уақытта қастық жасамайды. Кейде салғырттық болатын шығар. Одан қай-қайсымыз да сабақ алуға тиістіміз.

Кейбір хирургтер «Мен ота кезінде қорықпаймын» дейді. Оларда ондай қасиет бар шығар. Қырық жылдан аса уақыттан бері ота жасап келе жатсам да, мен әр ота жасар алдында қорқамын. Отадан емес, алдымдағы адам тағдыры қалай болар екен деген қорқыныш. Мойныма алған жауапкершілікті орындай аламын ба, азаматтардың үміті ақтала ма дегеннен күдік. Бәрі де аяқ астынан өзгеріп кетуі мүмкін ғой. Біз – Құдай емеспіз. Ойлағанның бәрі бола бермейді. Тіпті үш-төрт сағаттық отадан қалжырап шығатын кез болады. Ондай сәттегі жан күйзелісін айтып жеткізу мүмкін емес. Тіпті көз алдыңдағы адамнан көз жазып қалғанда ішің өртенеді, өзегің күйеді... Бордай езілесің... Бірақ алда үміт бар. Қол қусыруға да болмайды. Өмір үшін күресіп жатқан келесі науқас есіңе түскенде еңсе тіктейсің. Мұндайда отбасыңа, ұжымыңа сүйенесің. Бәрін бір сәт ұмытып, дене шынықтыруға талпынасың. Оқыс жағдайда жастарды жүндей түтпей, жігерлендіру керек. Кейде сәтті аяқталған он сағаттық отадан жадырап шығатын уақытың болады. Медицинада ылғи жеңіс бола бермейді ғой.

– Серік Қуандықұлы, сіз басқарып отырған орталықта небір алқалы жиындар, халықаралық форумдар өтіп жатады. Бұл орталық жұмысын өзгелерге танытумен қатар, білім-ғылым-тәжірибе саласы бойынша пікір алысуға да мүмкіндік беріп отырған шығар.

– Біздің Ұлттық орталық 2008 жылы ашылған. Содан бері он бір жыл ішінде талай елдің дәрігерлері мен ғалымдары ат басын бұрып, орталықты да, айбынды Астанамызды да көріп, сүйсініп жүр. Қазақстан нейрохирургия қауымдастығы Дүниежүзілік нейрохирургтар қауымдастығына, Азия және Еуропа нейрохирургтерінің қоғамдастығы құрамына кіреді. Бұл әлем дәрігерлерімен кең көлемде араласуға мол мүмкіндік беруде. Бурденко атындағы нейрохирургия ғылыми-зерттеу институтының бұрынғы директоры А.Коновалов пен бүгінгі басшысы А.Потапов Дүниежүзілік нейрохирургтер қоғамдастығының вице-президенті ретінде Қазақ еліне жете көңіл аударып, мені комитет мүшелігіне ұсынған еді. Бұл өркениетті елдермен бірге жұмыс істеуге жол ашты. Айталық, Азия нейрохирургтары қауымдастығының X Конгресі біздің елордамызда өтіп, үлкен абыройға кенелдік. Мұндай алқалы бас қосуды өз елдерінде өткізуге ұмтылғандар аз емес. Дүниежүзінің 56 елінен дәрігерлер, ғалымдар қатысты. Ұлттық нейрохирургия орталығын көрген қонақтар қатты таңғалды. Осындай мол мүмкіндік берген Мемлекет басшысының көрегендігі деп ашық айтып жатты. Көп мемлекетте нейрохирургияға емханалардан 30-40 төсек бөлумен шектеледі. Ал бізде нейрохирургия, кардиология, өзге де керемет жарақталған жеке-жеке медицина мекемелерін көргенде, ұйымдастыру жұмысына риза болысты. Осы жерде мынандай бір өз байламымды айта кетсем деймін. Бір кездері мұндай елдік іс армандай елестейтін. Алматының тау жағындағы Шымбұлаққа шыққанда одан да биік тұрған шыңға қол жеткізу қиын секілді көрінетін. Бүгінгі қазақ медицинасы әлгіндей шыңға қол артқандай әсер қалдырады. Шынында, анау жылдары қазақ нейрохирургиясының болашағы алыс секілді еді. Қазір көп биікке көтерілді. Тек осыны тиімді пайдалана алсақ болғаны.

Біз ауру меңдегенде ғана дәрігерге барамыз. Әсіресе ауылды жерлерде Ұлттық нейрохирургия орталығында атқарылып жатқан жұмысты біле бермейді. Олар біздегі технологияны мықты мамандардың меңгергенінен хабардар болса екен деймін.

Қадап айтатын нәрсе, нейрохирургия саласы бойынша ем аламын деп шетелге барудың еш жөні жоқ. Өз Отанымызда барлық ем тегін жасалады. Бұл халық денсаулығын оңалту жолындағы нәтижелі іс екені белгілі. Бұл кең байтақ жерімізге күні ертең ие болар ұрпақ үшін, яғни ұлттық демографияның қарқынына да септігін тигізер еді.

– Текті ортада өсіпсіз. Өз отбасыңыз туралы не айта аласыз?

– Дәрігер үшін отбасының жөні бөлек. Өмір болған соң күні кеше өмірден озған Шерхан Мұртаза айтқан «Бір кем дүние» дейтін тұстар да болады. Сондай кезде көңілге медеу, жанға сүйеу болатын – мейірім шапағаты мол тоқсаннан асқан анам, жарым, ұрпағым, достарым, шәкірттерім. Жарым Баян да дәрігер. Құдайға шүкір, ұл өсіріп, немере сүйіп отырмыз.

– Алдағы жоспар-жоба, міндет-мақсаттар, осы кезге дейін қанша ота жасағаныңыз туралы, бұл істі атқара беру жағы, өзге де өзіңізді толғандырып жүрген мәселелер жайында айта кетсеңіз.

– Мақсат та, міндет те көп. Біз көбіне жетістігімізді айтамыз. Жоғымызды да түгендеп отыруға тиістіміз. Білім, ғылым, тәжірибе – осы үшеуі ұштасқан кезде жоспар да, жоба да іске асады. Оны интеграциялау жақсы жолға бастайды. Үш сала қатар дамыған жерде қандай аурудың болсын алдын алуға болады. Қазір радиохирургия саласын қолға ала бастадық. Бұл отасыз гамма сәулесімен емдеу деген сөз. Мұны медицинада «гамма-пышақ» не «кибер пышақ» дейді. Ота бар болғаны 40 минутқа созылады. Мидағы ісікті сәуле терапиясымен емдейді. Ми талшықтарына зақым келмейді, пышақ тимейді, қан шықпайды, дақ қалмайды. Бұл тәсіл дамыған елдерде жұмыс істеп жатыр. Біз де осыған жол аша бастадық. Ұлттық орталықтың қасында Назарбаев университетінің, Биологиялық орталықтың заманауи лабораториясы бар. Сырттан технология алмай-ақ соны тиімді пайдаланып, ғылымды көтерсек деймін.

Әлемдік ғылым мен білімнің өркендеуі ауруды емдеудің небір тиімді жолдарын тәжірибеге енгізіп келеді. Бір ғана мысал, өткен ғасырдың 80-жылдары нейрохирургияға қатысы бар кеселге шалдыққан адам болса, көзіңе өлім елестейтін. Қазір олай емес. Қатарға қосылып жатқандардың қарасы көп.

Бір ғана айтарым, әр азамат, әсіресе елдегі қандастар сырқаттың шеті біліне салып, дер кезінде дәрігерге қаралса, асқындырмай анықтаса, қандай ауру болсын оған тосқауыл қоюға жағдайымыз бар. Тәні ауырып, жаны күйзелген адамға шарапатымды тигізуді мен өзіме парыз деп білемін. Осындай мейірім жолын маған салған, өзім көзін көрген қазақтың жақсылары, ата-әжем, әке-шешем, ұлы ұстаздарым – Александр Коновалов пен Сергей Федоров деп білемін.

Жалпы, жасаған ота саны 5000-нан асып кеткен шығар. Бір күнде бір емес, бірнеше ота жасаған кездерім болды. Қайталап айтам, тағдырын қолыңа тапсырған қандай адамға болса да ота жасау оңай шаруа емес. Ойланатын кездерің көп. Тіпті кей тұста есеңгіреп барып, ес жиясың. Өз тағдырыңды ұмытып, науқастың тағдырына жаныңды саласың. Сен де, ол да адам. Екі үміт ота үстелінде тоғысып жататын кездер де болады. Алла қуат берсе, ота жасаудан қазір шеттей қоймаспын. Ұстазым Александр Коновалов 86 жасқа келді. Әлі де ота жасайды. Әйгілі хирург Борис Петровский 90 жасқа дейін, АҚШ елінің профессоры Майкл Дебейки 91 жасқа дейін ота жасағанын білемін. Бәрі де уақыт еншісіндегі дүние ғой.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сүлеймен МӘМЕТ

ЖАҢҒЫРҒАН ЖАҢА АТАУЛАР

Құрметті оқырман! Тіл – халық қазынасы, ұлт шежіресі. Қазақ әдеби тілінде 106 мыңнан аса сөз бар дейтін болсақ, әрбір қазақстандық азамат сол сөздердің мән-мағынасын біліп, таныса, шіркін, деп армандаймыз! Жаһандану мен рухани жаңғыру үдерістері қатар дамыған заманда көне ұлттық мұраларымызды тереңінен тани отырып, әлемдік озық технологиялар үрдісіне бейімделу қарқыны алқымдап тұрған кезеңде жастардың жасампаздық, ізденімпаздық қасиеттері арта түссе екен дейміз. Ендеше тіл арқылы жеткен қазақтың көне мәдени-тарихи құндылықтарын «Сөзтаным» айдарында таныстыруды бастағалы отырмыз. Өздеріңізге белгілі, бірқатар материалдарды «Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиядан алып, жариялап жүрміз. Себебі бұл энциклопедияда көпшілікке таныс емес, әлі жаңғыртылмаған тың деректер беріледі. Мысалы, арқажатар, қызкөтерер, уықшаншыр, үзікжабар, кебіссалар, балдыз көрімдік, босағаттар, кесек лақтырар, қара қымыз, күзем шай, келін шай, «кемпірдің жағын байлау» ырымы, «желдің жағын қарыстыру» ырымы, табақ шаңырақ, шабақ шаңырақ, т.б. Міне, осындай атаулар мен ұғымдарды көнекөз қариялар білмесе, Кеңес үкіметінде өмір сүрген жастар біле бермейді. Энциклопедия авторлары кітапты жасақтау барысында жан-жақты ізденгені байқалады. Энциклопедияның өзі қазақ тілінің шексіз байлығын һәм ерекше қолданыстық икемділігін тағы да дәлелдей түсті. Ұлттың рухани асыл қазыналарын бес томдық кітаптың қойнауына сыйғызды. Демек, ұлттық мәдениетімізде бар және болған дүниелерімізді жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету – ұлтты сақтау, ұлттың тұтастығын сақтаумен тең.

Бүгінгі «Сөзтаным» айдарында осындай тың дүниелерді жинастырып, оның мән-мағынасын түсіндіріп жазған энциклопедист-ғалымдармен сұхбаттасуды жөн көрдік.



Нұрсан ӘЛІМБАЙ, «Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясының ғылыми редакторы, жоба жетекшісі, тарих ғылымының докторы, профессор

– Нұрсан аға, этнографиялық энциклопедия құрастыру идеясы қалай қалыптасты?

– Ғалымдардың міндеті – ана тіліміздің табиғи-тарихи қолданыстық кеңістігін қалпына келтіру арқылы оның әлеуметтік-рухани қауқарын қамтамасыз етуге қалқадері жеткенше атсалысу. Әйтпесе, ана тілімізді «өлтіріп» алуымыз әбден кәдік. Өйткені тіл де – күтіп-баптауды қажет ететін өзінше тірі организм. Соның ішінде, этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың әрқайсысының төлтума этномәдени ортадағы болмысы мен бітімін келешек ұрпаққа сол қалпында жеткізуді арман еттік. Осындай арманның арқасында этнографиялық энциклопедия құрастырылды.

– Энциклопедияда бірата ұғымы туралы қызықты мәлімет берілген екен. Демек, бірата балалары – бір ауылдың тұрғындарымен тең болғаны ма?

– ***БІРАТА*** – екі-үш ұрпақтан (ата – әке – бала) тұратын патронимиялық құрылым. Иә, ертеректе ауылдың негізгі әлеуметтік ұйытқысы екі-үш ұрпақтан тұратын біратаның әулеті болған. Үлкен күшті қажет етпейтін күнделікті шаруашылық, ғұрыптық және тұрмыстық қарекетті бірата балалары атқарған. Ал ауқымды өндірістік операциялар мен рухани, тіпті саяси жағынан да аса маңызды, әрі көлемді ғұрыптық немесе мерекелік шараларды бірнеше біраталар бірлесе атқарып отырған. Деректер бойынша біраталы бай әулеттер ауылы орта есеппен 9-15 шаңырақтан, орташа ауыл – 5-8, біраталы кедей ауыл – 2-3 шаңырақтан тұрады екен. Алайда жылдың жылы мезгілі – жаз айларында жайылымдағы шөптің құнарлылығы мен өсімталдығы ерекше артқан кезеңде бірнеше біраталар уақытша бірігіп, үлкен ауылға айналып отырады. Қазақта асарға шақыру, асарлату деген түсінік бар. Қазақ ауылында бір отбасының қолынан келмейтін күрделі, көлемді жұмыстарды атқару үшін бірнеше ауылдың адамдары асарға шақырылады. Асарға шақырылғандар еңбегі үшін төлемақы талап етілмейді.

Асарға шақырушы адам оларға жақсы ас әзірлеп, дастарқан жаяды. Бұл – ұжымдасып жұмыс істеудің үлкен бір көрінісі. Асар – біраталардың бірлесе атқаратын қарекеті. Демек, бірата – ұғымы ауылдас, рулас ұғымдарымен пара-пар. Сондықтан бірата – жетіаталық экзогамиялық ру-қауымның негізгі құрамдас бөлігі деп саналады. Бұл деректер арқылы жастарға руға, біратаға бөліңіндер деп жатқаным жоқ. Керісінше, қазақы дәстүрде ұжымдасудың бастамасы қалай болғанын, ауыл бірлігінің мәні неде болғанын, біратаның жалғасы территориялық, демографиялық жалғастығына қарай жетіаталық қауымға, рулық қауымға, мемлекеттік қауымға дейін ұласып, жердің кеңдігі, жайылымның кеңдігі, ауылдың көптігі қалай сақталғанына дәйек болады деп есептеймін.

– Құлаққесті құл ешқашан бостандық берілмейтін, еркі жоқ құл деп танылады. Не себепті құлаққесті деп аталады?

– Көшпелі ортада құлдардың еңбегін пайдалану тиімді болған жоқ. Осыған байланысты құл мен күңнің еңбегі «ошақ басы, от қасы» деңгейінде ғана болды. «Жеті жарғыдағы»: «Қазақ қазаққа құл, күң болмайды. Қазақтың мұсылман-сүнниттерді құл болғызуға хақысы жоқ» деген заң қатаң сақталған. Ал жаугершілікте қолға түскен немесе шеттен әкелінген діні мен ұлты басқа құлдарға ертеде малға ен салған тәрізді құлағын кесіп белгі салған. «Құлаққесті құл» деген ұғым осы жайтқа байланысты қалыптасса керек. Дәстүрлі қазақы ортада өте мұқтаж немесе отбасына жақындарына төнген әлдеқандай қауіп-қатер жағдайында өзі кіріптар болып отырған біреуге сөзі өтуі үшін құлағымды кесіп берейін деп айтатын ант ретінде жүретін тұрақты сөз орамы басыбайлы құлың болып кетейін дегенді білдірсе керек.

– Энциклопедияда қазақтың дәстүрлі әдет-құқығына қатысты ұғымдарға, яғни көне дәуірде айыпкерге тағылатын жаза атауларына сипаттама берісіз. Оқырмандар үшін бұл да қызық болар.

– ***МОЙНЫНА ҚҰРЫМ ІЛУ*** – қазақтың дәстүрлі әдет-құқығында масқаралау жазасының бір түрі. Ар жазасының мұндай түрі моральдық-этикалық нормаларды бұзған, ата-баба жолына жат ерсі қылық жасағандарға қолданылған. Шектен шыққан тентектің бетіне күйе жағып, мойнына құрым ілген соң есекке немесе қара сиырға теріс мінгізіп, ауылды аралатады. Мұндай жазадан соң жазықты болған адам көбінесе басқа жаққа қоныс аударып кететін жайт жиі орын алған.

– ***МЫҒАУ / МЫҒАЙ ЖАЗАСЫ*** – сатқындық немесе опасыздық жасағаны үшін берілетін жаза түрі. Көбінесе жақыны мен досына опасыздық жасағанға, елін сатқан сатқындарға қолданылған. Мұндай жаза кесілген адамның аяқ-қолы байланып, ағашқа немесе керегеге таңылады. Егер ол адам сарбаз, жауынгер болса үш жерден шаншылған найза астына тізерлей отырғызылып, мықшита баса отырып, найза басын буып қояды. Жиылған жұрт оның бетіне түкіріп, лағынет айтып, қарғыс жаудырады, қариялар теріс бата оқиды. Қолданылуы жағынан «етегін кесіп (тіліп) елден қуған» деп аталатын жаза түріндегідей туыс-туғанынан ғана емес, елі-жұртынан да аластатылып, адам қатарына қоспай, қаңғытып жібереді. Содан көз көріп, құлақ естімейтін алысқа кетіп, басқа атпен (есім) бөгде ортаға барып, ол жақта жоқ бір рудың атын жамылып, кірме болып сіңіп кетеді.

Нұргелді УӘЛИ, энциклопедия авторларының бірі, филология ғылымының докторы, профессор

– Нұргелді аға, сөз ұстағандар мен ырыс баққандар деген кімдер?

– ***СӨЗ ҰСТАҒАНДАР*** – дәстүрлі қазақы ортада күллі би атаулының жалпы атауы. «Аталы сөзге тоқтауды» өз тіршілігінің қағидасы ретінде ұстанған қазақы орта сөз ұстағандарды ерекше құрмет тұтатын. Сонымен бірге бұл категорияның әдет-ғұрыптық іс-тәжірибеде өзіндік процессуалдық функциясы да болады. Көрнекі мысал ретінде дауласушы белгілі бір жақтардың сөзін сөйлеуге өкілдік алған билердің сөз ұстаған деген өзіндік бейресми құқықтық статусқа ие болғандығын айтуға болады. Яғни рубасы ақсақалдар, билер даудың түріне, сипатына қарай кеңесе келіп, сөз ұстаған би етіп кімге өкілдік беруді шешеді. Өйткені билердің де құқықтық қатынастың белгілі бір қырына аса жетіктері болады. Мысалы, жер дауына өз заманындағы ел мен жер тарихын әріден қозғайтын, ондағы даулардың құқықтық тәжірибеде қандай жолдармен шешілгенін жетік білетін билер өкілдікке лайық деп танылса, жесір дауында осы саланың мән-жайына аса қанық билердің біріне тоқталып, сөз ұстауға өкілдік береді.

Сөз ұстаған билер, негізінен, жер дауы, жесір дауы, мал-мүлік дауы сияқты рулық, руаралық қатынастағы көлемді дауларды шешуге қатысады. Белгілі бір даудың билер төрелігінде қаралуынан бұрын алдымен қарсы мәлім болады. Қайсыбір сөз ұстаушы билер төрелік кезінде қарсы жақтың тосылар тұсын қалт жібермей, қапысын дәл андиды. Ұстанған дәйектері мен бұлтартпас дәлелдері мықты сөз ұстағандарды шөгел табан би дейді. Төрелік шешім жасауға түрлі дәлелдер мен деректер, берілген куәліктер мен айғақтар толымды әрі жеткілікті болған жағдайда, төрелік жасаушы төбе би немесе ара би «сөзге көлденең беріңдер» дейді. Сөзге көлденең беру қолданысы «сөзге тоқтау» деген ұғымды аңғартатын сыңайлы.

Сөз ұстағандар, негізінен, қарсы жақты мұқатып «жығу» емес, ең алдымен, ата-баба жолын негізге ала отырып, ел ішін бүтіндеуді, дау-шарды өршітпеуді көздейді. Сөйтіп, олар жеке бастың немесе жеке бір рудың намысы мен атағына жығылмай ел мүддесін жоғары қойып, ұлы үш би – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағидатын берік ұстанады.

ЫРЫС БАҚҚАНДАР – адамның, ел-жұрттың күнкөрісіне деген ең қажетті, аса керекті заттарды өндірушілер. Ырыс – «игілік», «береке», «байлық» ұғымымен астас болып бір өріске жататын мәдени-тілдік бірлік.

Қазақ тұрмысында адамның ішіп-жемін «азық-түлік» деп жинақтап айтады. Мұндағы азық – егіннен алынатын, ал түлік – төрт түлік малдан өндірілетін өнім. Ырыс баққандар (ұстағандар) деп, ең алдымен, халық қойшы, жылқышы, түйеші, сиыршы, егіншілерді атаған. Бұлардың еңбегі еш кемсітілмеген. Күнделікті тұрмыста олар қатардағы қарапайым жан болып көрінгенімен, қазақтың байырғы ертегі, әпсаналарында малшы да, егінші де ақылды, адал, әділ жан түрінде сипатталады. Өйткені олар – өмірлік ең қажетті игілікті өндірушілердің бірі. Сондықтан да «қой семізі – қойшыдан» деп, оның еңбегіне оң баға береді. Ондай игілікті еңбек иесін шопан деп бағалауыш атаумен атайды. Жылқышы, түйеші, сиыршы жөнінде де осыны айтуға болады.

Азық өнімдерін өндірушілерді, егіншілерді ырыс баққан деп, олардың бейнеті ауыр еңбегін жоғары санап, диқан деген бағалауыш мәнді атаумен арнайы атаған. Егінші, малшы қауымның таңның атысы, күннің батысы тыным таппай жасаған бейнетті еңбегі елдің ырысына айналып отырған, сондықтан халық оларды ырыс баққан, ырыс ұстаған жандар атандырған.

– Тілімізде замандас, замандас болу деген сөз қолданыс бар, ал тұрғылас, тұрғыластық ұғымы осымен мағыналас атау ма?

– ТҰРҒЫЛАСТЫҚ – қазақ халқын құраған ру-тайпалардың, оларды басқарған тұлғалардың атақ-дәрежесіне қарай деңгейлестігі. Қазақ қоғамында қалыптасқан дәстүр бойынша, жас мөлшері қарайлас адамдарды олардың атақ-дәрежесіне, лауазымына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, құрдас, құрбы деген. Ал ру, тайпада тұрғыластық жас, жыл, сан мөлшерімен өлшенбейді. Мысалы, қазақтың ру-тайпалары кейбір деректерде Алаша хан тұсында Ұлы жүзге, Орта жүзге, Кіші жүзге біріктірілген. Ұлы жүзді Үйсіннің, Орта жүзді Арғынның, Кіші жүзді Алшынның билігіне берген, яғни Үйсін, Арғын, Алшынның атақ-дәрежелері – тұрғылас. Сонымен қатар олардың басты билері болған: мысалы, Үйсіннің басты биі Жалайыр, Арғынның басты биі – Найман, Алшынның басты биі – Жаппас делінеді. Бұл ретте дәрежесі жағынан Жалайыр, Найман, Жаппас өзара тұрғылас.

Негізгі билік Үш жүздің тұрғылас басты бектерінде болған. Олар жылына екі мәрте хан алдында елдің ахуалы жайында есеп беріп отырған. Бір жағы тарихи деректерді, сондай-ақ ел ішіндегі әңгіме-әпсаналарды бір-бірімен ұштастыра қараған белгілі тарихнамашы Құрбанғали Халиди Үйсін ұлдарының ішінде аршындысы Жалайыр, Алшын балаларының ақылдысы Жаппас болған соң, атағанда балаларымен қатарластыра «Үйсін-Жалайыр, Алшын-Жаппас деп қосарлана айтылады» дейді.

Күллі қазаққа Әз Тәукенің үлгілі үш биі атанған үйсін Төле би, арғын Қазыбек би, алшын Әйтеке би жас мөлшеріндегі айырмашылыққа қарамастан, ел басқарушылыққа тұрғылас болған.

Сонымен, жас шамасы қарайлас адамдарды, атақ-дәрежесіне, ру-тайпасына қарамай, құрдас, құрбылас десе, ру-тайпалық қатынас жүйесінде атақ-дәреже деңгейінің қатарластығына қарай тұрғылас дейді.

– Нұргелді аға, энциклопедияда «Қасам ішу» ұғымы туралы мақала жазған екенсіз. Қасам деген не, қасам ішу деген не? Көпшілікке таныс емес бұл ұғым туралы айтып берсеңіз.

– ***ҚАСАМ ІШУ*** – әдеттік құқықта кінәлі деп күдікке ілінген адамның айыпты емес екендігіне кепілдік беруі, ант етуі. Атаудың түптөркіні араб тіліндегі хасам – ант, серт деген мағынадан туындаған, яғни қасам ішу ант беру немесе әдеттік құқықтағы жан беру, жанға салу немесе жансадақа деген ұғымдардың баламасы ретінде айтылады. Күдіктінің қылмысты екенін дәлелдейтін куәгер болмаған жағдайда оған және оның үстінен арызданушыға қасам ішу мүмкіндігі беріледі. Оны ел арасында адалдығымен танымал адам мойнына алады. Бұл рәсімді жауапқа тартылған адам мен арызданушының біреуі немесе оларға кепіл беретін адам атқарады. Қасам ішудің ерекшелігі Жаратушы атын және иманы атынан ант береді. Кейбір ауызша деректерде жылқының терісінің астында болатын безден алынған сұйықты ішкізген дейді. Жалған кепілдік жасап, ондай қасамды ішкен адам, Жаратқанның қаһарына ұшырап өліп кетеді немесе ұрпағы бақытсыздыққа душар болады деп есептеген.

Рүстембек ШОЙБЕКОВ, энциклопедия авторларының бірі, филология ғылымының докторы, профессор

– Рүстембек аға, киіз үйге қатысты қандай қызықты деректер анықталды?

– Мысалы, ***ЖАБЫҚ*** – киіз үйдің уығы мен керегесінің түйіскен жерінен жоғары, туырлық пен үзіктің беттескен ғұрыптық мәнді тұсы. Дәстүрлі ортада жиын-той болғанда, құрметті қонақ, әнші, сал-серілер келгенде, үйге сыймаған адамдар жабық арқылы олардың өнерін тамашалайтын болған. Алыстан ит даусы немесе аттың тұяқ дүбірі білінсе, үйден шықпай-ақ жабықтан қарай салып, бақылау жасаған. Қазақтың танымы бойынша жабық өзіндік және өзге екі әлемді біріктіруші немесе жіктеуші шекара іспеттес. Осыған орай оның дәстүрлі тіршілік цикліне байланысты өзіндік ғұрыптық функциялар атқарды. Мәселен, үйлену жосын-жоралғысында ұзатылатын қалыңдықтың құрбылары сыртта тұрып түрілген жабық арқылы іште отырған қалыңдықпен қоштасып, жар-жар айтқан. Сондай-ақ қалыңдық жеңгелері қалыңдығын алып кетуге келген күйеуді үйге кіргізбей, жоралғы жолымен кәдені мол сұрап қинаған жағдайда, күйеу жігіт алдын ала дайындалған жабықтың саңылауынан ішке енеді. Бірақ қалыңдығын міндетті түрде есіктен ғана алып шығуына рұқсат етіледі. Өйткені кез келген адамның үйдің есігінен басқа тұстан шығуы жамандыққа баланады. Сонымен бірге жабық саңылауы арқылы кіріп-шығу ерекше жағдайда ғана болып тұрды. Мысалы, отбасында бір жылда екі қыз ұзатылғанда немесе екі келін түскенде, екіншілері осы жабық арқылы ұзатылып-түсетін болған. Бұл үрдістің семантикасы әлі күнге дейін зерттелмеген тың тақырыптардың қатарына жатады.

ҮЗІК ҮЙ – киіз үйдің үлкен түрінің батыс қазақтары тіліндегі атауы. Этнографиялық деректер бойынша, үзік үй – үзігі мен туырлықтары бөлек жасалатын үй. Үзік үйдің шаңырағы көтерме туырлықты үйден әлдеқайда үлкен және уықтар саны одан екі еседей көп болады. Үйдің бұл түрі батыс, орталық өңірлер мен Қырғызстан мен Моңғолияда кездеседі.

ТУЫРЛЫҚТЫ ҮЙ – төрт қанатты, уықтары кішігірім шаңыраққа қадалатын, тек туырлықтармен жабылатын жол үй түрі. Кейде малшылар мал соңынан көшіп-қонып жүргенде екі керегенің басын қабыстырып, жалғыз туырлықпен жауып баспана еткен. Кей жерде туырлық үй деп 3-4 қанат керегеден кішкентай шаңырақтан тұратын, уық пен кересесі туырлықпен толық жабылып, сыртынан екі жерден белдеу арқанмен тартып байланатын үйді айтқан. Кей аймақтарда туырлықты үйді көтерме туырлықты үй деп атайды.

ТУЫРЛЫҚСЫЗ ҮЙ – туырлықсыз тігетін 5-6 қанат үй. Туырлықсыз үйдің төбесіне үзік пен түндік қана жабылады. Туырлық тұтылмайды. Оның орнына қамыстан тоқылған, бойра деп аталатын ши тұтылады. Туырлықты үй жазда ыстық болады, сондықтан ыстық өңірлерде туырлық орнына ши ұстағанда, самал соғып, үйді салқындатып тұрады. Уық пен шаңырақтан тұрғызылған үйді Алматы, Жамбыл облыстарының кейбір аудандарында ***алтаяқ*** деп атаған. Мұндай үйде кереге болмайды. Оның құрылысы зерттеушілердің айтуынша, кейде абылайша аталатын үйге, кейде кеуде үй дейтін үй түріне ұқсайды.

КЕУДЕ ҮЙ деп, киіз үйге қатысты зерттеулердің дерегі бойынша, кейбір өңірде шаңырақ пен уықтан тұратын, туырлық бөлігі тігілмейтін үйді атаған. Кеуде үйдің бір ерекшелігі: шаңырағы кішірек, уықтары ұзын болады. Күнделікті тұрмыста кеуде үйдің жатаған кеуделі үй, еңселі кеуделі үй деп ажыратылатын түрлері қолданылған. Жатаған кеуделі үйдің шаңырағы үлкендеу, уықтарының ұзындығы орташа болады, ал еңселі кеуделі үйдің шаңырағы кішкене, уықтары ұзындау болады.

Торкөз керегелі үй – кереге көзі жұдырық сиярлықтай ғана үй.

Желкөз керегелі үй – керегесінің көзі қос жұдырық сиярлықтай көлемдегі киіз үй.

Бейбітқали ҚАҚАБАЕВ, энциклопедия авторларының бірі, этнограф

– Бейбітқали аға, төрт түліктің ішінде жылқы малына қатысты тың деректерді айтып берсеңіз.

– ***ЖЫЛҚЫ*** – дәстүрлі қазақы ортада төрт түліктің төресі деп ерекше қастерленген атауы. ***АТ*** – алты жасқа келген, денесі толысып жетілген, піштірілген, қолға үйретілген, мініс пен шаруашылықта қолдануға жарамды жылқы. Оны салт мінуге, арба-шанаға жегуге, әртүрлі шаруашылық жұмыстарға көлік ретінде пайдаланған. Мініс көлігі болатын арнайы атты құлын кезінен бастап баптап өсірді. «Ерді аттың естісі теңейді» деген ұстанымды қастерлеген көшпелілер Аттың есте сақтау қабілеті мен сезімталдығын ерекше жоғары бағалады. Расында да, жақсы ат ауа-райы мен жер рельефінің өзгеруін, өзі үйренген жайылымды, елді мекенді адаспай тауып алатын есті жануар ретінде үлкен құрметке бөленді. Дәстүрлі ортада аттарды қолданыстық және этномәдени мәніне қарай *төл ат, сүндет ат, бетжүздік ат, тұл ат* және т.б. түрлерге бөлген (қазақтар бір киер киімді де бетжүздік киім деп атаған). Қазақы ортадағы әскери категориялар – қолбасшылар, батырлар, тіпті қарапайым сарбаздардың өздері де әбден сұрыпталып, сыннан өткен аттарды мінген. Яғни «томаға бойлы қасқа азбан, ерте шапса кешке озған» сынды асқан жүйрік, алыс жүріске мықты да, төзімді, иесінің «тілін білетін» епті де елгезек, шайқасқа төселген жануарлар болды. *Абылайдың жирен қасқа арғымағы, Қанжығалы Бөгенбайдың үкілі торысы, Қаракерей Қабанбайдың Кубас торысы, Шапырашты Наурызбайдың торы аласы, Уақ Бармақтың қанаткері, Керей Ер Жәнібектің көк дөнені*, *Райымбектің Көкмойнағы* сияқты талай жорықтар мен жортуылдардың куәсі болған «ер серіктерінің» атақ-даңқы аңызға айналып, қазақ даласына жайылды. Ат төзімділігіне, күштілігіне, мықтылығына, жүйріктігіне, жүрісінің сипатына және дене тұрқына байланысты бағаланды.

АТМАЙЫ – кедей-кепшіктің ауқатты адамдардан мініске, көші-қонға, арба-шанаға жегуге, т.б. жұмыстарға уақытша пайдалануға алған ат үшін төлейтін ақысы. Қайтарған кезде ат күйсіз, арық болуы да мүмкін, оған иесі ешқандай уәж айта алмайды. Себебі алған адам атмайын төлеп отырған. Ең бастысы, атты мертіктірмей, сау күйінде қайтару керек. Қазақ жылқысының басты қасиеті – тез ет алып, күйлі болып кетеді. Ауқаттылардың малын не жұмыс күші ретінде, не сауын малы ретінде сұраушылар, әсіресе ел жайлауға қонғанда көбейеді. Осы кезде байлар атмайын беріп, кедейлердің көштен қалмауын қадағалайды.

БЕКІ – шілдеде орман-тоғайда жайылған жылқыларда кездесетін ауру. Жаздың ыстығында қозып, түнде толастап, күндіз ауыртатын, шоқтық, қол, арқа, сауыр тәрізді етті бөлігінен қан тамшылап білінетін ауру. Жылқышылардың айтуынша, тай-құнандар сақаумен, кәрі жылқылар бекімен ауырған. Мұны кейбіреулер қанның тазаруына жорыса, емшілер оны ой жердегі бөгелектен, қара ала шыбыннан жұғатын ауру дейді. Оны даулау үшін қабыршақтанған жараның аузын тіліп қанын ағызып, айранның сары суымен жуып тазалайды да, тезектің ыстық күлін сеуіп отырған.

БУНАУ – жылқы күзегенде ойып-ойып керте күзеу тәсілі. Жылқының жал құйрығын күзегенде сәнін кетірмес үшін ара-арасынан сиретіп, селдірлетіп қана алады. Құйрықтың ұзындығын шартты түрде төртке бөледі де, аламайының қыл түбінен бастап, ұзындығы екі-үш қарыстық әр бөлікті ұшына қарай алдыңғысынан жіңішкерте күзейді. Ең ұш жағындағы қылды сәукеленің шоғындай күлтелендіріп, «шыбынқағар» қалдырады.

БҰРЛЫҒУ – жылқыны мініске дұрыс пайдаланбаудан пайда болатын ауру. Бұрлығу, топқазы және қарта түйілу деген аурулар жылқы малында тез өршитін аурулар қатарына саналады. Семіз атты қинап міну, жарауы мен бабы дұрыс болмаған атты бәйгеге қосу, саятқа салу жылқыны бұрлығу ауруына шалдықтырады. Ұзақ жүріске жақсылап оттатып, суарып шықпаудан аттың ішек-қарны босап, екі қазысы бүрісіп, бір-біріне килігуден топқазы ауруы өршиді. Аттың ішек қырындысы жұқарып, боқ-жыны азаюдан қартаға жел толса «қартасы түседі». Осы ауру түрлеріне шалдыққан аттың аузы ашылып, көзі алақтап, бұлшық еттері дірілдеп, кежегесі тартып, аунап түседі де, аяқтарын сермеп, қабырғасын тістей береді. Мұндайда аттың сауырына, жаясына дереу суық су шашып, тік ішегіне темекі тығады. Бұрлыққан, топқазы болған аттардың жемін біртебірте көбейте отырып азықтандырады, сиырдың жапасын немесе жылқының жас бопайын сүтке езіп жұтқызады, жаңа сойылған қойдың жынын, жылы қанын береді. Ұдайы көкке тойынатын, ішіндегі боқ-жыны алмасып отырған ат мұндай ауруларға шалдықпайды дейді қариялар. Дәстүрлі ортада оны тексерудің қалыптасқан тәсілі – жылқының бопайын (құмалағын) ұстап байқаған, арасына жел жүгірген бопайдың ұмалып, өзінен-өзі сынып кебірленіп тұратындығынан айырған.

Құрметті оқырман, тарихшылардың, этнологтардың, тілтанушылардың, фольклортанушылардың көп жыл бойы бірлесе атқарған ізденістерінің нәтижесінде дүниеге келген бұл мәліметтер сіздерге көмегін тигізеді деп ойлаймыз.

Бетті дайындаған
Айгүл ӘМІРБЕКОВА,
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
Лексикология бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымының кандидаты

Жақында қоғам және мемлекет қайраткері, көрнекті әдебиет сыншысы Сағат Әшімбаевтың ІІІ томдық шығармалар жинағы марқұмның аяулы жары, белгілі жазушы Шәрбану Бейсенованың құрастыруымен «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан жарық көрді. Кез келген қайраткер азаматтың өнбойында көбінесе елі елеріктей бірнеше қабілет-қасиеттің болатыны баршаға мәлім. Бұл тұрғыдан келгенде Сағат замандасымызды халқымыз, ең алдымен, әдебиет сыншысы деп таныды. Ал нағыз әдебиет сыншысының елінің арын арлаған, халқының қамын қамдаған, жүрегі елім деп соғатын азаматтар сойынан болатындығына шүбә жоқ. Сондықтан да Сағат барлық уақытта да елінің назарында жүрді. Ол қандай қызметте отырса да, оны оқырман қауым рухани қазынамыздың иелерінің бірі болып саналатын – ақындар мен жазушылар шығармаларының сапасын тап басып, мүлт кетпей анықтайтын зерделі ой иесі – әдебиет сынының сардары деп тани білді. Халық жаңылысқан жоқ.



Арманы аласармай өткен азамат

Сағат Әшімбаев әдебиет сынына ат басын тіреген уақыт – өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғы болатын. Бұл атақты қаламгер, жеті жұрттың тілін білетін, әлемдегі адамзат баласы бастан кешкен барлық қоғамдық формациялардың хал-күйіне айна-қатесіз баға бере алатын кісі деп есептелетін Илья Эренбург «Оттепель» деп, қазақ қауымы «жылымық» атайтын Н.Хрущев дәуірімен жалғасқан тұс еді. Ол кезде, әрине, Н.Хрущев тағынан тайған (1964 жылдың күзі) уақыт. Бірақ «жеке басқа табыну дәуірі» сыналған заманда әдебиетке келген А.Вознесенский, Е.Евтушенко, Р.Рождественский секілді жаңа үнді, орыс тілді ақындар шоғыры мен әдебиет сыншылары өздерінің шығармашылық жолдарын жалғастырып жатты. Қазақ әдебиетінде де еркін ойлы біраз қаламгерлер бар болатын. Олардың дені жастар еді. Әйтсе де сол уақытта олардың бәрінің бірдей айдарынан жел есіп тұрмағаны хақ-ты. Бірақ бозбала жігіт Сағаттың шешімі нық болды. Ол алғаш кездесіп тұрған, өзіндей бірінші курстың студенті, қазіргі қабырғалы қаламгер Нұрлан Оразалинге «Мақсатым – сыншы болу» депті. Қолында атақты әдебиет сыншысы Мұхаметжан Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар» деп аталатын жасыл мұқабалы кітабы (С.Әшімбаев. Шығармалары. ІІ том, 8-бет). Қызық! Бар болғаны өзі І курстың студенті. Алға қойған мақсаты жаңағыдай. Биік! Ол осы биік мақсатын сол жылы белгілі қаламгер Әубәкір Нілібаевқа да айтыпты.

– Қазір ойлап отырсам, егер адам баласы, – депті Әубәкір Дастанұлы: – Алдына анық бір мақсат қойып, оны орындап шығу үшін күресе білсе, ойы орындалары сөзсіз екен. Әлі есімде, менің Алматы облыстық «Жетісу» газетінің әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып істейтін кезім. Бөлмеге бір жап-жас жігіт имене кіріп келді. Қызыл шырайлы, бойшаңдау. Қара көздері мөлдіреп, күлімсіреп тұрған жылы өңді, ауылдың кәдімгі момын да инабатты бозбаласы. Ол жасы едәуір үлкен менімен бірден-ақ ашық сөйлесіп, бір сәтте:

– Аға, қазіргі әдебиет сынына көңіліңіз тола ма? – деді.

– Толмайды, – дедім мен жап-жас балаң жігіттің тосын сұрағына іштей таңданып.

– Дұрыс айтасыз, аға! Қазіргі сынымыз өте төмен деңгейде. Ал мен осы сын мәселесін көтеруге атсалысам... Көресіз, айтқанымды орындап шығамын.

ҚазМУ-дің бірінші курсында оқып жүрген Сағат сол айтқанында тұрды. (С.Әшімбаев. Шығармалары. ІІІ том, 297-298 беттер).

Осы ретте Сағаттың сол уақытта ақын болам немесе қара сөздің майталман шебері үлкен прозашы болам демей, өзін әдеби сынның жүгін көтерер азамат болам деп, замандас қатарлары мен алдыңғы толқын ағаларына сөз беруінің сыры неде деп ойлансақ, ең алдымен ол, оның сырт көзге момын көрінгенімен ішінде лапылдап тұрған ерекше қуат көзі мол қайсар мінезділігінен деп ойлаймыз. Ал әдеби сынның барлық уақытта да халықтың сұранысында болатындығы, сірә, белгілі. Бірақ Сағат сыншылыққа ерекше сұраныста болатындығына бола барған жоқ. Ол, ең алдымен, біздің ойымызша, елдік санаға қызмет етуді мақсат тұтқандықтан да осы жолды таңдады. Сөйтіп, оның еңбек жолы бірден әдеби сыннан басталды.

Өмірді біреулер «күрес» дейді, біреулер «еңбек» дейді. Осы тұжырымдардың қайқайсысының да дұрыс сөз екендігіне шүбә жоқ. Бірақ күрестің де түрі көп, еңбектің де түрі көп. Соның ішінде әдебиет сынында жүрген еңбеккердің еңбегінің кіреукелі сәттері шаш етектен. Өйткені әдеби сынның «өзегі толы от жалын» дегендей, өзекті проблемалары көп. Осы көп мәселелер қай жұрттың әдеби сынында да ақи-тақи түгелдей шешіліпті дейтін әңгіме жоқ. Олай болатын себебі әдеби шығармашылық әлемі апталап, айлап өнім беріп жататын тентек мінезді қайнар көздердің сан-тараулы сағасы секілді. Міне, Сағат Әшімбаев сынды жас сыншы өзінің бар мүмкіндігін жұмсай отырып, осы күрмеуі күрделі процестің сан алуан мәселесіне тәуекел етіп қалам тартқан қайраткеріміз болатын. Әрине, жас сыншының алғашқы мақалаларының көлемдері шағын. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып жатқан, елге белгілі көрнекті ғалым Мұхаметжан Қаратаевтың қос томдық еңбегіне білдірген лебізі де, «Жастар сыны туралы бірер сөз», «Әдебиет көкжиегі кеңейе береді», «Міндетін орындаған еңбек», «Дала балладалары», «Мұрат алды – ізденіс», «Сұлулықсыз өлең тұл», «Салиқалы сөз, соны із», «Сырлы толқын» атты 1967-69 жылдар аралығында жарияланған мақалаларының қазіргі І томға еніп отырған көлемдері 3-5 беттен аспайды. Бірақ осында алды бір-екі кітап шығарған, соңы тек баспасөз бетінде жаңа көрініп жүрген Әбіш Кекілбаев, Төлен Әбдіков, Мұхтар Мағауин, Жұмекен Нәжімеденов, Зейнолла Серікқалиев, Асқар Сүлейменов, Оразбек Сәрсенбаев, Рымғали Нұрғалиев, Сайын Мұратбеков, Дулат Исабеков, Әнес Сараев, Сатыбалды Нарымбетов, Қарауылбек Қазиев, Тынымбай Нұрмағамбетов, Сәбит Баймолдин, Марат Отаралиевтардың шығармаларының тек аттарын атап немесе әдебиетке осындай жақсы қаламгер келген екен деген секілді жалпылама сөзбен емес, олардың шығармашылық тұлғалар ретінде ел тануы тиіс деп біледі. Мәселен, Сағат: «Осыдан біраз уақыт бұрын Асқар

Жұмат ТІЛЕПОВ,
филология ғылымының докторы, профессор

Сүлейменов сын мақалалар жазуға бой ұрып жүрді. Жазғандары сауаттылығымен салмақты еді. «Түр туралы сөз», «Жас прозаиктер туралы» мақалалары білімді жастың қолтаңбасын, әдебиет туралы мағлұматы, түсінігі мол, эстетикалық позициясы бар сыншылық таланттың толғаныс-тебіренісін танытқан-ды... Белгілі бір шығарма хақында тым өткір сынап жіберді ме (біз ондай жасты жақтырмаймыз ғой), бүтіндей қақпайланып, зым-зия жоқ болып кетті. А.Сүлейменов қазақ әдеби сынына керек талант. Мұны Асқар да, басқа да жете түсінуі ләзім» десе, ал сыншылық жолда «көркем шығарманы көбінесе бір образды үңги қарау арқылы талдайтындығымен» өзгешеленетін Зейнолла Серікқалиевтің, сондай-ақ Ғабит Мүсіреповтің «Өмір жорығы» әңгімесі туралы ешкім тіс жарып, үн қатпай жатқанда туындының көркемдік қуатын дәл басып, оны үлкен новеллистиканың қатарына қосқан батыл пікірлі Рымғали Нұрғалиевті де сын майданынан соңғы кезде көре алмай жүрміз деп, олардың шығармашылық тағдырларына алаңдайтынын білдіреді. «Сонымен, – дейді автор, – сөзіміздің қорытындысына келсек, жастар сынына проза мен поэзиядағы мол творчестволық қамқорлықтың бірде-бірі бұйырмаған. Сондықтан да шығар, ойлы, отты, жастардың біразы бұл салада табан тіреп тұрақтай алмай жүргені. Міне, осы себепті жастар сыны сылбыр, онда қозғалыс баяу, қимыл аз... Әдеби сынды – тәрбиеші емес, сойылшы деп қабылдау басым. Жас сыншылардың осынау үлкен өнерден сырғақсып кетуі бір жағынан осыған да саяды» (С.Әшімбаев. І том, 21-23-беттер).

Бұл – ілгеріде әдебиет сынының басыбайлы маманы боламын деп алдына таудай мақсат қойған жас сыншының баспасөз беті арқылы ең алдына шығып тұрып айтқан алғашқы әрі батыл, әрі жүрекжарды ақиқат сөзі болатын. Сонымен бірге бұл 21-22 жастағы жас адамның алға ұстанған азаматтық принципіне куәлік беретін тұжырым еді.

Сағат Әшімбаев өзімен қатарлас тұрғыластарына қарағанда, сөз жоқ, әдеби сынды, соның ішінде қазақ әдебиетінде еңбек етіп жүрген сыншылар қауымының шығармашылығын кеңінен қарастыратындығымен ерекшеленетін. Оның «Сыншыл ой туралы сыр», «Бір проблема, бес толғам», «Проблемалар мен міндеттер немесе соңғы жылдардағы сынға көзқарас», «Сыншыл ой сипаты», «Сын – жауапкершілік һәм бәріне жауап берушілік немесе әдебиет сыншыларының адамзат болашағы үшін жауапкершілігі жайлы сұхбат» (С.Әшімбаев пен Әлия Бөпежанованың диалог-сұхбаты), «Сыншыл ойдың сымбаты немесе сексенінші жылдардағы сынға көзқарас» атты еңбектері – соның бір дәлелі. Осынау жай ғана мақалалар тізімінің өзінен-ақ Сәкең марқұмның таза әдебиет сынына байланысты қаншама қыруар еңбек еткендігін көруге болады. Әлбетте, 1972 жылғы КПСС Орталық комитетінің «Әдеби көркем сын туралы» қаулысына байланысты тек Мәскеуде ғана емес, Кеңес одағының ұлт республикаларында да әдеби сынға деген ерекше серпілістің болғандығы мәлім. Соның нақты бір көрінісі 1973-1978 жылдар аралығында «Жазушы» баспасынан 90-ға тарта авторды қамтыған «Уақыт және қаламгер» атты бес томдық әдеби сын кітабы жарық көрді. Академик М.Қаратаев пен профессор Ш.Елеукенов сол бес томның бесеуіне де қатынасқан.

Тегінде, әдебиет сыншысының барлық еңбегі, мейлі ол көркем шығарманың кейіпкерлері туралы толғансын немесе әдебиет сыны туралы оқырманымен сырлассын, барлық уақытта да белгілі бір қоғамдағы әлеуметтің елдік мұраты, азаматтық қадір-қасиеті, ар-ұжданы туралы тебіренеді. Өйткені нағыз сыншы, М.Горький айтқандай, жазушының өзінен де талантты болуы керек екен. Ал Л.Толстой В.Белинскийдің Пушкин туралы мақаласын оқығаннан кейін: «Мен Пушкинді енді ғана түсіндім» дейді. Адам таңданатындай сөздер ғой. Бірақ нағыз әдебиет сыншысы болған адамның дүниедегі әділет пен өнерге деген ынтызарын сөзбен айтып жеткізу қиын. Бұл жайлы ұлы жаратылыс иесі А.Пушкин: «Өнерге, әділет пен ақиқат шындыққа ынтызарлық жоқ жерде сын да қараң» дейді. Ал әділетке ынтызар талантты жанның алмас қамалы жоқ.

Әдебиет сыншысы Сағат замандастың шығармашылық, азаматтық мақсат-мұратын академик Серік Қирабаев: «Ол әрқашан ұлт намысы үшін жанын беретін еді» деген бір-ақ сөйлеммен берген. Ұлт намысын жанынан артық бағалаған жан – ол сол ұлттың әзиз тұлғасы ғой. Сондықтан да оны замандас үлкен-кіші еліне еткен еңбегін емірене отырып еске алғанда: «Заманынан озып туған, өр намыстың, өрелі ойдың иесі еді» деп (мемлекет қайраткері, көрнекті ғалым Мырзатай Жолдасбеков), «Сағатты сағыну – жасымыз, жасамысымыз бар күллі ізгілік әулеті имандай сенген бірбеткей ұғым-танымынан тамыз (1991 ж) ылаңымен көбесі сөгіліп, адасқан қаздай тығырыққа тірелген шырғалаң жол айрығында жүрекке түскен салмақтан жанып кеткен от-өрім азаматты сағыну» деп (Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті ғалым, сыншы Зейнолла Серікқалиев), «Лапылдап атып, лапылдап батқан күндей еді» деп (Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев), «Халқыңа керек ұл едің, ерте кеттің-ау, айналайын! Жүктелген іске жауапты қарайтын, уәдеге берік, қызуқанды едің. Жұмыста жанып кеттің-ау жалын боп» деп (Қазақстанның Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов) тебіренеді.

Осынау ел ағаларының Сағат бауырымыз туралы жазбаларынан алынып отырған лебіздері шын мәнісінде, оның еліне сіңірген еңбегінің қадір қасиетін айна-қатесіз білген жандардың еңірегенге бергісіз болып қамыққан көңілден шыққан ағалық сөздері болатын. Өйткені ол әдебиетіміздің үлкенді-кішілі қайраткерлеріне де, Шығармашылық атты қастерлі ғибадатхананың есігін жаңа ашып тұрған балапан жасқа да сыпайы да мейірімді еді. Шамасы келсе біреуге жақсылық жасап, еңбегіне қолғабыс еткісі келіп тұратын (Ш.Елеукенов, Ғ.Қабышұлы, Б.Мекішев, Т.Жұртбай, Ә.Бөпежанова, Б.Мұқаев, А.Абдрахманов, Қ.Ергөбек, К.Адырбекұлы). Өйткені оның өмірден көрген тәлім-тәрбиесі мен қоса сонау Ф.Достоевскийге, С.Есенинге, М.Шолоховқа, Ғ.Мүсіреповке шығармашылық жолда қолдау көрсеткен В.Белинский, А.Блок, А.Серафимович, Б.Майлиндердің азаматтық үлгілері әманда есінде тұратын. Сондай-ақ ол белгілі бір нақты шығармасы сәтсіз шығып жатқан авторға да, оның ілгерідегі өзге бір туындысының жақсы екендігін оқырманға айта отырып (әрине, сондай еңбегі бар қаламгер болса) мүмкіндігінше айтар сынын сыпайы жеткізетін. Бірақ айтарын айқын, қисынды дәлелдермен түйіндейтін. Сонымен бірге әлгіндей кемшілігі бар шығарманы әспеттеген әріптес өзге қаламгерлердің пікірінің (көңілжықпас достық пейілдерімен жазған рецензиялар) негізгі міні неде екендігін де байыппен саралай отырып, әдебиет жанашырларының көңілінен шығып отыратын. Соған қоса ол қаламы жүрдек аға сыншылардың тарапынан елеулі прозалық, поэзиялық туындыларға баға беру барысында артық айтылған сындарының жаңсақ жайларын мүмкіндігінше халыққа жеткізуге асығып тұратын. Біз, бұл жерде сыншы Сағат Әшімбаевтың сынын естіген жазушы азаматтарды да, әдебиет сыншыларын да атымен атап, шығармалары мен мақалаларының түсін түстеп отырған жоқпыз. Оның басты себебі – сол азаматтардың көбі қазір дүниеде жоқ. Және олардың дені қазақ әдебиетіне өз заманында елеулі үлес қосқан елеулі тұлғалар болатын.

С.Әшімбаев әдебиет сынына қадам басқан алғашқы жылдарынан бастап қазақ әдебиетінің елеулі тақырыптарын, елдік ерекшеліктерімізді көркем сөзбен ерекше кестелей білген Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбу Сәрсенбаев, Мәриям Хакімжанова, Әбділда Тәжібаев, Әнуар Әлімжанов, Ілияс Есенберлин, Тахауи Ахтанов, Қуандық Шаңғытбаев, Жұбан Молдағалиев, Ілияс Омаров, Сәкен Жүнісов, Әбіш Кекілбаев, Мұқағали Мақатаев, Мұхтар Мағауин, Қадыр Мырзалиев, Асқар Сүлейменов, Тұманбай Молдағалиев, Тоқаш Бердияров, Сайын Мұратбеков, Өтежан Нұрғалиев, Фариза Оңғарсынова, Қанипа Бұғыбаева, Қалихан Ысқақов, Сәтімжан Санбаев, Оралхан Бөкеев, Төлен Әбдіков, Әнес Сараев, Қажығали Мұқамедқалиев, Сейфолла Оспанов, Жарасхан Әбдірашов, Кеңшілік Мырзабеков сынды қаламгерлердің бірсыпырасына бүкіл шығармашылық әлемінің ерекшелігін көрсететін жеке мақалалар арнады (мәселен, Ғабит Мүсірепов шығармашылығына бірнеше тұста қайталап оралып отырды). Енді бірінің туындыгерлігінің қыр-сырын ұлттық әдебиетіміздің өзекті проблемалары қарастырылатын әдеби процестің жай-күйімен байланысты жазылған ауқымды еңбектерінде қарастырды. Мысалы, сондай сын-толғамдардың бірінде өмірден ертерек кеткен Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты романының кейіпкері Құланның 1916 жылғы тарихи дүрбелеңге, одан кейінгі аласапыран оқиғаларға белсене қатысуын, «осындай қысталаң уақыттағы күрделі адамның тағдыры мен талайына өз тұрғысынан, суреткер көзімен философиялық-психологиялық талдау жасай келіп, жаңа өмір орнатуда Құлан сияқтылардың да өз орны бар екендігін дәлелдеген. Жазушының суреткерлік парасатын, оның позициясынан анық танимыз. Сондықтанда аталмыш дүниені «Ботакөз», «Қан мен тер», «Дауылдан кейін», «Ақ Жайық» сияқты тарихи революциялық тақырыптағы әлеуметтік-психологиялық романдардың қатарына қоюға әбден болар еді» деген тұжырым жасайды (С.Әшімбаев. І том. 265-бет). Бұл жердегі сыншының Ақан Нұрманов шығармасын біздің халықтың осы тақырыптағы классикалық туындыларының санатына қосуы және сол пікірді бірінші болып айтуы, сол тұстағы (1974 жыл) әдеби жұртшылық үшін елеулі жаңалық болды.

Жалпы С.Әшімбаев өмірден өткен авторлар еңбектеріне деген ізеттілікті тек А.Нұрманов туындыгерлігіне қатысты ғана емес, Абай шығармашылығына байланысты есімдері аталмай жатқан өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы зиялы азаматтар турасында да, Ілияс Омаровтың артында қалған мұрасы хақында жазылған «Кемері кең бір кемел», т.б. еңбектерінде де көрсете отырып, біздің күні бүгінге дейінгі елдік мұраға деген селқостығымызды қынжыла отырып баяндайды. Шындығында, бұл тек бір адамның емес, өзін саналымыз деп есептейтін баршамыздың қынжыларлықтай жайымыз ғой.

Қайраткер, қаламгер Сағаттың үлкен ой иесі ретіндегі ерекше шығармаларының қатарында аталатын оның «Әдебиет және мораль», «Азаматтық формуласы», «Азаматтық позиция – айқындаушы күш», «Абай тағылымы – азаматтық тағылым» атты туындыларының философиялық қарымдылығы алабөтен. Мұнда автор адамзат баласының бойындағы үлкен дерттің басы ретінде тоғышарлық, немқұрайдылық, енжарлық, іштарлық, күншілдік сынды қоғамдық формациялардың барлық кезеңінде де өмір сүре беретін жаны сірі ерекшелігін И.Гончаров, А.Чехов, М.Горький сынды жазушылар туындыгерлігімен түсіндіріп қана қоймай, В.Ленин, Г.Плеханов, А.Герцендердің ғылыми еңбектерімен байланыстыра отырып толғанады. Ал халқымыздың ұлы тұлғасы Абайдың замандастарының бойындағы қанағатсыз, мақтаншақ ойсыздықтан өз қадірін өзі жоғалтқан ел аңғалдығын «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың, бірі қан, бірі май боп екі ұртың. Өздеріңді түзелер дей алмаймын, өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың... Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос...» деп, күңірене отырып жырлайтын туындыларын да аталмыш мәселенің табиғатына қатысты әр тұста-ақ жаны күйіне отырып сөз етеді.

Қысқасы, Сағат өзі көтеріп келген келелі де, кенеулі ойлы қаламгерлік мәселесі – қай халықтың болсын, өз жұртының елдігінің ескерткіші екенін жақсы білетін. Өйткені ол терең ойлы, сергек сезімді аса білімдар һәм біртуар азамат болатын. Өзге жұрттың күллі әлемге мәшһүр қаламгерлерлер шығармаларындағы жетістіктерінің ұлттық бастауларын өзіміздің дәстүр мәселесімен байланыстыра қарастыратын. Тіпті жай жүрген, ел көрген сапарларындағы (конференцияларға барған кездегі) грузин мектептеріндегідей оқушыларды дүниеден өткен ақын-жазушыларының қабіріне ұстаздарының алып келетін дәстүрін көріп немесе патшалық замандағы халықтың адам басына бір тиыннан жинап Мәскеуде А.Пушкинге ескерткіш орнатқанын айтып, тебіренетінінің барлығы да өз халқының барлық жағынан да үлгілі жұрт болуын аңсағандығынан еді. Оның республика теле-радио хабары жөніндегі комитетке төрағаның орынбасары болып келгеннен кейін «Жүректен қозғайық», «Парыз бен қарыз», т.б. хабарларды ұйымдастырып, бұрын жабылып қалған «Тамаша» секілді (көрермендер ұсыныстарын ұйымдастыра отырып) бірсыпыра хабарларды өмірге қайта оралтуы осындай азаматтық мұратынан бастау алатын.

1986 жылдың 17-18 желтоқсаны елдің есінде. Сағат марқұм бұл күндерді «Желтоқсандағы жер болу» деп атай отырып, «Мен бұл күндерді ұмытқан күні ұлт намысы деген ұғымды да ұмытатын шығармын. Ал оны ұмытқан жерде барыңнан жоғың пайдалы шығар!» деп күнделігіне жазып кетіпті (С.Әшімбаев. ІІІ том, 62-бет).

Қайран азамат! Бұл күнді тек сіз ғана емес, сол кезде өмір кешкен естияр қазақ баласы ұмыта алар ма? Сол күндері өзіңіз көрген бір жерде киімдері жыртылған, қолдары арттарына қайырылып, иттерге таланып, тапталған, қарға етбеттерінен жатқызылған жігіттер мен қыздардың, екінші бір жерде барлық киімдері тартып алынып, тар жолдың үстінде, суықтан қалш-қалш етіп ішкөйлекпен шөкпелеп отырған қазақ қыздарының қаншасы қазір тірі екен?.. Қолдарында рәзіңке таяғы мен қалқаны, қапталында арс-арс етіп адам талауға дайын тұрған иттері бар жазалаушылардан тірі қалған солардың «айналайындар-ай, қорғаныштарың бола алмадық» деп қамыққан сіздің дауысыңызды естігендерінің бірі болмаса бірі: «Иә, сондағы жаны бізбен бірге болған адам Сағат аға екен ғой» деп көздеріне жас алатындығы күмәнсіз. Өйткені, сол күндері сіз Альберт Устинов сынды «асыңызды ішіп, табағыңызды тебетін» қаражүректілердің нысанына іліндіңіз. Сізді партиядан шығарып, жұмыстан қудыртып, тірінің азабын көрсетпек еді. Өйткені 27 желтоқсан күні (1986) КПСС орталық комитеті 17-18 күнгі Алматыдағы көтерілісті «Қазақ ұлтшылдығы» деп көрсеткен қаулы алды. Демек, бұл барлық «қазақ – ұлтшыл» деген сөз еді. Ал Сізге («Парыз бен қарыз» хабарыңызда) Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиевтердің еңбектерін, М.Қаратаев, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, т.б. нар көтерер жүкті қиналмай тартатын классик жазушы, ғұлама ғалымдар аузымен ел санасына шегелеткен, ұлшылдықтың ұшқынын тұтатушы деп кінә тақты. Сізге тілектес қауым теңселіп кетті. Бірақ, қолдарында билігі жоқ. Мәселе республика Комунистік партиясы Орталық Комитетінің әуелі бюросында қаралатын болды. Бірінші хатшы Г.Колбинге екінші хатшы Сағидолла Құбашев барып: «Мына телевизияның мәселесін күн тәртібіне енгізбеу керек. Мұнда бір де бір факты жоқ, жорамал сөздер. Ертең орталық комитеттің бюросында үлкен айтыс жасаудың қажеті жоқ» дейді. Оған Г.Колбин: «Мәселені бөлім (А.Устинов) тексерген. Мен жобамен таныстым, мәселе өте орынды қойылған. Көрсетілген фактілер қатаң тойтарыс беруді қажет етеді» деп әуелі келіспейді, бірақ кешкілік ол күн тәртібіндегі мәселені бюродан алып, секретариат мәжілісіне қарауға ауыстырды. Ал келесі күні секретариат мәжілісін өзі жүргізетін екінші хатшы С.Құбашев А.Устиновтың С.Әшімбаевты қатты сынап, секретарь қазақ қызы Л.Дәулетованың А.Устиновты қызу қолдағанын көрген соң, өз ұсынысымен Орталық Комитеттің бюро мүшесі, Қауіпсіздік Комитетінің төрағасы В.Мирошникті сөйлетеді. Ақырында мәжілісті жүргізуші С.Құбашевтың өзі: «Мен С.Әшімбаевтың «Қарыз бен парызын» үзбей көремін. Өз түсінігім, өз пікірім бар. Қаулы жобасында жазылған жорамалдарды қолдамаймын. Ұсыныс: осы пікірлесумен шектелейік. Қаулы алынбасын. «Қарыз бен парыз» циклінде қате жоқ. Тоқтатылмасын. Сағат Әшімбаев және басқа жолдастар жұмысын істей берсін. С.Әшімбаев сияқты білімді ғалым, үлкен сыншы, іскер басшылар аз, оларды қолдау керек. Ешкімге кінә қойылмайды. Телевизия және бөлім қызметкерлері үнемі келісіп жұмыс (бөлім қызметкерлері деген сөз А.Устиновқа қаратылып айтылған ғой) жасаңдар. Қарсылық бар ма?» дейді де, оған отырғандардан «Жоқ, жоқ» деген жауап алады. (Демек, Сағат Әшімбаев өзіне құрылған қақпанға түспей аман-есен өтеді). Мақала иесі бұл шешім орталық комитеттің архивінде бар. Ешкім бұзған жоқ. Бірақ бірінші хатшы (Г.Колбин) риза болмады» дейді (С.Құбашев. Мен өтіріктің құрбаны болғым келмейді. «Егемен Қазақстан», 15 наурыз 2008. 5-бет).

Онан кейін де Сағаттың басынан талай сынақты сәттер өтті. Қазақстанның басшысы Г.Колбин қызметін Мәскеуге ауыстырды. Заман өзгерді. Бірақ А.Устинов өзгергісі келмеді. Қалай болса да ол қарсыласын дұрыстап бір жыққысы келді. Сағат мұнан да аман-есен құтылды. Жаңа басшы Нұрсұлтан Назарбаев жағдайды білгеннен кейін А.Устиновқа «Оставьте его в покое!» дейді. Арада бір жыл өткен соң, яғни 1990 жылы 15 тамызда ол Қазақ ССР телевизия және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы болып тағайындалады. Оны министрлікке бекіткен Парламент жиынында Әбіш Кекілбаев ағасы: «Біз кешеден бері талқылап жатқан үкімет мүшелерінің арасындағы халықтың күткеніндей болып шыққан бірден-бір кандидат С.Әшімбаев екен» деген сөздермен осыған деген өзінің қуанышын білдірген-ді (С.Әшімбаев. ІІІ том. 198-бет). Бірақ сол жылдар – аса бір ауыр жылдар еді... 1991 жылдың тамызында Мәскеуде «Путчаның» бүлігі шықты. Осы кездегі алабүлік әңгімелердің құйыны оған оңай соққан жоқ. Миуалы терекке сынампаз дәуірдің найзағайы түсті. Адал пейіл халқы қатты қиналды...

Міне, осының барлығын, абзал азамат, мемлекет қайраткері, қастерлі қалам иесі – әдебиет сыншысы Сағат Әшімбаевтың студент шағынан соңғы демі таусылғанша жүріп өткен өнегелі жолын ұстаздары, жолдастары, қалам ұстаған ел ағалары, ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері – баршасы жарыса жазған қымбат лебіздері «Сағат Әшімбаев шығармалары» аталатын үш томдық еңбекке енген.

Автор шығармаларының үш томдығының бірінші кітабының алғашқы беті қазақ әдебиетінің ақсақалдарының бірі, көзі тірісінде қазақ әдеби сынының Белинскийі атанған академик Мұхаметжан Қаратаевтың «Сынның сарапшы сарбазы» (үш томдыққа арналған беташар сөз) атты шағын мақаламен ашылған. Одан кейінгі Сағаттың шығармашылығын таныстыратын ағалық сөзді, марқұмның ұстазы, сол дәуірде Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) филология, журналистика факультеттерінде білім алған ұл-қыздардың барлығының ұстазы мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков «Заманынан озып туған» (І томның алғы сөзі) атты үлкен толғаныспен жазылған еңбегімен жалғастырған. ІІ том ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті қаламгер Нұрлан Оразалиннің «Рух ақиқаты» (алғы сөз) атты мақаласымен басталып, филология ғылымының докторы, профессор Жаңғара Дәдебаевтың С.Әшімбаевтың 60 жылдығына жасалған баяндамасымен ұласқан.

ІІІ том – үш бөлімге бөлініп, алғашқысына автордың шығармалары, одан кейінгі бөлімдерге академик Серік Қирабаев бастаған ғалымдар мен мемлекет, қоғам қайраткерлерінің Сағат Әшімбаевтың шығармашылығы мен ел өмірінде атқарған ерен еңбегінің мәні мен мазмұнын жан-жақты қарастырған естелік-эсселері орын тепкен. Аталмыш үшінші томның ілгергі томдардан бір ерекшелігі, мұнда Сағаттың республикалық телерадио мемлекеттік комитетінде қызмет істеген кезде күреске толы атқарған өмірінен репортаж сияқты қабылданатын азаматтық тағдыр жолы (әсіресе Көлбай Адырбекұлының «Казахское дело» еңбегінде), әр кездерде жазған күнделіктері мен өзі оқыған әлем ғұламаларының ерен ойлы туындыларының іріктеп алынған тізімі (мұның өзі де 200 автордың кітабы), автордың көзі барында һәм кейінгі жарияланған еңбектерінің атауы, қысқаша өмірбаяны берілген. Бір сөзбен айтқанда, үш томдық еңбектің қай томы болсын, үлкен талғаммен, ғылыми жүйемен құрастырылған. Бұл ретте, оқырман қауымның (қазіргісі және кейінгісі бар), жалпы ел мұрасына жанашыр жұрттың аталмыш томдардың құрастырушысы – белгілі қаламгер Шәрбану Бейсеноваға (Сағат марқұмның жарына) шексіз риза болары сөзсіз.

ӘЛЕУМЕТ

«Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Жолдауындағы «7-20-25» бағдарламасының іске асуы қалай жүргізіліп жатыр?» деген сауалды «Баспана» ипотекалық ұйымы Сыртқы байланыстар департаменті директорының орынбасары Айбар Олжаевқа қойып, қарапайым халықтың көкейіндегі сауалдарға жауап іздеген едік.

«7-20-25»
бағдарламасының іске асуы қалай?

– Айбар Қайнарұлы, Елбасы Жолдауларында әр отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндігін ұсынып, халықты сапалы әрі қолжетімді тұрғын үймен қамтуды тапсырды. Десе де, еліміздің ірі қалаларындағы өзекті мәселеге айналған баспана жайы толық шешілер емес. Бұл тұрғыда «Баспана» ипотекалық ұйымы қандай жұмыс атқарып жатыр?

– «Баспана» ипотекалық ұйымы, өзіңіз білесіз, Ұлттық банктің еншілес ұйымы. «7-20-25» бағдарламасын қаржыландыру үшін құрылған. Біздің басты мақсатымыз банк «7-20-25» бағдарламасының талаптарына сай ипотекалық несие беретін болса, сол несиені сатып аламыз. Облигацияға шығару арқылы қор нарығынан қаржы тартып, ол қаржыны банктен ипотекалық несиені сатып алуға жұмсаймыз. Осылайша, алдағы бес жылда бір триллион теңге көлемінде ипотекалық несие беруді – сатып алуды жоспарлап отырмыз.

«7-20-25» бағдарламасы арқылы жаңадан салынған үйді ғана несиеге ала аласыз. Осы бағдарлама аясында былтыр қыркүйек айынан бастап азаматтарға қолайлы болуы үшін «Баспана хит» іске қосылды. «Баспана хит» арқылы қолданыста болған үйді де несиелеуге мүмкіндік бар. Аталған екі бағдарламаға сегіз банк ипотекалық несие береді.

«Баспана хит» бағдарламасына халықтың сұранысы жоғары. Жұмыс істеп келе жатқан үш айдың ішінде 5,5 млрд теңгеге несие беріліп, 653 адам баспана алды. Шартына тоқтала кетсек, бағдарламада алғашқы жарна 20 пайыздан бастап, мерзімі 15 жылға дейін және жылдық ставкасы Ұлттық банктің базалық ставкасына сәйкестендірілген. Базалық ставка + 1,75 пайыз. Демек, қазіргі ставкасы – 11 пайыз. Ол өзгеріп отырады. Егер Ұлттық банктің базалық ставкасы түссе ол да түседі, көтерілсе ол да көтеріледі.

– Сіздің ойыңызша, қалтасы жұқа адамдарға қайсысы тиімді?

– Егер сіз жаңа үй алғыңыз келетін болса, ол үйдің бағасы сіздің қалтаңызға сай келсе «7-20-25» бағдарламасы тиімді. Себебі оның ставкасы төмен. Мысалы, қазір «Баспана хиттің» ставкасы – 11 пайыз, «7-20-25» бағдарламасының ставкасы – 7 пайыз. Мерзімі де 25 жылға дейін ұзартылған. Егер төлем қабілетіңіз сәл жетпей жатса ең ұзартылған мерзімге 25 жылға алсаңыз болады. «Баспана хиттің» ең ұзақ мерзімі – 15 жыл. Демек, «7-20-25» бағдарламасы бойынша сіздің ай сайынғы төлеміңіз арзан шығады.

«Баспана хит» несиемен тиімді? Егер сіздің атыңызда үй болса «7-20-25» бағдарламасына қатыса алмайсыз. Ол жердегі шарт бойынша Сіздің атыңызда үй болмауы керек. Ал «Баспана хит» бағдарламасына сіздің атыңызда үй болса да қатыса аласыз. Кейде жаңа үй алғыңыз келгенімен, оны алуға мүмкіндігіңіз жете бермейді. Әрі атыңызда ескі үйіңіз бар. Мұндай кезде көмекке «Баспана хит» бағдарламасы келеді.

– «7-20-25» бағдарламасының орындалу барысы жайында не айтасыз? Қанша өтініш түсті? Оның барлығы қанағаттандырылды ма? Қай өңірде сұраныс жоғары?

– Биыл 17 қаңтардағы мәлімет бойынша есептесек, 7370 өтініш түсіп, оның 4344-і мақұлданды. Өтініш берушілердің 17 пайызының өтініші қанағаттандырылмады. Оған арнайы сараптама жүргіздік. Алғашқылары бағдарлама талабына сай келмейді, кейбірінің басқа үйі бар. Ал ең басты себебі – төлем қабілетінің төмендігі, айлығының аздығы. Мұндай несиені банк мақұлдамайды.

Қай өңірде сұраныс жоғары деген сауалыңызға келсек, ең бірінші орында Астана қаласы, 1520 несие мақұлданды, бұл жалпы мақұлданған үлестің 35 пайызына тең. Екінші орында Алматы қаласы, 1003 несие мақұлданды. Үшінші орында Маңғыстау облысы, әсіресе Ақтау қаласында өте жақсы өсім бар. 256 несие мақұлданды. Бұған жетеғабыл өңірдің бірі Шығыс Қазақстан облысы, Семей мен Өскемен қалаларын айтуға болады. 255 несие мақұлданған. Алғашқы бестікке 228 несие мақұлданған Ақмола облысы да кіреді.

– Көпшілік бағаның өсуі салдарынан берілетін пәтердің шаршы метрі қымбаттап, тұрғын үйді салу, пайдалануға беру тоқтап қалмай ма деп алаңдайды. Бұған не дейсіз?

– Статистиканы қарасаңыз, елімізде пайдалануға беріліп жатқан үйдің шаршы метрі, көлемі жыл сайын артып келеді. Мәселен, былтыр елімізде 11 млн шаршы метрден астам тұрғын үй берілді. Биыл тағы бір миллионға өседі деген жоспар бар. Демек, 12 миллионнан артық болады. Бұл авторлық рекорд.

Сауалыңызды нақтылай кетсем, «7-20-25» бағдарламасы мерзімсіз бағдарлама. Сондықтан тоқтап қалады деп қауіптенудің жөні жоқ. Индикатор деген болады. Оны болжамдық көрсеткіш дейміз. Бес жылдың ішінде бір триллион теңгеге дейін ипотекалық несие беру жоспарланған. Бірақ бұл бес жылдан кейін тоқтап қалады деген сөз емес. Бұл тоқтау мерзімі жоқ, мерзімсіз бағдарлама болғандықтан ары қарай айналып жүре береді. Мысалы, бір триллион теңгеге ипотекалық несие берілгеннен кейін, келесі бес жылға арналған бағдарлама өз жұмысын жалғайды.

– Тапқан-таянғаны күнделікті нәпақасынан аспайтын, жалдамалы пәтерде тұратын, қалада тіркеуі жоқ азаматтың депозитке құятын теңгесі қайдан болсын. Қарапайым халыққа тұрғын үйдің алғашқы 20 пайызын жинау, сіздіңше, қаншалықты қолжетімді?

– Қазіргі алып жатқан несиенің статистикасына сәйкес жауап берейін. Өзіңіз білесіз, қазір тегін үй жоқ. Ең құрығанда оның 20 пайызын жинау міндеті тұр. Үй алуға талпынған адам үйді тегін алмайтынын біліп, қандай да бір тірлік істеуге, алғашқы жарнаны жинауға кіріседі. Сондықтан бізде азаматтар үйдің 20 пайызын жинай алады деген сенім бар. Былай қарасаңыз, үйі жоқ адам ол ақшаны жалға төлеп тұрады. Жалға төлегенше өзінің үйін алған дұрыс. Тұрғындардың көпшілігі мұны түсініп, бұрын жинаған депозиті болса оны біріктіріп, пәтер алуға үміттеніп жатыр. Демек, бұл азаматтардың мүмкіндігі бар.

Ал мүмкіндігі болмай, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтардың қатарына кіретін болса, оған мемлекет те көмектеседі. Мәселен, әкімдік арқылы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша үйді сатып алмай, жалға алып тұруға да болады.

– Алатын пәтерінің алғашқы 20 пайызын жинаса, кез келген уақытта баспаналы болуға мүмкіндік бар ма? Әлде өтініш қабылдап, алдын ала тізім жасала ма?

– Алдын ала өтініш қабылдап, тізім жасау деген жоқ. Өзіне ұнаған пәтерінің алғашқы 20 пайызы жиналған кезде банкке барып, өтініш береді. Банк сізбен келісімшарт жасап, ол үйді сіздің атыңызға аударады. Сіз ай сайын төлеп отырасыз.

Алғашқы жарна – 20, жылдық ставка – 7 пайыз. Бұл Ұлттық банктің базалық ставкасынан төмен, сондықтан бұдан арзан ипотека Қазақстанда жоқ.

Астана, Алматы, Атырау, Ақтау мен Шымкент қалаларында үйдің бағасы «7-20-25» бағдарламасына сәйкес 25 миллион теңгеден, өзге өңірлерде 15 миллион теңгеден аспауы керек.

– Алғашқы жарнаны жинап, пәтер алу бақытына ие болды делік. Уақыт өте келе ай сайынғы төленетін қаржыны төлей алмаған жағдайда не істейді?

– Ипотекаға үйді кез келген уақытқа рәсімдей алады. Оның жеңілдетілен шарты 25 жылға дейін созылған. Жылдық ставкасы 7 пайыз екенін жоғарыда айттық. Бүкіл жеңілдік осының ішіне кіреді. Алда-жалда несиені төлей алмай қалған жағдайда ол банктен кепіл ретінде алынған дүние болғандықтан банк ол азаматты өзіне шақырып, несиені қайтадан қаржыландыру, біраз уақыт демалыс беру, т.б. қарастырылады. Одан әрі төлей алмаса, пәтер банк меншігіне өтіп, банк оны аукционға шығарып сатып, ипотеканы төлеген азаматқа айырмашылығын қайтарып береді. Кепілді аукционға шығару құқығы банкте болады. Мұның барлығы о баста келісімшартта жасалады.

– Көпшілікті толғандыратын сауалдың бірі – жекешеленген жатақхана мәселесі. Атында жекешеленген жатақханасы бар азамат «7-20-25» бағдарламасына қатыса ала ма?

– Сіздің атыңызда рәсімделген жатақхананың көлемі 15 шаршы метрден аспауы тиіс. Егер пайдаланатын көлемі 15 шаршы метрден асып кетсе, азамат ол бағдарламаға қатыса алмайды.

Сұхбаттасқан
Бағдагүл БАЛАУБАЕВА

Ұлтмыздың бірегей тұлғаларының бірі Жабай Қазыбекұлы ұрпақтары таратқан шежіре мен тарихи деректерге сүйенсек, ол 1728 жылы өмірге келіп, 1810 жылы бақилық болған. Баба өмірін зерделеп зерттеген Еркебай Бүрлібайұлы мен Ерген Махатбайұлының жазуынша, оның кіндік қаны қазіргі Түркістан облысы Сарыағаш ауданына қарасты Әлимтау елді мекені маңына тамған. Түпкі тегі Бораш мырза атанған ұлы бабадан тарайды. Ол кісіден Құбасай туылған. Сіргелі атауы осы Құбасай аталған тұлғаға тікелей қатысты екенін де оқырманның есіне сала кетсек жөн болар. Құбасайдан Райс би, ары таратсақ Ақсиық, Таңатар, Тәжімбет, Әжімбет молда, Алыбай батыр, Есназар, Шорман, Қараша, Қазыбек қажы, Жабай атаға тікелей келіп тіреледі.

Ақ тулы ЖАБАЙ

Сіргеліден тарайтын Жабай атаның шыққан тегі – қалың қазақтың қабырғалы көне руларының бірі. Аңыз бен нақты деректерді ұштастыра қарасақ, Ойсыл (кей деректерде Ойсын) ұрпақтары іргелі ел екендігі әйгілене түседі. Солардың арасынан шыққан Бораш мырза хан әскерінің қызметінде қолбасшы лауазымында болған. Бұл – жазба дерек емес, шындыққа жақын шежірелік аңыз. Оның шындыққа жақындығын Л.Гумилевтің «Хұндар» («Қазақстан» баспасы, 1988 ж.) кітабынан табамыз. Онда Сіргелі тайпасы мен одан тарайтын кейбір рулар туралы айтылады. Әбілмәжін Жұмабаев пен Пернебек Бейсенов аударған нұсқада былай деп жазылады: «Сіргелі – тайпа, Ұлы жүз құрамындағы 11 арыс елдің бірі. Қазақтың барлық шежіре деректеріне қарағанда Үйсінмен бірге туған... Бізге жеткен жазба деректерде Сіргелі атауы алғаш рет Рузбеханның «Михман наме-и Бухара» шығармасында XV ғасырдың аяғынан XVI ғасырдың басынан белгілі. Мұнда қазақтар Итильдің (Еділдің) бойында көшіп жүрді» деп нақтылай түседі. Бұдан ары қарай Л.Гумилев ертедегі жазба деректерге сүйеніп: «Ноғайлыда аталатын бір тайпаның бірі – Сіргелі» деп жазады. Демек, сол ғасырдағы белгілі тайпалардың бірі болса, онда Сіргелі тарихы тым тереңде жатқаны күмәнсіз. Бұған қоса Сіргелі ұрпақтарының Қазақстанның түкпір-түкпіріне тарап кеткенін айтсақ та жеткілікті. Сіргелі Елшібек батырдың ұрпақтары Екібастұз маңында өмір сүріп жатқанын біреу біліп, екеу білмейтіні анық. Сол маңда Сіргелі тоғайы, Сіргелі құдығы, Семейдегі Абыралы ауданында Сіргелі төбесі, Солтүстік Қазақстан облысының Шоқан Уәлиханов ауданында үш бірдей Сіргелі ауылы болғандығы белгілі.

Өзбекстаннан Худоерхонзода авторлығымен шыққан «Анжум ат-таворих» атты өзбек тіліндегі мұрағаттық зерттеу кітабында Абылай хан қалмақ шайқасынан кейін Дулат, Сіргелі елдеріне Ташкент төңірегіндегі жерлерді бөліп бергендігі баян етіледі. Атап айтқанда, Ташкенттің шаһарын төртке бөліп, соның Шайхантәуір бөлігін Сіргелі еліне беріпті. Бұл қалмақ-жоңғар соғысына Сіргелі елінің үлкен үлес қосқандығын көрсетеді.

Қазіргі Қызылорда облысының аумағындағы Талас өзенінің табанынан Түгіскен жеріне қарай «Бозарық» деген канал суы ағады. Осы каналдың қазылуына Сіргелі руының азаматтары көбірек еңбек сіңіргендіктен, кейінірек сол су жүйесі «Сіргелі арығы» деп аталған. Ол араны Сіргелі Керімқұл датқаның ұрпақтары әлі күнге қоныс етіп келеді.

Өзбекстан аумағында да Сіргелі руына қатысты жер мен ел атаулары жиі кездеседі. Кеңес дәуірі кезінде Ташкенттің батыс жағынан салынған темір жолдың бойындағы бір разъезге он екі ата рулы елдің түпкі атасы атанған Құбасайдың аты берілген еді. Өйткені Сіргелінің түпкі бабасы саналатын адамның бейіті сол жерде жатқаны белгілі. Разъезд де Құбасайдың атымен аталатын. Бұл атау өзбек ағайындардың бұрмалауымен 1970 жылдардан кейін алынып тасталды. Дегенмен, сол кездері сызылған темір жол картасында «Құбасай разъезі» деген атау сақталып қалған. Іздегенге архивтерден бұл картаның табылары сөзсіз.

Кеңес дәуірі кезеңінде Ташкенттің Қойлық базарына қарайғы бағытында Сіргелі атымен аталатын шағын аудан болатын. Қазір өзбек ағайындар оның да атын өзгертіп, «Сиргали» («Сырғалы») деп атап жүр. Дегенмен, бүгінге дейін сол жерде өмір сүретіндердің арасында «Біз Сіргелі ұрпақтарымыз» дейтіндер әлі де кездеседі.

Сіргелінің іргелі ел, көне тайпалардың бірі екені әйгілі Сүйінбай ақын мен қырғыз жырауы Қатағанның айтысында да айтылады:

«...Одан да ары Сіргелі,
Ол да бір жұртым іргелі.
Батырлары шетінен,
Теке жәуміт мінгені.
Дүниенің қызығы,
Тамаша дәурен сүргені» дейді атақты Сүйінбай.

Осыдан-ақ Сіргелінің қазақ арасындағы ірі тайпалардың бірі екендігін айқын аңғаруға болады. Сүйінбайдың бұл айтқанын әңгіме арқауына айналған рудың бас ақыны атанған Төлеш «Сөз айтсам он екі ата – Сіргеліден» деген толғауында тірілте түседі.

Сөз айтсам он екі ата Сіргеліден,
Жұрт еді кең тараған ілгеріден.
Бұл елде батыр да мол, дана да мол,
Айтайын мен соларды жөн-жөнімен...

Бұл толғауда он екі ата Сіргелі тайпасының алпысқа жуық тарихи тұлғаларының есімі аталған. Олардың арасынан Абылай хан заманындағы әйгілі мыңбасы Қарабатыр атанған Тілеулі бабаның есімін ерекше атауға болады. Сондай-ақ Мағжан ақынның «Батыр Баян» поэмасында «Сіргелі шапшаң оқтан ер Елшібек» деп жырға қосылатын батырдың даңқы бүгінге дейін ел аузынан түскен емес. Сондай-ақ Сіргелі тайпасынан шыққан атағы алысқа кеткен, даңқты тұлғаларының бірі әрі бірегейі – Жабай Қазыбекұлы.

Қасиетті Жабай ата Сіргелі тайпасының Алыбай (Батыр), Толыбай (Жайдақ) тармағынан тарайды. Ел басына күн туған арпалыс заманда Алыбай батыр інілері Толыбай мен Қалыбайды соңынан ертіп, қазақ ханы Еңсегей бойлы ер Есімнің жасағына қосылады. Ол 1626-1627 жылдары Қара Ертіс бойында болған қазақ-қалмақ соғысында көзге түсіп, жасақ басшысы дәрежесіне көтеріліп, қол бастайды. Оның ерлігіне сүйсінген

Жабай тоқсаба әулиенің ұрпағы Нұрболат Ергенұлы анасы Майра Оразбайқызымен

Есім хан: «Алыбай ерім, сен енді еліңнің батыры атандың» деп жұрт алдында сый жасап, марапаттайды. Содан кейін жұрт Алыбайды «Батыр», жауға жайдақ атқа мініп шапқан Толыбайды «Жайдақ» атап кетеді. Ер Жабай – сол Алыбайдың тікелей ұрпағы.

Жабайдың бойындағы ерекше қасиетті оның бала кезінде-ақ хан аталған ұлы тұлға Төле би байқаған деген дерек бар. Бұл деректің шындығына ешкім күмәнданбаса керек. Өйткені Ташкенттің жеке дара билеушісі болған қазақтың төбе биі өзінің құзыретін көне шаһарға ғана емес, Алатау мен Қаратаудың арасындағы қалың жұртқа жүргізетін. Хандар мен батырлар, рубасылары оның келісімінсіз ел басқару мәселелерін шеше алмайтын. Әрі әділ, әрі тереңнен толғайтын кемеңгер би қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз арасында биік бедел мен абыройға ие еді. Сондықтан да еларалық, ұлысаралық, руаралық маңызды мәселелер оның тікелей араласуымен шешімін тауып жататын. Сол кездері Жабайдың әкесі Қазыбек те Сіргелі жұртының мүддесін күйттеп ұлы бидің алдына талай рет барғандығы жөнінде ел аузында әңгімелер сақталған. Сондай сапарлардың бірінде бала Жабайды әкесі атқосшыларына қосып ерте кетеді. Көрегендік қасиеті бар Төле бидің назары жасөспірімге түсіп, оның болмыс-бітімінен, көз жанарынан киесі барын аңғарады. Аңғарады да ішкі сырын көңіліне түйіп қояды. Бұл оқиға жөнінде көненің көзі болған марқұм Сарқұл Ысмайылұлы ақсақалдың айтуынша ,Төле би бала Жабайға ойлана қарап тұрып: «Мына баланың несібесі артық жаралған екен. Алла қаласа, өте қасиетті кісі болады. Екеуміздің қабіріміз Ташкентте болар. Бұл баланы бәлежаладан, тіл-көзден аман сақтаңдар» деп бата жасаған көрінеді. Бұдан кейін де олар бір-біріне жолығып жүріпті.

Қазақтың төбе биінің Ұланбике деген қызы Сарығаш өңіріне келін болып түскен еді. Одан туылған жиені Ескелдіден кемеңгер би үлкен үміт күткендігі шежірелік аңыздарда жиі айтылады. Осындай жағдаятпен Төле би Сарыжылға мен Әлимтау өңіріне ат басын жиі бұратын болған. Қазыбек батырдың да ауылында қонақ болып, буыны бекіп келе жатқан Жабайға сын көзбен қарап жүреді.

Жабайдың әкесі Қазыбек Қарашаұлы да өз заманының айтулы азаматы, жауырыны жер иіскемеген палуан болыпты. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында ел қамын жеген ерлердің бірі екен. Ташкентті билеп тұрған Төле бимен тығыз қарым-қатынас жасаған.

Өзбекстан Республикасының тұңғыш Президенті Ислам Каримовтың тікелей тапсырмасымен Өзбекстан елінің тарихы мен мәдениетіне үлкен үлес қосқан тұлғалар, әулие-әмбилер туралы ауқымды зерттеу жүргізіліп, жүріп өткен өмірі, олар туралы аңыз-әңгімелер жинақталды. Зерттеу нәтижесінде, Ташкент қаласынан өзбек тілінде «Тошкентнинг Табаррук зиератгохлари» кітабы жарық көрген екен. Бұл кітапта Ташкент шаһарындағы әулие-әмбилер туралы жазылған. Кітаппен танысу барысында, Жабай бабамыз туралы құнды дерек табылды. Бұл жерде өзбек халқы бабамызды әулие деп көрсетіп, Қоқан хандығында қабылдауда болғанын айтып кетеді. Сол мәтінді өзбекшеден қазақшаға аударып көрдік:

«ЖАБАЙ АТА
(Қазыбекұлы Жабай әулие)
(1728-1810)
(Шайхантауер ауданы, Көкше махалләсы, «Шайх Зайниддин баба» қабірстаны)

«Сіргелі Жабай атаның әкесі Қазыбек қажы өте білімді, шешен кісі болған дейді. Сол уақыттағы Ташкент қаласының басшысы Қазыбек атаны Қоқан хандығына бара жатқан елшілердің басшысы етіп тағайындап жібереді. Бұны естіген тоғыз жасар ұлы Жабай да өзін көппен бірге алып кетуді әкесінен өтініп сұрайды. Әкесі рұқсат бермеген соң бала Жабай керуеннің артынан жасырынып еріп, Қоқан қаласына жол тартады. Елшілер Қоқан шаһарына кіре бергенде, Қазыбек баласының еріп келе жатқаны туралы хабарды естиді. Ханның уәзірлері елшілерді үш күннен соң қабылдайтынын айтады. Сол күні түнде ханның түсіне еніп, еліне жас бала болып әулие келгені, сол құлағында кесік белгісі бар екені аян береді. Хан ерте тұрып, қызметкерлеріне алыстан келген елшілерді жедел түрде қабылдайтынын хабарлайды. Сарайға барлығы түгел жиналған соң: «Сіздер білесіздер ме, бұл жерде мықты әулие кім?» деп сұрақ қояды. Сарайда отырғандардың барлығы: «Білеміз, бұл жерде әулие сізсіз» деп бірауыздан жауап береді. Хан: «Жоқ» деп орнынан тұрып, адамдардың арасымен өтіп барып, әкесінің арқасына тығылып отырған баланы көрсетеді. Қолынан ұстап жетектеп бара жатқанда құлағының кесік жерін көріп қалады. Сарайда баламен ұзақ сұхбаттасады. Елшілермен бірге баланы бірнеше күн қонақ етіп күтеді. Қоштасар алдында баланың әкесіне білімді ғалымнан білім алуы қажеттігін айтып түсіндіреді. Өз жұртына келген соң әкесі Қазыбек баласы Жабайды оқытады. Жылдар өтеді. Сіргелі Жабай ата өз заманының ел қорғаған батыры ретінде танылады. Сіргелі Жабай атаның жатқан жері Ташкенттегі Көкшедегі «Шайх Зайниддин баба» қабірстанында орналасқан»(А.А. Мухаммадкаримов, А.Х.Обидов, З.С.Искандаров. Тошкентнинг Табаррук зиератгохлари, Ташкент, «Наурыз» баспасы, 2016, 84-б.).

Қазыбек палуан түрлі жағдайлармен отыздан асып, қырыққа қарай кеткенде үйленіпті. Ол жеңгелерінің қолқалауымен Қырбас деген қызды көруге барады. Жеңгелері қызды ертіп әкелген кезде Қазыбек оны қамшымен тартып жібереді. Екінші рет оңтайлана бергенде қыздың жеңгелері оның қолынан ұстап қалады. Сонда көріпкелдігі бар Қырбас: «Екінші сілтеген қамшыны бекер ұстадыңдар-ау, мен бұл жігіттен екі бірдей әулие перзент табар едім, әттең әулие ұлым біреу-ақ болып қалатын болды» депті. Сөйтіп, болашақ әулие Жабай жеті айлық болып дүниеге келіпті деседі. Бірақ оның киелілігі ойын баласы кезінен-ақ байқалыпты.

Бала Жабай әкесінің жанында жүріп Ташкент билеушісінің ордасында бірнеше рет болады. Сол кездері Сабалақ атымен жүрген Әбілмансұрмен танысады. Әбілмансұр қазақ ханы болған кезде Жабай оның қолдауымен Қоқан ханына қарсы жорықтарға қатысқан. Ал кемеңгер Төле би болса ел басқаруда сол жұрттан шыққан беделді, кейбір қасиеттерімен көпті аузына қаратқан адамдарға сенім артқан. Солардың бірі бойында ерекше киесі бар Жабай еді. Ұлы би ойлана келе Сіргелі руына басшылық жасауды Жабайға тапсырады. Қолына мөр беріп, Кертөбел ат мінгізеді. Кертөбел аттың тұқымы Жабай ата ұрпақтарына құт болғандығы жөніндегі аңыздар әлі күнге ел аузында жүр.

Қазақта «Төле би келмей жүріс жоқ, Қойгелді келмей ұрыс жоқ» деген мәтел бар. Шымыр Қойгелді де Сарығаш өңірінде дүниеге келіп, сол арада ержеткен атақты ердің бірі еді. Ол 1757 жылы Тарбағатай, Алакөл маңындағы қазақ-қытай соғысында Ұлы жүз қазақтарының қолына қолбасшылық жасайды. Сол жасақтың арасында жасы әлі отызға тола қоймаған Жабай да болады.

Қазақ-қытай соғысы туралы Тәтіқара жыраудың ұзақ толғау-жыры бар. Ерлік көрсеткендердің қатарында Жабайдың да аты айрықша аталып өтеді. Тәтіқара төкпелеп:

Жуан қарны іркілдеп,
Қытай қашып келеді.
Әзірейілдей зіркілдеп,
Жабай қуып береді.
О заманда бұ заман,
Мұндай қызық кім көрген?
Мінген аты астында
Сан бәйгеден жүлде алған,
Шабысы соққан желмен тең,
Аты шулы Кертөбел, – деп жырлайды (І.Есенберлин. Жанталас. Алматы, 2002, 452-б).

Жабай осы соғыста батыр атанады. Оны бұрыннан білетін Абылай хан 1758 жылы сарбаздарға сардар етіп тағайындайды. Бұл жөнінде тарихтың білгірі, жазушы Ілияс Есенберлин өзінің «Жанталас» романының 288-ші бетінде былай суреттейді: «Хан кеңесі Бөкей, Сағыр, Жабай басқарған Ұлы жүздің қолдары Қоқан әскерін Бадам мен Арыс өзендерінің бойында қарсы алсын деп шешті» (Бұл да сонда, 474-б.).

Демек, Жабай батыр қол басқарғанын осыдан-ақ айқын аңғарамыз. Оның сарбаздардың сардары болғандығы айқын.

Жабай баба осы Есенберлиннің «Жанталасында» айтылғандай, әскербасы болған. Жабай баба сардар болып, Дулат, Сіргелі әскерін басқарушы төрт сардардың бірі болып 1758 жылы ақ ту көтерген. Бұл ақ туды Абылай ханның өзі Жабай бабаға тапсырған. Демек, әулиенің әулеттерінде

БАТЫР

сонау 1928-1929 жылдарғы тәркілеуге дейін сақталған әулие бабаның ақ туы басқыншылардан елін қорғаған қасиетті жеңіс туы деп білеміз.

Н.Әубәкіров пен С.Бексейтов деген авторлар «Әйтеке би Байбекұлы – әділ сөздің алдаспаны» деген еңбектерінде «Әйтеке қасына Сіргелі батыры Қазыбекұлы Жабайды, Байбақты батыры Шоланды ілестіріп Әлі сұлтанға барады...» деп Жабай бабамыз туралы айтып өтеді. Тарихи деректерге сүйенсек, Әйтеке билікті мақал-нақылмен мәнерлеп айтатын, дауды әділ шешіп, кесек-кесек сөйлейтін өте әділетті, білгір би болған. Сондықтан да ол аға би атанып, Кіші жүз елін ұзақ жылдар басқарған. Тәуке ханның Төле би, Қазыбек би сияқты кеңесші бас билерінің бірі, «Жеті жарғы» заңын жасасқан атақты тұлға. Әйтеке дана би ғана емес, ұлттық мақтанышымыз, қазақтың жүз жылда біртуар арысы, артына өшпес із қалдырған адал перзенті. Өз халқына, ел-жұртына адал еңбек еткен, оның іргелі ел болуын жатпай-тұрмай ойлаған мұндай тұлғалар арғы-бергі тарихымызда өте аз. Әйтеке сонысымен де ұлы адам. Оның есімі – қазақ даласының көгінде желбіреп тұрған аспан түсті туымыздай, әр қазаққа қымбат, әр адамға қасиетті есім.

Сондай-ақ Әйтеке бидің ғұмырнамасын кеңінен зерттеп кеткен тарихшы-жазушы Мұқадес Есләмғалиұлы да «Әйтеке би» тарихи-философиялық кітабында Жабай атамыз туралы айтып өтеді. Онда Әйтеке би мен Мүсірәлі қожа әңгімесінде:

«... – Сен сіргелі Қазыбектің Жабайын танушы ма ең?

– Тоқсаба (жасақ басы деген мағынада) Жабай ма? Өткен жылы Мәртөбеде алыстан көргенім бар. Тілдеспеген адамым.

– Мынау – кәміл сол. Атқа отырысы – соныкі.

– Тоқсаба ғана емес, өзінің арқасы мен көріпкелдігі бар деген не сөз?

– Жұрт солай десе, құр жаяу болмағаны да. Ал қалың жау ішінен өз жасағын талай аман алып шыққандығын аңыз қылып айтып жүргендерді өз құлағыммен естігем...» (М. Есләмғалиұлы. Әйтеке би. Алматы. «Жазушы» баспасы, 2007, 40-б.).

Бұл жерде автордың Жабай атаның Сіргелі руынан шыққандығы, батырлығы, тоқсабалығы мен көріпкелдігі туралы ақпаратты пайымдауы дұрыс болғанымен, Әйтеке би мен Жабай атаның өмір сүру кезеңдері сәйкес келмей тұр. Жабай батыр ол тұлғадан жарты ғасырдай кейін өмір сүргендігі белгілі болып отыр.

Тарихымызда Керей Жабай Қарабиұлы деген батырдың болғаны анық. Ол 1680-1748 жылдар аралығында ғұмыр кешкен ірі тұлғалы батыр екен. Керей Жабай Қарабиұлының туғанына 338 жылдығына орай Алматыда 2018 жылы 15 қаңтарда үлкен жиын, ғылыми конференция өткізілді. Батырдың өмір сүрген дәуірі мен батырлық ерліктері өз дәуіріндегі тарихи оқиғалармен дәлелденіп нақты зерттеулер келтірілген.

Демек, жоғарыдағы екі автордың еңбектеріндегі Жабай батыр туралы айтылғандар Жабай Қарабиұлына, Сіргелі Жабай батырына қатысы жоқ болуы ықтимал. Бұл мәселелер келешекте кеңінен зерттелсе. Әйтеке бидің жанында құрдасы болып жүрген қайсы Жабай немесе Жабай батырдың қасындағы қайсы Әйтеке би деген сұрақтар шешімін тауып тереңдетіп қарастырылса құба-құп болар еді.

Жоңғар-қазақ, қытай-қазақ соғыстары дамылдап, елде мамыражай заман орнаған соң қазақ ханы Абылай ескі үзеңгілесі Жабайдың қолына мөр беріп, ел басқартады. Сол заттар және кісесі күні кешегіге дейін атаның жұрағаты шымкенттік Ерген Махатбайұлының үйіндегі сандықта сақталып келгенін әулиенің ұрпақтары біледі. Ал Азизбек (Әзізбек) Қалшабековтың үйінде Жабай бабаның мөрі сақталған. Кейінірек датқалық лауазымға өзінің көзі кеткен соң ұлы Дәулетияр ие болғанын да көзіқарақты жандар айтып та, жазып та жүр.

Кемеңгер Төле би жарық дүниеден өткен соң билік Қойгелдінің қолына көшеді. Бұл уақыт қоқандықтардың қазаққа қоқандап, тісін батыра бастаған тұс еді. Ат жалын тартып мінген Жабай ел-жұртын дұшпаннан қорғау үшін күш-жігерін аямады. Қойгелдімен бірге жауымен талай алысты. Екіжүзді саясат ұстанған Ресей билігінің қуйтырқы әрекеттерінің нәтижесінде қоқандықтар оңтүстік өңірін жаулап алды. Дегенмен, олар Жабай атаның қарамағындағы елге азуын тым көп батыра алмады. Киесінен тайсалды.

Кие демекші, Жабай атаның ауызы дуалы екен, не айтса да аса сақтықпен, ойланып барып айтатын көрінеді. Егер ол кісі біреуге реніш білдірсе, киесіне ұшырайды екен. Ол жасы келіп қартайған шақта ел билігі Дәулетияр деген баласына, әскер басшылығы Мамадияр деген ұлына беріледі. Әскер басшылығындағы ұлы әрі өте дәулетті көрінеді. Байлыққа мастанған оның әйелі боз биенің саумалына шомылып, кесапаттық мінез танытыпты. Әулие атаның құлағы мұны шалып, келініне наразылығын білдіріпті. Бірақ байлыққа мастанған келіні әдетін қоймапты. Сонда Жабай ата кесапат келініне ашу үстінде: «Тұқымың құрысын, тұқымың құрғыр» деп кейістік білдіреді. Содан кейін оның дүниеге келген балалары шетінен шетінеп, өзі одан кейін құрсақ көтермей қалыпты.

Жабай атаның көзі тірісінде тумалары мен туыстары, ағайын-бауырлары оның бетіне келмейді екен. Әулиенің киесінен сескенсе керек. Ол өзінің бақилық боларын үш күн бұрын болжап, әулеттерін алдына жиып, олармен қоштасыпты. Сонан соң: «Сендер мына менің балаларымдай болып кеткен Қыдырбай, Асыр, Қызылды бөле жарып қарамаңдар, көз алартушы болмаңдар. Осы шартымды бұзсаңдар, менің кием ұрады» депті. Аты аталғандар түрлі жағдаймен атаға келіп паналаған басқа елдің адамдары екен. Кейін олардың ұрпақтары: «Біз Жабай атаның төртінші әйеліненбіз» деп әулиеден тарайтын әулетке сіңісіп кетіпті.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Жабай әулие өзінің бақилық боларын алдын ала болжап біліпті. Сөйтіп, ағайын-туыс, жақын тумаларын жинап, өзінің үш күннен кейін мәңгілік мекеніне барып, жаны жай табатынын айтыпты. Кіндігінен тараған балалары әкелерін арулап шығарып салудың қамына кірісіп кетіпті.

Мысалы, Ерген Махатбайұлының кітабында былай деп өріледі: «Ол кісі көктемде Сыр бойындағы қыстауынан көктемдегі жайлауына көшіп келеді. Қазіргі кесене тұрған жерге келгенде, Ата көшті тоқтатып: «Мен үш күнге рұқсат сұрап едім. Онша ұзай алмадық, енді үй тігіңдер. Мен осы жерде Алланың аманатын тапсырамын. Мен дүниеден өткен соң Биесимасқа, Жанкел ақынның жанына қойыңдар, не болмаса дәл осы мен дүниеден өткен жерге қойыңдар. Бірақ ишандар, ел басшылары мені Ташкенттегі ишандар мазары Көкшеге қоятын болса, онда менің рухым Ташкентте болмайды, келешекте мені іздегендер осы мені жуған жерден іздесін. Баршаңызға ыландаған мал мен бедеу әйелдерге пайдам тиер» деген екен. Жабай ата жан тәсілім етер алдында кенже ұлы Шоңғарды шақыртып аузына түкірген екен. Үш-төрт жасар бала түкірікті құсып тастапты. Сонда атаның бәйбішесі құсықты жалап-жұқтап қойған екен. Әулие кісі баласы түкірікті (бәйбішесі жалап-жұқтап қойғанын білмей): «Жұтты ма, жұтты ма?» деп сұрай берген екен. Сонда сол жерде отырғандар: «Құсықты бәйбіше бала құсып тастаған соң, жалап-жұқтап қойды» дегенде, Ата: «Ойпырмай, өзім бермесем де билікті тартып алыпты ғой, билік жеті атаға дейін баратын болды ғой. Шоңғарым ақсақ болып қалдың ғой, арам жақпайтын болды. Таза жүрсең несібеңе өзім қарыздармын. Ертең Айша, Шоңғардың лайға батып жатқан лағын айдап шығарған адамды да қолдармын» деген екен.

Бәйбіше балаларына:

– Кез келген дау-дамайға барғанда қорланбай Шоңғардан бата алып барыңдар, олай етпеген күнде жолдарың бола қоймайды, – деген екен.

Шоңғар атамыз билікпен ісі жоқ, тура сөйлейтін, өзі тірі кезінде әулие атанды. Ол кісінің кереметтерін көрген біраз кісілер ауыздарының суы құрып әңгімелейді. Жабай ата Шоңғарға «Сенде әулиелік қалды. Адал жүрсең несібеңе өзім қарыздармын» деген екен. Шеңгелді станциясынан оңтүстік батыста 7 шақырым жерде, Шоңғар ата басына ескерткіш қойылған. Жабай атаға бара алмағандар Шоңғар атаға барып зиярат етеді.

Шоңғар атаның баласы Ысмайыл, Айтбайлар түрлі ауруларды дұға оқып жазатын болған. Бұлардың тақиясын беріп жіберсе, мартулап жатқан әйелдер аман-есен босанады екен.

Махатбай Айтбайұлы, Сарқұл Ысмайылұлы, кейін Төребек иттенген балаларды дұға оқып, оларға түкіріп жүрді. Сарқұл атамыздың оқуы әруақытта ем болатын. Атама көрші тұратын қожалар:

– Сіз «Ықылас» сүресін 10 рет қайталап оқып жіберсеңіз. Сіздікі қалай ем болады? – дегенде, атамыз:

– Ем ететін Алланың құдіреті, бабамыз Жабайдың қолдауы, – деп жауап береді екен.

Кейін көршілерінің бұған көздері жетеді.

Бәйбішеден таралған ұрпақ жеті атаға дейін ел билеу ісіне араласып келеді. Дәулетиярдың ұрпақтары бек, болыс, датқа, ояз болды. Атап айтқанда: Бекмұрат – бек, Қоқан ханының мыңбасы, Бекмұраттың баласы Қалшабек – болыс, Қалшабектің баласы Махамбет – болыс, Махамбеттің баласы Аппазбек – Шеңгелді Кеңесінің 15-20 жылдай төрағасы, Пазылов Балхия – аудандық сот төрағасы, облыстық соттың мүшесі (Е.М.Айтбаев. «Жабай тоқсаба әулие». Алматы. 2012, 38-39 бб.). Кезінде Сүлеймен болыс, Әбдіқадір ояздың лауазымды адамы болған. Бұл да әулие жанның қасиетін айғақтай түссе керек.

Біз Жабай атаның көзі тірісінде адамдарға жасаған қызметінің ел аузындағы бірен-саранын айттық. Енді оның бақилық болған соң адамдарға тигізген шарапатына көпшіліктің назарын аударайық.

Қасиетті баба қайтыс болғанда, оның ел билеген, әскер басқарған қолбасылығын, атақ-даңқын қастерлеген қалың жұрт Ташкенттегі үлкен зираттардың біріне апарып қоюды жөн көріпті. Сөйтіп, Әлімтау даласында дүниеден өткен әулие бабаның мәйіті көз жұмған жерінде жуылып, сол арадан бір күншілік жердегі шаһарға жерлеуге алып кетіпті. Мәйітшілер жолда Сарыжылға өзенінің бойына түнейді. Олар таңертең ертерек тұрып қараса, мәйіт қойылған жерге бір тамшы қан

Жабай тоқсаба әулиенің
өзі пайдаланған мөрі

Жабай тоқсаба әулиенің немересі Бекмұрат
батырдың құбылнамасы (компасы)

тамып қалыпты дейді. Мәйітшілер сол жерге белгі қойып кетеді. Келер жылы сол араға соққан адамдар бір түп ақ шеңгелдің өсіп тұрғанын көреді. Сонымен, бабадан Әлімтау даласында екі белгі қалады. Біреуі – оның мәйіті жуылған жер, екіншісі – оны жерлеуге алып бара жатқанда түнеген орнында бір тамшы қаны тамған жер. Бұрынырақ ел осы екі жерге де сиынып, зиярат жасайтын болған. Бұл тұстан өткен жолаушылар әулиелі орынға тоқтап, Құран оқып аттанған. Дегенмен, уақыт өте келе бір түп шеңгел өскен орындағы белгі жойылып кетіп, ол жердің анық қай орын екендігін анық білетін кісілердің көзі қалмаған. Сондықтан бүгінде қасиетті бабаға сыйынатын жұрт оның денесі жуылған «Жабай белгісіне» барып тәу етеді.

Тылсым құдірет қонған бұл жерден әлі күнге жыл маусымының барлық мезгілінде де адам аяғы үзілмейді. Көбіне сәрсенбі, бейсенбі күндері зиярат етуге келіп, мал сойып, қан ағызып, құрбандық береді. Көптің айтуына қарағанда «Жабай белгісінің» басына түнеп, тәу еткен адамға әулие баба аян беріп, керемет құдіретімен оларға шапағат нұрын тигізіп жатады. Мұндай ғажайып ғаламаттарды басынан өткерген замандастарымыздың сол бір сиқырлы қасиетті таңғаларлық жыр етіп айтқанын өзіміз де естіп, біліп жүрміз.

Қасиетті бабаның нұры қалған сол орынға бүгінгі ұрпақ зәулім ғимарат салып, Самарқанның көк тасымен сән салтанатын сәулеттендірді. Қазіргі кезде мұнда келушілер қатары молайған. Шындығында, атеизм асқынып, тіпті аспандап тұрған кеңес дәуірінде де Жабай атаның жұғысына келіп тәу етіп жүргендерді көргендердің біразының көзі тірі. Біз де солардың біріміз. «Жабай әулие» атанған жерге Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Алтай өңірі, Моңғолстан, Ресейдегі мұсылман жұртынан адамдар келіп тәу етіп жататын. Сол кездің куәгерінің бірі Еркебай Бұрлібаев есімді ел ағасы өзінің арғы атасы, әулие Сіргелі Жабай туралы зерттеуінде былай деп жазады: «Жабайдың белгісіне түнеп, оның рухын көрдік дегендер, әуелі Ташкент (жерленген жері) жақтан ақ саң көрініп, одан ақ боз атты бабаның бейнесі елестегені жөнінде айтқанын талай естідік. Ал бұрынғы Әлімтау кеңшарының молдасы Маман қарияның айтуынша, мұнда денсаулықтары нашар, кемтар жандар, перзент тілеушілер көбірек келеді екен. Кейде партия, кеңес органдарында жұмыс істейтін қызметкерлердің де қарапайым киініп, жасырын келіп, Құран оқытып жатқанын да байқағанбыз. Жалпы айтқанда Сіргелі Жабай атаға деген көпшіліктің сенімі, пейілі ерекше. Солай болып қала береді де».

Кеңестік дәуірдің кезінде Жабай атаның тікелей ұрпағы Рахманберді деген азамат орысша сауатты болып, ел басқару ісіне араласыпты. Сонау отызыншы жылдары ел басына нәубет келіп, елді ашаршылық жайлай бастағанда оның әйелі кесапаттық жасап, малдың ішек-қарнын суға ағызып жіберіпті. Ал Рахманбердінің өзі мақтангершілікпен ақшаға махорка орап шеккен кездері болыпты. Содан түсіне Жабай ата еніп, қатулы қабақ танытса керек. Ол сол күні таңертең орнынан тұра алмай сал болып қалыпты. Шайқап өмір сүрген әйелі мүгедек болып қалған оны тастап, қолда бар байлықты иемденіп, басқа адамға тұрмысқа шығып кетеді. Тәубасына келген ол күні-түні аруаққа жалынып, арғы бабасына сыйынумен болады. Бірде оған Жабай ата аян беріп: «Әй, балам-ай, жылап қоймадың ғой, мейлі қолыңды жая қой» деп бата жасаған көрінеді. Содан ол ауруынан құлан-таза жазылып, бертінге дейін өмір сүріпті. Басқа әйелге үйленіп, одан перзент көріпті. Оның үрім-бұтағы әлі күнге дейін ағайын арасында өмір сүріп жатыр.

Аруақты, қасиетті жандардың өздеріне ғана көрінетін пірі, киесі болады. Жабай батырдың пірі – қос жолбарыс пен ақ түйе. Бұл киелер Жабай батырға қалай келді, қай кездері көрінеді? Бұлар жайлы көнекөз қариялар, шежірешілер, ұрпақтары күні бүгінге дейін аңыз етіп айтып отырады. Жазушылар Момбек Әбдәкімұлы, Нұрғали Ораз, Шойбек Орынбай және басқа да ғалым-қаламгерлер Жабай бабаның пірлері жайлы жан-жақты зерттеп, жазып жүр.

Міне, бізді Сіргелі Жабай баба ерлігімен қатар ел ішінде аңыз болып кеткен көріпкел көрегендігі таңғалдырды. Ерекше жаратылысы жайлы естіп біліп, арнайы зерттеуді қолға алған едік.

Жабай батырға Абылай хан жеңіс туы – ақ туды салтанатпен беріп, сеніп тапсырған. Жабай қоластындағы қолының, сарбаздарының ық жағындағы қалқаны, жау жағындағы панасы бола білді. Елі, жері үшін талай-талай жорықтарға қатысып, үлкен қолбасшы, нағыз ту ұстаушы сардар екендігін танытты. Елдің есінде «Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр» деген атпен есімі қалды.

«Ен-таңбасы болмаса, малды қайдан танырсың, Ақ туы егер болмаса, батырды қайдан танырсың?» деп әз Төле би айтқандай Жабай бабаның ақ туы ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып, мұндаға дейін сақталған.

Жабай батырдың қолбасшылығы, батырлығы, ержүректілігі жайлы аңыз әңгімелер қаншама?!

«Атың тайғақ болса – ақтекенің мүйізімен тағала, Заманың тайғақ болса – бір жақсыны панала» демекші, өз заманында Жабай баба бүкіл Сіргелінің пана тұтар данасы атанды. Сондай-ақ оның жанына жан-жақтан әртүрлі жағдайлармен келген басқа атаның балалары да күні бүгінге дейін еншісі бөлінбей атаның ұрпағы болып кеткен.

Сіргелі Жабай батырдың көріпкел қасиетімен бірге көсемдігі, шешендігі, турасын айтатын кемеңгерлігі жайлы да ел арасында әңгіме көп-ақ. «Адам – ақылымен бай, жер – дақылымен бай» демекші, елі мен жері үшін ат белінен түспей, жауға да, дауға да қатысып, батырлығымен аты шығып, қолбасшы болып, Абылай ханнан Ақ туды алған Жабай баба жасы ұлғайғанда даналығымен елді тәнті етті. Бүкіл елінің ақыл сұрар абыз ақсақалы атанды. Айтқаны келген әулие, болашақты болжаған көріпкел, көреген атанды.

Аты алысқа кетіп, ел есінде аңыз болып сақталған Жабай батырдың туғанына 190 жыл толуына орай ұрпақтары бірталай игі шаралар ұйымдастырып өткізуді қолға алып отыр.

«Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы адам – ортақ» дегендей, Сіргелі Жабай батырдың сан қырлылығы жайлы жазылар жайлар, зерттеу дүниелер әлі де жалғаса берері сөзсіз.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастыру орталығының бас ғылыми қызметкері, жазушы

Жабай тоқсаба әулиенің кісесі

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

Тұма бұлаққа ат суғарады. Жылқы жарықтық таза суды мейірі қанып ішеді. Адам да солай. Таза жүрек бір-бірін суғарады, мейіріммен шөлін басады. Мен 1978 жылы көкек айының 22-сінде осындай бір тұма бұлақтай таза адаммен табыстым. Пәтер кілтін алдық. Пәтер болғанда қандай, СовМиннің үйі.

ҮШІНШІ ЭРНЕСТ

Бесінші қабат. Бұл тақияма тар келмейді. Өйткені жаңа қосылған жанжарым екеуіміз ғана. Балкондас көршім – сұңғақ бойлы, қоңқақ мұрын, кең иықты, жүзінен мейірім шуағы төгілген адам. Күлімсіреп жүреді. Төрт баласы бар. Министрлер Кеңесінде жауапты қызмет атқарады. Қол алысып таныстық. Мені баласынбай «Эрнест» деп есімін айтты. Әдебиет айналасында жүргесін Эрнест Хемингуэйді білемін. «Соған орайластырып қойды ма екен?». Тағы бір Эрнест бар. Ол – Герман Коммунистік партиясының лидері, Моабит түрмесінде отырып, ақыры Бухенвальдта жан тапсырған Эрнест Тельман. «Сұрау ыңғайсыз, кейін біле жатармын». Жалпыға жаттығы жоқ, адамды өзіне тартып тұрар өн бойында бір бұла күші бар кісі екен. Қазақ Ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетін тамамдапты. Ғылым кандидаты. Қырыққа келген жасында өмірдің өткелегінен әбден өтіпті. Студент күндерінде-ақ спорттың шыңына шығып, самбодан КСРО спорт шебері атанып, біраз жерде қазақтың намысын жыртып, жалауын желбіретіпті.

Агрономия жағынан жақын екенбіз. Менің де әуелі агрофакта оқып, кейін журналистика жағына кеткенім бар еді.

– Институтта кімдерді білесің? – деп сұрады.

– Хайдар Арыстанбековті...

Ректордан төмен түспегесін одан әрі қозғамады.

Агрономия дегеніміз – жер тану, топырақпен бірге өмір сүру ғой. Бұл кісі де топырақпен жаны бір адам екен. «Ауыл шаруашылығына мал азығын өндіру» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, ғылымға өзіндік үлесін қосып, оны тәжірибемен астастырыпты. Жоғары оқу орнын бітіргесін ата мекені – Талдықорған облысындағы екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, атағы жер жарған Никита Головацкий басқарған «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы колхозда қатардағы агроном боп қызмет істеп, жақсы мен жаманға көз жеткізіпті, қасиетті қара жер мен жасампаз Адам арасындағы талай сырға қанығыпты, тәжірибе жинап, мамандықтың құпия теңізінде құлаштай жүзіпті. Оның қайда жүрсе де адал жүргені анық. Өтірік айта алмайды, үлкенге де, кішіге де шын сөйлейді, бұра тартып, боссөзділікке салынғанды жаны сүймейді.

Бұл кісі үлкендігін алға тартып, әуелі маған есік көрсетті. Тоқсанның бел ортасына тақаған қария әкесі бар екен. Мен де шалдың баласымын. Әңгімеміз жарасып, ол кісі менің ауылымның тіршілігі туралы сұрады. Мен де әкелерім келгенде Эрекеңді үйіме шақырып, шалдармен жүздестірдім. Агроном боп туған адам кетпен шапқан Ыбырайды көріп, қатты таңғалды. Саусағын ұстап көрді. «Мына саусағыңызға кетпеннің сабы қалай шыдайды?» деп сұрады.

Бір оқиға: әкесі алғаш ауылдан келгенде көршісі, Халық артисі Нариман Қаражігітовті қонаққа шақырып, әнші: «Мен қарияға арнап «Ер Тарғын» операсынан үзінді орындап берейін» деп, күмбірлеген кең дауыспен ария айтып тұрғанда, ақсақал: «Мынау не деп тұр өзі?!» деп таңғала қарапты. Қазақы көңілдің қазақы көрінісі осы емес пе? Ақсақал Эрнестің қолынан мәңгілік дүниеге сапар шекті. Үлкен-кіші боп шығарып салдық.

Нарық заманы бас сұққанда қазақ бет-бетімен ыдырап кетті. Біз де «Қазақфильм» ықшамауданына 18 жыл қоныс аударып келдік. Жылап көрістік. Эрекең ағалығын, Айман жеңгелігін көрсетіп, келген бетте үйіне шақырып, ал кеп алқа-қотан әңгіме басталды. Әдебиет туралы, өнер туралы айттық. Эрекең көркем әдебиетті көп оқитын, қазақша газет-журналды жаздыртып алатын. Мен бір «Үркер» деген журналдың редакторымын, бұл кісі №1 оқырманым. Бірде жаңа саны кешігіп қалыпты. Жаны төзбей дереу пошта меңгерушісіне телефон шалыпты. Ол хат тасушыға түсінік жазғызыпты. Сөйтсе, хат тасушы келіншек байқамай журналды біздің жәшікке салып жіберіпті. Мен ағаның қолына екі «Үркер» ұстаттым. Келіншек жыламсырап тұрып түсінігін қайтып алды.

Айман жеңгей де педагог, балалар бақшасының тәрбиешісі, кітаптың қадірін бір адамдай біледі. Айтпақшы, ол «Қыз Жібек» кинофильмі бойынша Жібек рөліне конкурсқа түсіп, соңғы турда «сүрініп» кетіпті. Екеуі Қыз Жібек пен Төлегендей нәзік өмір сүрді. Балаларымыз бір аулада ойнады. Олар үлкендігін көрсетіп, біздің кішкентайларымызға қамқор боп жүрді. Есік алдында қазақша сөйлейтін осы екі үйдің балалары еді. Эрекең кіммен болса да қазақша сөйлесетін. Алматының сән-салтанат сөзін екінші орынға қойып, ана тілін қашан да алға шығаратын. Ұл-қыздары мен немере, жиендерін де осылай баулыды. Ата жағынан грузиялық курт жиені нағашысын Кеңсайға жерлеуге апара жатқанда қазақша сөйлеп, үлкен-кішіні таңғалдырды. Акцент жоқ. «Қазақшаны атам үйретті» дейді нағашысын қия алмай. Қазақтың Эрнестен алып қалары аз емес-тұғын.

Айдар, Ердос, Зылиха, Шынар – осы бір өмірге сирек келетін адамның қараорманы. Бәрі де бүгінде әке мен ана, елінің іргесін қатайтқан тіршіліктің майталмандары.

1937-38-39-шы қанды кезеңде туған перзенттеріне қазақтың көзі ашықтары Эрнест, Заким, Советбек деп есім беріпті. 38-жылы өмірге келген ұлына Эрнест деп ат қойғанда әке сорлы Эрнест Тельмандай болсын деп тілемеді дейсіз бе? Тілегі қабыл болды.

Хемингуэйдің Эрнесі, Тельманның Эрнесі, Шәкеннің Эрнесі... Қазақтың Эрнесі американ мен немістің баласынан артық болмаса кем емес. Ол тек Орта Азияда туып, ортада қалды, өз ортасынан шыға алмай қалды.

Дертіне ота жасағаннан кейін есік алдында кезіктім.

– Биікке қарай біраз жүрейік деп едім, – деді. Өңі солғын. Шаршаңқы.

– Жүрейік, аға, жүрейік.

– Сен жолыңнан қалма. Мен өзім жүремін ғой...

Ол Алатауды беттеп, жай басып ойланып кетіп бара жатты. Өмірден алғаны мен бергеніне есеп беріп бара жатты.

Жақсы адаммен ең соңғы жүздесуім деп ойлаған жоқпын.

Кеңсайдың ең биігіне қоныс тепті.
Өзі де биік еді.

Қуандық БОҚАЙ

КӨРМЕ

Денсаулық туризмі – маңызды сала

Алматыдағы Қазақстан қонақүйінде «Kazakhstan Health EXPO – 2019» атты медициналық бағыттағы көрме өтті. Түркиялық «ExpoTurka Fuarcılık Ticaret Limited» ұйымдастырған шараның басты мақсаты – екі ел арасында барлық салада іскерлік қарым-қатынастарды дамыту.

Шараның ашылу салтанатында Түркияның Қазақстандағы бас консулы Рыза Қаған Йылмаз бауырлас мемлекеттің әңгімесі бір екендігін атап өтті. «ExpoTurka Fuarcılık Ticaret Limited» басшысы Халил Чыбыклы Түркияның медициналық жетістігі Қазақстандағы дәрігерлерге берілетін мүмкіндіктердің мол болатындығын тілге тиек етті. Сонымен қатар ол бұл шара Алматыда жыл сайын өткізілетіндігін айтты.

Көрме барысында Түркияның кәсіби білікті дәрігерлермен қатар, техникалық мамандар жоғары деңгейде, заманауи технология мен медициналық құрылғылар, ауруханалар мен емханаларда кеңінен насихатталды. Сонымен қатар Түркияның түкпір-түкпірінен арнайы келген білікті мамандары Қазақстандағы әріптестерімен тәжірибе алмасып, білген ақпараттарымен бөлісіп, дертіне дауа іздегендерді бірге емдеудің жолын табуға әрі Түркияның медицина саласындағы мүмкіндіктермен бөлісті.

Денсаулық туризмі – дамыған және дамушы елдер үшін аса маңызды сала. Үздіксіз салынып жатқан инвестициялар мен бәсекелестіктің арқасында аталған сала уақыт сайын күшейіп келеді. Жалпы Түркияда денсаулық туризмі Орталық Азиядағы мемлекеттермен салыстырғанда, барынша дамыған.

Нұрлан ҚҰМАР

ТІЛДІҢ АЛДЫНДА ТІЗЕРЛЕП ҚЫЗМЕТ ЕТЕЙІК

Бексұлтан НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

(Басы 1-бетте)

1929 жылғы латын әліпбиінің тәжірибесі мұнда мүлде ескерілмеген. Ол әліпбиді қазақ он жыл бойы пайдаланған болатын.

Қазақ тілі – ежелден, бұрын да, кәзір де жалғамалы тіл. Олай аталатын себебі бұл тілдегі барлық сөз, оның буыны да, түбірі мен қосымшасы да – бәрі бір-біріне жалғану арқылы жасалады. Бір буында бір ғана дауысты дыбыс болады. Осы басты ерекшелік емле ережеде анықтап айтылмаған, оған көңіл аударылмаған. Демек, басшылыққа алынбаған.

Жалғамалы тіл болғандықтан, қазақ тілінде сөздің бастапқы буыны немесе түбірі жуан болса, оған жалғасатын буын мен қосымша да жуан болады, ал сөздің бастапқы буыны немесе түбірі жіңішке болса, оған жалғанатын қосымша мен буын да жіңішке болады. Бұл үндесім – қазақ тілінің негізгі заңы болып табылады, оны үндестік заңы. Бұл сингармонизм заңы тіліміздің негізгі заңы болып табылатынын талдап дәлелдеген – Хәлел Досмұхамедов.

Түбірге жалғанатын қосымшалар – жұрнақ және жалғау. Екеуі қатар жалғанғанда, түбір сөзге әуелі жұрнақ, сонан соң жалғау жалғанады. Жұрнақ өзі жалғанған сөзге жаңа мағына берсе, жалғау сөз бен сөзді байланыстырады. Жалғаудың көптік жалғау, септік жалғау, тәуелдік жалғау, жіктік жалғау деген төрт түрі бар. Буын үндестігінің негізгі үлгісі мынандай: «Ха–лық+шыл–дар–ға қосылдық». Халық – түбір, ха – жуан буын болған соң, оған жалғанған – лық буыны да жуан болып тұр; – шыл – жұрнақ, дар – көптік жалғау ға– септік жалғау. Бәрі үндестік заңына бағынып тұр. Ө – лең+ші +сің. Өлең – түбір сөз, ө – жіңішке буын, оған жалғанған – лең де жіңішке буын, – ші – жұрнақ, – сің – жіктік жалғау.

Алайда қазақ тілінде үндестік заңына мүлде бағынбайтын және жартылай бағынатын қосымшалар да бар. Мысалы: – хана жұрнағы. Ол жуан буынға да, жіңішке буынды сөзге де өзгермей жалғана береді: ас – хана, дәм – хана. Бұлай болатын себебі, бұл жұрнақ – тілімізге шет тілден сіңген, «үй», «орын» деген мағына беретін жұрнақ.

- кер, -гер жұрнақтары да жуан және жіңішке буынды сөздің бәріне бірдей жалғана береді. Бірақ сөз соңындағы дауыссыз дыбыстың қатаң, ұйаң келуіне қарай үндесіп жалғанады: жұмыс – кер, мініс – кер, тәлім – гер, арда – гер, т.с.с.

Сондай-ақ -тікі (-дікі, -нікі) сыйақты қосымшалар да үндестік заңына жартылай бағынады: адам – дікі, ит – тікі, кісі – нікі, т.с.с.

Мұндай ерекшеліктерді «ескерту» немесе «бірақ» деген уәжбен түсіндірмей, тілдің табиғатына сай талдап көрсету қажет. Н.Уәлінің басшылығымен жасалған емле ережеде қазақ тіліндегі барлық түбір сөзде екі дауысты дыбыстың қатар келмейтіні де, бірдей екі дауыссыз дыбыстың да қатар келмейтіні айтылмайды. Ахаң да, Хәлел ағамыз да қадап айтқан ол қағида бойынша, біз «ләззат», «махаббат», «мүдде», «құдды», «іззет», «молла» демей, «ләзәт», «махабат», «мүде», «құды», «ізет», «молда» деп жазуымыз керек. Бұған енжар қарасақ, кәзір қазақ баласы айта алмайтын сөз жоқ, айта аламыз деп жүріп, тіліміздің төл табиғатынан қалай айырылып қалғанымызды білмей қаламыз.

«Сонда бұл жаңа емле ереже қандай заңды басшылыққа ала отырып жасалды?» – деген заңды сұрақ өзі-өзінен туындайды.

Дұрысын айтқанда, Н.Уәлі басшылығымен жасалған бұл жаңа емле ереже – бұрынғы кеңес заманында жасалған бодан тілдің емле ережесін одан ары жалғастыратын ереже. Сөзі басқа, жүйесіздігі басқа болғанмен, мазмұны сонымен бірдей. Ал қәуіптілігі өте күшті.

Кезінде Сталин әуелі белгілі бір ел, мемлекет бір тілде сөйлейтін болады, сөйтесөйте әлем бір тілге көшеді деген сәуегейлік айтқан. Кеңестер Одағы сол бір тілге көшуге зорлықпен болса да бейімделе бастаған. Біздің кеңес заманындағы емле ережеміз – Сталин мен Хрущевтің талабына толық сай келетін ереже.

Ұлт болу үшін бес түрлі шарт жүзеге асуы керегін де Сталин белгілеп берген болатын. Оның айтуынша, ұлт болудың ең басты шарты – тілдік және тұрақ-мекен тұтастығы, сондай-ақ економикалық, әдет-ғұрып пен салт-сана, психологиялық-мінездік бірліктер мен тұтастықтар қажет деген-ді.

Мәселен, АҚШ халықтарын бір мемлекетке біріктіріп отырған не? Ең бастысы – тіл мен тұрақ-мекенінің тұтастығы. Бұл екі тұтастық бар жерде өзге тұтастық та болады. Әйтпесе Америкада қай халық жоқ, бірақ бәрі бір тілде сөйлейді, бір мекенде тұрады. Европа мемлекеттеріндегі жағдай да сондай: бәрі тіл мен тұрақ-мекенінің тұтастығы арқасында ұлт ретінде дамып, өркендеп жатыр. Білім мен ғылымсыз економиканың да, адамзаттың да дамуы болмайды. Ал білім де, ғылым да тек тіл арқылы мыйға сіңеді.

Кеңес заманында академик Н.А.Баскаковтың «Русские фамилии тюркского происхождения» деген кітәбі шықты (М.Наука, 1979). Оның дәлелінше, орыстың ұлы жазушылары Л.Толстой, А.Толстой, И.Тургенев және А. Куприннің түпкі тегі – түрік. Демек олардың ата-бабасы – Алтын Орда дәуіріндегі не найман, не керей, не жалайыр мен қоңыраттың бірі.

Бірақ біз оларды ешқашан орыс емес дей алмаймыз, өйткені тілдері орысша. Демек ұлты да орыс. Економика дамый береді, тұрақ-мекен тұра береді, бірақ мемлекет қай тілде сөйлесе, сол тілдің иесі ұлт саналады. Бұл – тарихтың табиғи заңы, зорлықпен жасалған ереже емес.

Кәзір біздің арамыздағы бірде-бір қазақ сөзін білмейтн, тек орысша сөйлейтін, бірақ қазақ деп жазылатын адамдардың да болашағы Толстой мен Тургеневтің болашағына ұқсас. Ұлт боламыз, ұлттық мемлекет құрамыз десек, онда ең әуелі тілге мән беруіміз керек, мемлекеттік тіл арқылы барша халықты тұтастыра білуіміз керек. Ондай сайасат – мәңгілік сайасат. Алайда бійлік сол Н.Уәлі тобы жасаған жобаны қабылдайды-ау деген күдігім бар. Өйткені, Ерден мырзаның айтуынша, ол жаңа емле ережені дауысқа салғанда, Н.Уәлі өзі бағынатын Тіл білімі институтының деректірін де жеңіп кетіпті.

Былтыр «Известия» гәзетіне берген сұхбатында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халқымыздың жартысынан көбі өз тілін білмейтінін ашып айтты. Ал, менің байқауымша, бійліктің 70 – 80 пайызы өз тілін толық білмеуі мүмкін, көбі жарты сөзін қазақша, жарты сөзін орысша айтатыны сондықтан, ал көбі өз тілінде сауатты жаза алмайды, өз тілінде кітәп те оқый алмайды. Ұлттың болашағы осы кәзіргі жағдайға қарай жорамалданады.

Сондықтан бійлік «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережесіне» негізгі пікірді айта алмайды. Тәуелсіздіктің жыйырма сегіз жылында мемлекетті қазақ тілінде басқаруға көшіре алмай отырған бійлік өзі білмейтін немесе шала білетін тілге қалай жөнжосық көрсете алады? Комсомолдың жүз жылдығын Алматының Опера және балет театрында атап өтіп-ақ бійлік өзінің әлі нені, қай заманды көксейтінін аңғартты емес пе? Оларға бодан тілдің бодан емле ережесі де жарай береді. Өйткені олар тілдің ережесі мен табиғи ерекшелігінде ештеңе тұрған жоқ деп есептейді. Сол оймен олар Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында тілге қатысты айтылған көкейкесті мәселелерді де ауызбен орақ ору арқылы «орындайды» да, нақты ештеңені жүзеге асырмай тынады.

Еліміздің економикалық, қаржылық мәселелерін Елбасынан бастап, міністірлер, зыйалы қауым – бәрі жабыла талқылайды. Економикамыз сондықтан сапалы дамып келеді. Ал тілді тіл білетін аз ғана топ талқылайды. Сондықтан оның мәселесі мұндай күйде, әрине, мүшкіл шешіледі.

Жалпы қазақ өз тіл білімінің атасы деп Ахмет Байтұрсыновты таныйды. Алайда кеңес заманының 80 – жылдары «Қазақ әліппесін алғаш Ахмет Байтұрсынов жасады» деген бір сөйлем үшін, атақты бір филология ғылымдарының докторының көрсетуі бойынша, «Мектеп» баспасының деректірі Жарылқасын Нұсқабаевқа қатаң сөгіс жарыйаланғанын мен әлі ұмыта қойған жоқпын. Бұрынғы бодан емле ережені жасаған да сол арызқой ғалымдар болатын. Тіл білімінің Ахаң айтқан табиғи жолға түсуіне ең алдымен тіл ғалымдарының өзі іштей қарсы болатыны да сондықтан болуы мүмкін.

«Емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек. Тілдің табиғатына қарамай, зорлап, емлеге таңып байласақ, қытай қатындарының айағы болып шығады», – дейді Ахмет Байтұрсынов («Тіл тағылымы», Ана тілі, 1992, 395 – бет).

Тілді емлеге зорлап таңғаннан тіл жойылып кетеді демейді Ахаң, тілдің тұрқы қыйсық айақша бұзылады дейді. Бұған қарсы қандай дау айтуға болады? Мұны аз десең, Ахаң тағы былай дейді: «Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың законына ерген; сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатын зорлап емлеге таңып, тілін аздырған» (сонда, 396 – бет).

Ал біздің жаңа емле ережеміз тілді аздыруды алға қойып отыр. Ол зорлық 1940 және 1957 – жылы басталған, ал Н.Уәлі сол зорлықты жалғастыра беруді дұрыс көреді. Өйткені ол емлені көріп көзіміз үйреніп қалды, айтып аузымыз үйреніп қалды деп, «Қазақ жазуының бұрын-соңды тұрақтаған нәрселерін ескере отырып» жасапты. Және «үш тұғырлы тіл сайасатына» «назар аударыпты. Мен онысын жөнді түсіне алмадым, ол сайасат қазақ тілінің табиғатын сақтама дейтін сайасат па? Елдің тәуелсіздігі мен тілдің тәуелсіздігі екеуі екі басқа нәрсе емес. Екеуі – бір. «Біздің тәуелсіз Қазақстаннан басқа отанымыз жоқ!» – деп, Елбасының өзі қадап тұрып айтпап па еді? Ендеше сол тәуелсіздікке неге немқұрайды қараймыз?

«Тіл үндесімі – бірінші буынның үндестігіне қарай сөздердің бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке айтылатын қазақ тіліндегі негізгі дыбыстық заңдылық», – депті.

Жұмбаққа да ұқсайды, жаңылтпашқа да ұқсайды. «Тіл үндесімі» деген не, «дыбыстық заңдылық» деген қандай ереже? Оны Ахаң: «Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрі жіңішке болады», – деп тұжырымдаған ғой (А. Байтұрсынов «Тіл тағылымы», 1992, 392 – бет). Алайда сол «дыбыстық заңдылықты» Н.Уәлінің өзі неге сақтамайды, жаңа емлені неге соған ылайықтап жасамайды? Ол «ы» мен «й», және «і» мен «й» дыбыстарының орнына бір ғана «и» деген орыс тілінде бар, қазақ тілінде жоқ әріпті алғанда, осы ережені неге басшылыққа алмаған? Мысалы, «жи» деген буынның жуан не жіңішке екенін Н.Уәлі мырза қалай, қандай әдіс арқылы ажыратады?

Қазақ тілінде «жыйын» деген де, «жійі» деген де сөз бар. Н.Уәлі осы екі сөздің де бірінші буынын «жи» деп жазуды ұсынады. Ал ол буынның жуан немесе жіңішке екенін біз бірінші буыннан емес, екінші буынды оқып барып қана ажыратамыз. Осындай қайшылығы бар ереже де ереже санала ма?

Менің тілге деген зорлық, диктатура деп отырғаным – осы. Осы зорлық, тілге қатысты осы диктатура қандай қажеттіліктен, нендей мұқтаждықтан туып отыр? Оның дәлелі, себебі не? Айтылмайды.

Мына ережені, мәселен, диктатура демегенде, не дейміз? «Айтылуындағы –ый, –ій дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында и әрпімен жазылады». Осы тектес: «Айтылудағы ұу, үу дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында у әрпімен жазылады» делінген.

Сөйтіп бұрын тілімізде мүлдем жоқ, бірақ орыс тілінде бар және үнемі дауысты дыбысты белгілейтін «и» әрібі; бізде бұрын тек дауыссыз дыбысты ғана белгілейтін, ал орыс тілінде үнемі дауысты дыбысты белгілейтін «у» әрібі де жарты дауысты, жартылай дауыссыз болып тілімізге зорлықпен, йағный диктатуралық жолмен еніпті.

«Сы – йыр», «сұ–уыр » деп, үндестік заңын сақтап бұуынға бөлмей, енді «си – ыр», «су–ыр» деп буынға бөліп, үндестік заңын бұзып жазамыз.

Рас, «и» әрібі орыс тілінде бар және үнемі дауысты дыбыс болып айтылады. Ал қазақ тілінде біресе жуан, біресе жіңішке дауысты болып құбылып жазылмақ. Жат әріп екені содан-ақ белгілі болып тұрған жоқ па? Өз тіліміздің ешбір әрібі өйтіп біресе жуан дауыстыны, біресе жіңішке дауыстыны белгілемейді.

Құбылып оқылатынымен қоймай, ол әріп Н.Уәлінің өзі айтып отырған «дыбыстық заңдылықты» да бұзады. Мысалы, «жы–йыр–ма» деп тіліміздің табиғатына сай буынға бөлудің орнына, ол заңдылықты бұзып, «жи – ыр – ма» деп бөлуге мәжбүр боламыз. Ал мәжбүрлеуді диктатура демегенде, не дейміз?

Өзінің осы мәжбірлеу заңына бағына қоймайтын екі сөзге «ый, ій» қалпын сақтап жазуға «рұқсат» береді, ол «тый» және «сый» буындары екен.

Алайда, менің білуімше, адамның басындағы «мый» мен нотадағы «ми» белгісін де бірдей жазып мыйлықтыруға болмайды.

Нота демекші, әрбір нотаға ән сөзінің бір буыны жазылады. Дауысты дыбысқа айақталған буынды ашық, дауыссыз дыбысқа біткен буынды тұйық буын дейміз. Ашық буын созылып әуезді айтылады, ал тұйық буын созып айтуға келмейді. Салыстырып көрелік: бі – йе, тү – йе; сы – йыр, сү – йір; ты–йын, тү–йін; жұ –уын, тұ – йық; сұ–уып, сұ – йық; т.с.с. Бәрінің бірінші буыны – ашық, созып айтуға болатын буын. Енді соларды тұйық буынға айналдырсақ, былай болады: бій–е, түй–е; сый–ыр, сүй–ір; тый–ын, түй-ін; жу–ын, тұй–ық; су–ын, сұй–ық. Бәрінің бірінші буыны – тұйық, созуға келмейтін буын. Демек жаңа ереже сөзіміздің ғана емес, әніміздің де әкесін танытады.

1957 – жылы тілімізге енген бұл зорлықтан емлемізді құтқара алмасақ, латын әліпбійіне не үшін көштік? Не үшін «рухани жаңғыруды» қуана қолдадық?

Меніңше, тіл мамандары бійлікті әдейі алдады: алдымен «Қазақ тіл емлесінің негізгі ережелерін» жасаудың орнына, әуелі әліпбійді құптатып алды да, сонан соң бұрынғы ережені соған ылайықтап жайғастыра салды.

Тілдің табиғатын бүйтіп бұзатын заңды ұсыну Сталин заманында заңның 58 – бабына жататын.

Тілімізде «ұ» мен «у» әріптерінің қатарлас келетін сөздерді жазу ыңғайсыздық туғызады деп, тіліміздің табиғатына қайшы келетін ережені қабылдау тек ыңғайсыздық емес, қылмыс болып табылмай ма? Ал тілге қылмыс жасай отырып, тілді дамытатын ереже жасадым деуге бола ма?

Меніңше, бұл жағдайдан техникалық әдіс қолдану арқылы шығуға болатын еді.

Талдап көрелік. Бау, тау, татулық, саулық, жауынгер, тауық деген сөздерде «у» әрібі дауыссыз дыбысты белгілеп тұр. Оның осы қызметі қазақ тілінің табиғи болмысына сай келеді. Ал буу, туу, қуу, буын деген сөздерде «у» дауысты дыбыс санатында болып, «ұ» мен «у» дыбыстарының орнына бір өзі жүріп тұр. Ал екі дыбысты бір әріппен белгілеу – жалғамалы тілге жат нәрсе. Оның да зыйаны «и» әрібіндегідей: екі буынға бөлінуге тиісті дыбыстар зорлықпен бір буынға біріктіріледі: бұ–уын деудің орнына бу – ын деп, тіліміздің әуездік заңын бұза отырып екіге ажыратамыз.

Егер тіліміздің табиғатын сақтағымыз келсе, бұрынғы туу дегенді тұу – ұу, қуу дегенді құу-ұу деп жазған болар едік. Ғалымдар осы шұбалаңқылықтан қашуды сылтауратып, орыс тілінде үнемі дауысты дыбыстың қызметін атқаратын «у» әрібін қазақ тіліндегі екі дыбыстың орнына зорлап енгізіп отыр. Ұлттық тілге қайсысы керек: ықшам жазу үшін әріптің жат ел тіліндегі қызметін қабылдау ма әлде өз тілінің табиғи қалпын бұзбау ма?

Ахмет Байтұрсынов: «Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды», – деген ғой (Ахмет Байтұрсынов «Тіл тағылымы», «Ана тілі» баспасы, 1992, 359 – бет).

Қысқасы, бұу – ұу, сұу – ұу, құу – ұу сөздеріндегі әріпті қосарлап қолданудан қашу қажет деп тапсақ, онда екінші буындағы –ұу тіркесін қайталап жазбайақ, алдыңғы –ұу тіркесінің төбесіне төңкерілген айшық белгі ◡ қойа салсақ, сонда бұууу сөзін бўу деп қана қысқа жазуымызға болар еді.

Сондықтан Н.Уәлі жасаған «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелеріндегі «И, у» әріптерінің емлесі» деген тарауды алып тастағанды жөн санаймын. Себебі ондай тіліміздің «негізгі дыбыстық заңдылықтарын» бұзып отырған ереже қалайша ереже болады?

Бір ескеретін нәрсе: «тіл үндесімі» деген тіркес – бұлдыр мәнді сөз. Өйткені ешқашан орыс тілі мен қазақ тілі үндеспейді, демек тіл үндесімі деген тіркес – қата, дұрысы – сөз үндестігі.

Меніңше, қазақ тілінің емлесін жасап отырған ғалым тек қазақ тілінде бар сөздермен ғана емлені байандауы – міндет. Н.Уәлі мырза оған тіпті талпынбаған. Оның орыс тілінен пайдаланған терміндерін оңайлықпен түсіне бермейсің. Мысалы: «Фонема – сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратылған тілдің дыбыстық жүйесіндегі негізгі типтік бірлік».

Ережеде ю, я, щ, ё, ц сыйақты орыс тілінен енген бұрынғы әріптердің орнына қандай әріптер жазылатынын арнайы ереже қылып айтудың қажеттігі жоқ еді. Өйткені ол әріптер жаңа әліпбійде жоқ қой. Жоқ әріпке ереженің керегі не?

Кірме сөздердің біразын жекелеп алып түсінік берудің де, меніңше, қажеті жоқ еді. Себебі, бұл ереже – қазақ тілінің ережесі. Ал кірме сөздердің әрбіріне немесе тобына түсінік бергенше, «Шет тілден енген сөздер мүмкіндігінше қазақ тілінің үндестік заңына сәйкестендіріліп жазылады» деген жалпылама ереже жасасақ та жеткілікті емес пе?

Өйткені кірме сөздер алда да тілімізге ене береді, соның бәрін де біркелкі ереже бойынша қабылдауымыз тійіс қой.

«Тауар» деген шет ел сөзі емес, ежелгі өз сөзіміз. Нанбасаңыз М.Қашғаридың XI – ғасырдағы сөздігін қараңыз.

«Кітап», «газет» сөздерін де Н.Уәлі мысалға келтіріп, бұрынғыша жаза беруді дұрыс санайды. Екеуі де кірме сөз. Бұрын тіліміздің табиғатына бұларды бағындырмай жазып келдік. Енді не кедергі? Бұл сөздердің түпкі түрі – «китап» және «газета». Егер оларды өз тіліміздің заңына ылайықтасақ, «кітәп» және «гәзет» болып жазылуы тійіс. Сөйтіп жазсақ, парсылар мен орыстарды іренжітіп аламыз ба? «Кітапқа» деп айтып, жазып дағдыландық, енді «кітәп – ке қарадым», «кітәпті оқыдым», «кітәптен көрдім», «кітәппен доспын» деп жазсақ; «гәзет – ке», «гәзет – тен», «гәзет – пен» деп айтып, жазып үйренсек, «гәзет» сөзінің мағынасы өзгеріп кете ме?

«Күна», «кіна» сөздерін де «күнә», «кінә» деп жазғанымыз жөн. «Күнаға баттым» дегенді «күнәге баттым» деп айтуға болмай ма? «Күнәлі, кінәлі, күнәден, кінәден, күнәмен, кінәмен» деп айтуда қандай өрескелдік бар?

Меніңше, «шет тіл сөзі» мен «кірме сөз» дегеннің мағынасы бір. Сондықтан ережеде біреуін ғана термін ету – дұрыс.

«Лексикаланған сөз», «лексикаланған фразеология» дегеннің мағынасы бұлдыр. Лексикаланбаған сөз де бола ма? «Фразеологизм, «идиома» дегеніміз тұрақты сөз тіркесі емес пе?

«Біріккен сөз – екі сыңардан бірігіп, бір ғана зат пен құбылыстың атауы болатын бірге жазылатын сөз», – деген қағида беріліпті. Ал «Бірге жазылатын сөздер емлесі» деген тарауда: «Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады»,– делінген.

Осы екі ережені мен ажырата алмадым. Мысалға «көкөніс», «шекара», «жертөле», «бағдаршам», т.б. сөздер келтіріліпті.

«Екі сыңардан біріккен» мен «екі түбірден құралғанның» қандай айырмашылығы бар?

Орыс тіліндегі «сводные слова» деген ережеге бағынған бұл қағида қазақ тілінің әлі шешілмей келе жатқан кілтипәні.

Менің түсінігімде, екі сөздің немесе түбірдің бірігіп бір мағына беруі де, бірге жазылған сөздің бәрі де біріккен сөз бола бермейді. Мысалы, қазақ Сібірді кейде «Итжеккен» дей салады. Екі сөзден тұрады немесе екі түбірден. Осы біріккен сөзді мен «Ит жеккен» деп бөлек жазсам, ол енді біріккен сөз болмай қала ма?

Менің тіл табиғатын тануымша, біріккен сөз дегеніміз, шынында да, қос түбірлі немесе көп сыңардан тұратын сөз. Бірақ қос және көп түбірлі сөздің бәрі біріккен сөз бола бермейді. Оны тіліміздің табиғатынан іздеу керек. Іздеп көрейік. Быйыл – біріккен сөз. Бірікпей тұрғандағы тұлғалары: бұ (л) және йыл (жыл). Үндестік заңының ілгерінді және кейінді ықпалының әсерінен «быйыл» боп бірігіп қалыптасқан. Бұ (л) күн де солай: бүгүн. Біз бірақ бүгін деп зорлап жазып жүрміз. Сартауқұм деген жер аты бар. Сары, тау және құм сөздерінен құралған, бірақ үндестік заңының әсерінен «сары» сөзіндегі «ы» айтылмайды, жазылмайды. Қарағаш деген ағаштың аты да кара және ағаш сөзінен бірігіп жасалған, үндестік заңының әсерінен а дауысты дыбысының бірі түсіп қалып біріккен. Ахмет Байтұрсыновтың: «Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың қатарынан бір сөздің ішінде келуі тіпті болмайды» деуі осыдан (Ахмет Байтұрсынов «Шығармалары», 1981, 178-бет).

Ахаңның осы айтқанына мына сөздерден де көруге болады: Торайғырұлы, саралақаз, Жылой, саржайлау, т.с.с.

Жоғарыда айтқан «и» және «у» әріптері осы заңды зорлап бұзады, себебі «ки – е»,«ки–ім», «қи+ын», «жи – ын» дегенде және «бу – ын», «жу – ық», « су – ық» дегенде екі дауысты дыбыс қатар келіп тұр. Тіле зорлық деп осыны айтамыз.

«Қарагөз» деген ат та біріккен сөз: кара және көз сөздерінің үндесіп жалғануынан жасалып тұр. «Алдыңгүні» – «алдыңғы күні» деген екі сөздің өз тұлғасын өзгертіп бірігуі. «Қолғап» – қол және қап сөзінен біріккен сөз, «қ» дыбысы үндестік заңына сәйкес «ғ» – ға өзгерген. «Қаптан» (қап – тән), ыштан (іш – тән) сөздері де біріккен сөз. «Жарғанат» – құстың аты, «жар» және «қанат» сөздерінің үндесіп бірігуінен жасалып тұр. «Кереңғұлақ», «Сарарқа», «Ешкөлмес», «Қарайғыр» (бекеті), «Айагөз», «саршұнақ» та біріккен сөз.

Ал енді қос және көп түбірден тұратын, бір мағынаны білдіретін мына сөздер қалайша біріккен сөз бола алады: итжейде, Түргенкент, бозторғай, қараторғай, Қыдырбекұлы, Қуантайжан, атамекен, т.т. Ештемесі бірікпей, бәрі өз тұлғаларын толық сақтап тұр ғой.

Рас, бұл сөздер де бір ғана мағынаны білдіріп тұр, бірақ бірігіп те, кіріп те тұрған жоқ. Өйткені бұлар біріккен сөз емес, жай ғана көп түбірлі сөздер. Демек көп түбірлі сөздің бәрі біріккен сөзге жата бермейді.

Тіліміздің табиғатына түсіне қарасақ, «Біріккен сөз деп, қос және көп түбірлі сөздің бір немесе екі сыңарының да өзінің бастапқы тұлғасын үндестік заңына сәйкес өзгертіп барып бірігуін айтамыз» деген қағида шықпай ма?

Бұл ережеге сүйенсек, Н.Уәлінің «көкөніс», «шекара» деген қос түбірлі сөздері көгөніс, шегара болып жазылып, біріккен сөзге жатуы керек.

Біріккен сөз бен қос түбірлі сөздің қалай жазылуы орфографиялық сөздікте (емле сөздік) тыйнақты көрсетілуі тійіс.

Қазақтың өмірде біріге бермейтін басы емлеге келгенде біріге қойуы екіталай. Сондықтан жер аттарын Сарыарқа, Сарыағаш, Сарыөзек деп жазғанымыз дұрыс деушілер табыла қалса және дауысқа салғанда, олар жеңе қалса, онда Ахаңның қазақ сөзінде дауысты дыбыстардың қатар келмейді дегеніне сүйене отырып, тым құрыса, Сары – Арқа, Сары–Ағаш, Сары–Өзек деп сызбаша арқылы жазуға ғана келісуге болады.

Ал сөз тіркестерінде, күрделі сөздерде айтылмай, естілмей тұрған дыбыс өз тұлғасын сақтап жазылады: айта алмадым («ай – талмадым» деп айтылады, бір «а» айтылмайды, айтугерек (айту керек), көб адам (көп адам), қырығекі (күрделі сан есім; қырық екі), карала (күрделі сын есім;қара ала), т.с.с.

Қос сөзге «дефиспен жазылатын күрделі сөз» деген түсінік беру бөлендей білгірлік емес.

Біріншіден, «дефис» деген – кірме сөз. Оны «сызбаша» деп қазақшалау керек. Екіншіден, ереже еместі ереже қылу жиіленіп кетсе, ереженің мәні кетеді. Мәселен, «Соңғы буынында ə әрпі жазылатын түбір сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады», – деп, жеке ереже жасаудың не қажеті бар? Жіңішке буынды сөзге жіңішке буын жалғанатыны бірнеше мәрте айтылды емес пе?

Ғ, г, б, м және к, қ, одан басқа да жеке-жеке әріптерге қосымшалардың қалай жалғанатынын ежіктеп айту да артық деп білем. Өйткені бұл түгел ереже емес, «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережесі» ғой.

Және де қосымшалардың жалғануында бұлар айтылды да. Мұндай қайталау өте көп.

Бас әріппен, кіші әріппен жазылатын сөздерде де осындай қайталап тәптіштеу бар. Негізгі тұжырым жалпы есім мен жалқы есімнің және атау сөздердің жазылуына қатысты айтылса, сол жетпей ме?

Қос сөз бен дефиспен («сызбашамен») жазылатын сөзге жеке-жеке түсінік беру де басы артық нәрсе деп ойлаймын. Бұрын тілімізде болмаған, бірақ бұл күнде қолданылып жүрген терміндер мен қысқарған сөздер де кірме сөзге жатады. Сондықтан олар да жалпы ережеге бағынуы керек.

«Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады, сондай-ақ түсірілген –ыншы (-інші) –ншы (-нші) қосымшасының орнына дефис қойылады, ал рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды», – делініпті.

Бұл да орыс тілі жазуының төте көшірмесі. Біздің тіл – жалғамалы (аглюнативті) тіл болғандықтан, қосымшаның рөлі өте үлкен, оған немқұрайды қарауға болмайды және қосымшаны дұрыс белгілемеу де қаталық болады. Орыс тілінде «окончание» мен «род» рөл атқарады, сондықтан олар «первый ряд», «первое место», «первая группа» деп родқа қарай окончаниені де құбылта береді. Сол себепті олардың ережесін қабылдай салу қазақ тілінің өз заңдылығын бұзу болып табылады.

Ешбір қазақ «араб» деп сөйлемейді, үндестік заңына сәйкес «арап» дейді, «араб» деп жазатын орыстар ғана. Біз «арап –тың», «арап – қа», «арап –тан», «арап – шыл» деп сөйлейміз. Екіншіден, орыс тілінде «тире» және «дефис» деген бар, екеуі екі басқа белгі. «Тирені» сызықша, «дефисті» сызбаша деп алғанымыз жөн шығар. Себебі тире – ұзындау, дефис – қысқалау.

Ал – ыншы, – ншы жұрнақтары – тек реттік сан есімге тән жұрнақтар.

Сондықтан бұл ережені, меніңше, «Реттік сан есімнің түбірі санмен (сыйпырмен) жазылғанда, оған қосымша сызықша арқылы жалғанады», –деу дұрыс болар еді деп ойлаймын. Өйткені реттік сан есімнің бұл түріне ежелден дефис (сызбаша) емес, тире (сызықша) қойылып жазылып келеді және де рим саны бола ма, басқа бола ма, бәрінде сызықша (тире) қойылуы жөн, өйткені біз қай санның қай елдікі екеніне қарамаймыз, реттік сан есімнің табиғатына қараймыз. Сондықтан олар былай сызықша арқылы жазылуы керек: XX–ғасыр, XIV–тарау, № 17–мектеп, 16–нөмірлі үй, 17–қатар, т.с.с.

Ал реттік сан есімнен басқа сан есімдер сыйпырмен жазылса, оған жалғау орнына сызбаша (дефис) қойылады. Сонда түбірі санмен жазылғанда, реттік сан есімге жұрнақ сызықша арқылы, өзге сан есімге жалғау сызбаша арқылы жалғанатын болады.

Сызықша мен сызбашаның екі басқа рөл атқаратынын мына мысалдардан да анық ажыратуға болады: Мен 6-ға (алтыға) келдім. Мұнда септік жалғауы сызбаша арқылы жалғанып тұр. Мен 6–ға көштім (мен алтыншыға көштім). Мұнда – ншы жұрнағы сызықша арқылы жалғанып тұр.

Орыс тілінің емлесін орынсыз көшіре бермей, өзімізге тән біркелкі ережемен «2019 – жылдың 2 – қаңтары » деп, барлық реттік сан есім түрлерін тек сызықша арқылы жазуымыз керек. Ал «қаңтардың 2–сі » сыйақты басқа сан есімдерді (–сі – тәуелдік жалғау) сызбаша арқылы жазғанымыз жөн.

Меніңше, бұл ережеге «Қазақ тілінде қолданылатын тыныс белгілері» деген айрықша тарау берген дұрыс болар еді. Сонда хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер туралы айта келіп, олардың тыныс белгісін де көрсете кету артық болмас еді. Сондай-ақ бұл ережеде айтылмаған, бірақ сол тыныс белгілерге орайластырып, қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөз және төл сөз бен төлеу сөздердің, құрмалас сөйлемдердің, қос сөздің де жазылуын анықтай кету артық болмас еді. Сонда нүкте, үтір, сызықша, сызбаша, қос нүкте, нүктелі үтір, жақша, тырнақша сықылды белгілерді де түсіндіре талдай кетуге мүмкіндік туған болар еді. Сондай-ақ «Дефиспен жазылатын сөздер емлесі» деп жеке тарау арнаудың да қажеті болмас еді.

Жалпы айтқанда, бұл емле ереженің жетістігінен кемістігі басым. Басты кінәсі – диктаторлық тұрғыда жасалған, тіліміздің табиғи болмысына қайшы ережелерге көп орын берілген. Бұл ереже бұл түрінде қабылданса, тіліміздің болашағын бұлдыр нәтиже күтіп тұрғаны даусыз. Ешбір жүйелі ережеге бағынбайтын тіл болған соң, былқылдақ, ары да, бері де қыйсайта беруге болатын берекесіз тілге айналдырады. Қазақ халқы – сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, көк түрік, Алтын Орда секілді тарихи мемлекеттер мен одақтардың заңды мұрагері. Мұрагерлік міндет – мәңгілікті сақтау міндеті. Ондай міндетті білімді, елсүйгіш, ұлтжанды жастар ғана өз үдесіне абыроймен жеткізе алады. Тіліміздің тамырына зорлықпен түскен кінәрәттерді тек білімді жастар ғана түзете алады. Олар оны дер кезінде қолға алмаса, ұзақ жыл бойы білдірмей мүжіп, диктатуралық емле ережелері қазақтың әуезді, әуенді тілін қазақтың адам танығысыз қатқыл тіліне айналдырып жіберуі сөзсіз. Сондықтан елін, жерін, тілін, салт-дәстүрін сүйген әрбір қазақ – бійліктегілері де, бійліксізі де – бәрі тілінің алдында тізерлеп қызмет жасауы тійіс.

2006 жылдың жазы. Жолсапардамын. №4-ші Астана – Алматы жүрдек пойызы Шуға таң ата жетеді екен. Ал менің барайын деп келе жатқан жерім – Мойынқұм. Ол біз жақындап кеп қалған аталмыш стансаның өкпе тұсы. Сондықтан мана күндіз хабарласқан адамдарыма берген уәдем бойынша осы жерден түсіп қалуым керек.

Солай еттім де.

Перронда мені ұзын бойлы, аққұба жігіт қарсы алды. Өзін: «Аудан әкімінің орынбасары Бәкен Тұрарқұлұлы Бейсебаев» деп таныстырған ол: «Бұрын Мойынқұмда болып па едіңіз?» деді әңгімеге тартып.

– Жоқ. Бірінші рет келе жатырмын, – дедім мен.

– Іссапарыңыздың мақсатын білуге бола ма? Егер айып етпесеңіз жол үстінде оны да айта отырсаңыз. Өйткені соған орай жоспар құрсақ деген ой ғой менікі.

– Дұрыс-ақ. Мақсат та, міндет те біреу бауырым. Ол – шопаната Жазекеңнің, атақты Жазылбек Қуанышбаевтың егіз ұлы Қойшыбай мен Тойшыбайды көру. Кезінде қарияның бір перзентке зар болып, құдайдан мойнына бұршақ салып жүріп тілеп алған тұяқтары емес пе еді олар. Міне, сол егіздер қандай жігіт болып өсіп, нендей кәсіппен шұғылданады екен, соны біліп, өздерімен ауызба-ауыз сөйлесу. Әңгімелесу. Одан басқа ешқандай шаруам жоқ, айналайын!

– Міне, қызық! – деді осы мезетте манадан бері мәшинесін ұршықтай үйіре үнсіз айдап келе жатқан жүргізуші жігіт. – Мойынқұмда қанша жылдан бері тұрып, жұмыс істеймін. Бірақ Жазекеңнің сіз іздеп келе жатқан ұлдарының егіз екенін білмеппін. Оларды мен ағалы-інілі адамдар деп жүрсем, бір күнде туған төлдер екен ғой.

Телқоңыр

Екі мәрте Еңбек Ері, шопан ата Жазылбек ҚУАНЫШБАЕВТЫҢ егіз ұлы Қойшыбай мен Тойшыбай туралы бір үзік сыр

Осыдан кейін мәшине ішінде тым-тырыс тыныштық орнады да іле әңгіме қайта жандана бастады. Серіктерім сұрақ қояды, мен оларға кадери-халімше жауап беруге тырысамын. Сауал мазмұны негізінен: «Шопаната Жазылбек Қуанышбаев алған қос Алтын Жұлдыз белгісі – Социалистік Еңбек Ері деген атақ қашан, қалай пайда болған? Оны алғаш және соңғы рет алған қазақтар кімдер? КСРО құлағанға дейінгі 70 жыл ішінде бұл жоғары награданы республика бойынша қанша адам иеленген? Солардың ішінде Жазекең сияқты кеудесіне екі «Алтын Жұлдыз» таққан қандастарымыз нешеу?» деген сияқты тақырыптарға саюда.

Біздің білуімізше, 1938 жылы өмірге келген бұл атаққа ең алғаш рет Ақмола облысының азаматы Ж.Асайынов деген ағамыз ие болған. Ол кісі аталмыш марапатқа бейбіт кезде емес, Ұлы Отан соғысындағы еңбек армиясының сапында жүріп, 1943 жылы Ленинград бағытындағы өте маңызды темір жол торабын мерзімінен бұрын пайдалануға берудегі жанкиярлық жұмысы үшін қол жеткізген. Ал оны соңғы рет алған адам ол – күміс көмей, жез таңдай атақты әнші Бибігүл Төлегенова апамыз. Бұл КСРО атты алып империяның ыдырап жатқан 1991 жылғы желтоқсан айы еді. Енді: «Кеңес Одағы кезінде біздің республикамыздан осы атаққа қанша адам ие болған?» деген сауалға келсек, оны 1984 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Социалистік Еңбек Ерлері» атты қос томдық кітаптан анық білуге болатын сияқты. Онда қазағы мен орысы, оймауыты бар 1658 адамның аты-жөні келтірілген. Одан кейінгі 6 жылда Қазақстан еңбекшілеріне бұл атақ онша көп бұйыра қойған жоқ. Ары кетсе 5-6 адам алған шығар, бірақ одан көп емес. Себебі 1985-1991 жылдар аралығы М.Горбачев билік құрған, Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы мен басқа да себептерге байланысты оның ішіне қан қатып, біздің республикамызға қырын қараған кезі-тін. Ал: «Қос Алтын Жұлдызды қандастарымыз кімдер?» десек, оның саны Қазақстанда төртеу де одақтас республикада біреу екені еске түседі. Олар: Ыбырай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаев, Нұрмолда Алдабергенов, Дінмұхамед Қонаев (үш рет!) және өзбекстандық қазақ Жабай Балиманов. Осы ағаларымыздың ішіндегі өмірбаяны бәрімізге онша көп белгілі емес соңғы қандасымызға тоқталар болсақ, көрші елдің Тамды ауданындағы Ақтау колхозында шопан боп еңбек еткен Жабай ақсақал Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атаққа алғаш рет 1951 жылы ие болған екен. Одан кейінгі екінші «Алтын Жұлдызға» 1958 жылы қол жеткізіп, 1966 жылы 73 жасында сол Өзбекстанның Ажырық елді мекенінде өмірден озған.

Біз міне, осындай жәйттерді кезек-кезек сөз ете отырып, Мойынқұмға қалай келіп қалғанымызды байқамай да қалыппыз. Әкімдікте аудан басшысы Ондасын Жиенқұлов қарсы алды. Ол өте қарапайым, болмыс-бітімі педагогтарға ғана тән парасаттылыққа ие, бет-әлпетінде ешқандай жасандылық жоқ, қимыл-қозғалысы көзіміз көріп жүрген көп көкелеріміздегі кердеңдіктен ада, мінезі жібектей жан екен. Осыған қарап оның бұған дейінгі қызмет баспалдақтарынан асығыс аттап емес, абайлап, яғни бәрін де басынан бастап біртіндеп басып өткен білікті маман, нағыз халық ортасынан шыққан адам екенін байқағандай болдық.

Жанболат АУПБАЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

– Мұнда келген мақсатыңызды түсіндім. Сондықтан әңгімені тек іссапар тақырыбына бұрар болсақ, мәселе былай, – деді Ондасын Елубайұлы. – Біздің осы өңірден кезінде Жазекең бастаған 9 Еңбек Ері шыққан. Ал бұл дегеніңіз Қазақстандағы көп ауданның қолы жетпеген жетістік. Соны ескеріп, осы Мойынқұм жерін 20 жылдан астам уақыт басқарған Айтбай Назарбеков деген абзал ағамыз бүгінгі ұрпаққа бір керемет істі бітіріп беріп кетіпті. Ол бұл кісінің сонау 80-ші жылдардың соңында сәулетшілер мен мүсіншілерге арнайы тапсырма бергізіп, басы «Шопаната» деген монументтік ескерткіштен тұратын, ал соңы «Батырлар аллеясы» деп бітетін жоғарыдағы Еңбек Ерлерінің бюсті бейнеленген кешенді орнатқызғандығы. Қазір біз патриоттық тәрбиенің құрамдас бөлігі болып табылатын осы ескерткіштер ансамбліне қарап: «Заманның кең кезіндегі қолға алынған сол шараның өз уақытында біткені қандай жақсы болған!» деп бәрін де ризашылықпен еске аламыз. Жүріңіз, орталық парктегі сол жерді сізге көрсетейік. Өйткені онда Жазекең мәңгілікке дамылдаған. Қарияның зираты сол жерде. Тағзым етейік.

...Алыстан байқап келеміз. Паркке жақындағанда алдымыздан бір алып бейне асқақтай көрінді. Жолбасшы жігіттеріміздің бірі, аудандық әкімдіктегі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің меңгерушісі Мақсат Сейдалиевтің түсіндіруінше бір кездегі «Шопаната», қазіргі «Жазылбек Қуанышбаев» ескерткіші осы екен. Бұл жерде біз «бір кездегі» деген сөз тіркесін текке қолданып отырғанымыз жоқ. Білетіндердің айтуына қарағанда биіктігі астындағы тұғыртасымен қоса есептегенде 5 метрдей болатын монумент алғаш рет ашылғанда, онда «Шопаната» деген жазу тұрыпты. Ал кейін Жазекең бақилыққа аттанып, денесі осы жерге қойылған соң тұғыртастағы анықтама қаңылтырды бұрандасынан босатып алғанда, оның астынан «Жазылбек Қуанышбаев» деп жазылған сөз шыға келген. Осы жерде бір жағынан тірі кезінде көзін бақырайтып қойып орнатқан ескерткішті ақсақал қалай қабылдайды деген ұлттық менталитеттен туындаған сақтықты символдық ұғым арқылы шешкен, екінші жағынан заман ертең қалай болады, бәрі де жетіп-артылып тұрған мынадай молшылық кезде карияға қам қылсақ артықтық етпес деген қос ойды қатар ұстаған сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Айтбай Назарбековтің тапқырлығына тәнті болғандайсың. Соның нәтижесінде ол кісі әрі халық ұғымындағы шопанатаны да, әрі оның өмірде бар бейнесі Жазылбек Қуанышбаевты да көзге анық елестететін монументті қоладан құйғызып тұрып орнатып кеткен.

Осындай әңгімелерді тыңдай келіп, ескерткіш түбіндегі ата зираты шетіне тізе бүктік. Сол сәтте бізбен бірге осында еріп келген атақты құсбегі Жапар Сатылғанов зауылдатып тұрып құран оқыды дейсіз. Дауыс мақамы жүйке-жүйеңді босатады. «Бұл да бір дұрыс, иманды іс болды» дедік біз ішімізден. Сөйттік те құран аяқталғаннан кейін бетімізді сипап, кезінде Жазекең тұрған, қазір ұрпақтары тіршілік кешіп жатқан еңселі үйге бет алдық.

Димекең: «Жазылбек Қуанышбаев менің есімде төрт түлік малдың киесі, сайын даланың иесі ретінде сақталып қалды. Ол кісіні исі қазақ баласының бағы мен бақыты бір басынан байқалатын кеңпейіл қария деп те айтуға болады. Мен Жазекеңмен көп әңгімелесетінмін, ол еңбек ететін Жамбыл облысының Мойынқұм ауданына жиі барып тұратынмын. Атақты шопанның мұрагері – егіз ұлдар Қойшыбай мен Тойшыбай дүниеге келгенде ақсақал мені сол қуаныш тойына да шақырған. Кейін әлгі қос жеткіншек қарт шопан әкесін ертіп Алматыға келді. Оқуға түспек ниеттері бар екен. Мен оларға үй жөнінен жәрдем бердім», – деп жауап берген еді.

...Аулада бізді қарияның кемпірі Әлімхан апа мен ұлы Тойшыбай қарсы алды. Алғашқы аман-саулықтан кейін: «Қойшыбай қайда?» деп сұрадық. «Таразда тұрады, әйелі, бала-шағасымен бәрі сонда» деп жауап берді әжей. Содан кейінгі әңгімеден ұққанымыз, Әлімхан апа зейнеткер, баласы – аудандық ішкі істер басқармасы бастығының көмекшісі, ал оның келіншегі осы Мойынқұмдағы Жазекеңе арналған мұражайдың меңгерушісі екен.

– Мен өзім осы облыстың бұрынғы Луговой ауданындағы Аспара елді мекенінің тумасымын қарағым, – деп бастады әжей әңгімесін. – Әкем Байділда үш ағайынды кісі еді. Үшеуі де соғысқа кетіп, одан қайтып оралмады. Анам Қойлықыздың майданнан қара қағаз келген сол 1943 жылдан бастап көрмеген азабы жоқ. Балалары біздер үшін ол кісінің отқа да, суға да түскен жайы бар.

– Жазылбек атамызға қашан, қалай қосылып едіңіз? Оған не себеп болды деп ойлайсыз?

– 1965 жылы. Соғысқа кеткен әкемізден бір ұл, екі қыз қалдық емес пе. Шешем екеуміз міне, соларды жеткіземіз деп жүргенде менің жасым 28-ге келіп, «отырып қалған қыз» атанған жайым бар. Ал аталарыңның 64-тегі кезі болатын. Бәйбішесі Жайшыбала құрсақ көтермей, бір перзентке зар болып жүр екен.

– Қойшыбай мен Тойшыбай қарияның сол көптен күткен тұңғыштары ғой шамасы.

– Жоқ. Аталарыңның босағасын аттағаннан кейін бір жылдан соң Рашид деген ұл баламыз өмірге келді. Денесі аппақ борықтай, үлкен қара көзді, торсық шеке сол сәбиімізге көз тиді-ау деймін, алты айдан кейін шетінеп кетті. Ғайыптың құсы деген... Сөйтіп жүргенде 1967 жылғы наурызда бәрімізді қуантып Қойшыбайым мен Тойшыбайым өмірге келді емес пе.

– Есіңізге түсіріп көріңізші... Бұл балалардың кіндік шешесі кім? Егіздеріңіздің аты қалай, қандай жағдайда қойылып еді?

– Толғақ қатты қысып, Бірлік ауылындағы ауруханаға түскенімде, мені қарсы алып, бақылауға алған Жұлдызай Әбішова деген медбике мен бір неміс келіншегі екендігі әлі күнге жадымда. Кіндік шеше атанған да сол екеуі. Кейін білсем, қос перзентім жерге шыр етіп түскеннен кейін бір сағаттан соң медбикелер шалды телефонға шақырып, сүйінші сұраған ғой. Сонда аталарың әлгі екеуінің әрқайсысына бір қой, бір ешкіден атап, ол малдарды үйлеріне бірден жеткіздіртіп беріпті. Ауруханада үш-төрт күн жатып, қол-аяғымды бауырыма жинаған соң, мені үйге шығарып алуға шалдың бәйбішесі Жайшыбала келді. Сонда: «Апа, міне мынау сіздің ұлыңыз. Құдай алдында сұрауым жоқ. Шын айтамын. Алыңыз!» деп егіздің жарық дүниеге келген алғашқысын әлгі кісіге қарай икемдедім. Мына сөзді естігенде жарықтық есі ауған адам сияқты теңселіп кетті де аңырап жылаған күйі мені құшақтай алды. Содан біраз уақыт өткеннен кейін екеуміз екі баланы құшақтаған күйі үйге келіп кірдік. Құтты болсын айтушы кісі көп екен. Солардың алдында аталарың қос перзентіне ат қойды. «Қойшыбай мен Тойшыбай болсын», – деді көзі жасаурай толқып. Сөйтіп, балаларымның есімдерін әкесінің өзі қойған шырағым. Бұл анық нәрсе.

Әлімхан апа осы сөздерді айтып болды да: «Тағы қандай сауалың бар?» дегендей бетіме барлай қарады. Мен бірауық терең ойға кеттім. Көз алдыма 1992 жылдың 4 қаңтары келді. Дәл сол күні мен Димекеңнің, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың алдағы келе жатқан 80 жылдық мерейтойына байланысты ақсақалдан сұхбат алуға барған едім. Сондағы ол кісіге дайындап апарған 12 сұрақтың ішінде: «Диқанбаба Ыбырай Жақаев, шопаната Жазылбек Қуанышбаев, қазақ ауыз әдебиеті Могиканының соңғы тұяғы Кенен Әзірбаев... Осы кісілермен алғаш рет қалай таныстыңыз? Сізбен кезінде бұл адамдардың тағдырын байланыстырған не нәрсе еді?» деген сауал да бар болатын. Бұған Димекең: «Жазылбек Қуанышбаев менің есімде төрт түлік малдың киесі, сайын даланың иесі ретінде сақталып қалды. Ол кісіні исі қазақ баласының бағы мен бақыты бір басынан байқалатын кеңпейіл қария деп те айтуға болады. Мен Жазекеңмен көп әңгімелесетінмін, ол еңбек ететін Жамбыл облысының Мойынқұм ауданына жиі барып тұратынмын. Атақты шопанның мұрагері – егіз ұлдар Қойшыбай мен Тойшыбай дүниеге келгенде ақсақал мені сол қуаныш тойына да шақырған. Кейін әлгі қос жеткіншек қарт шопан әкесін ертіп Алматыға келді. Оқуға түспек ниеттері бар екен. Мен оларға үй жөнінен жәрдем бердім» деп жауап берген еді.

Жазекеңнің қара шаңырағында отырып мен сол сөзді есіме алдым. Есіме алдым да үй иелерінен: «Сіздер сол жүздесуді білесіздер ме? Білсеңіздер кеңірек айтып беруге қалай қарайсыздар?» деген өтініш білдірдім.

– Иә, ол жәйттен хабардармыз, – деді Әлімхан апа. – Қойшыбай мен Тойшыбай Мойынқұмдағы орта мектепті бітірген соң аталарына: «Алматыға барып оқуға түсеміз» демей ме. Шал екі ұлды жетектеп алып Димекеңнің үйіне ат басын тіремей ме. Мәселенің мән-жайына дұрыс түсінбеген бе, жоқ әлде басқа бір ойдан арыла алмай отырған ба, әйтеуір үлкен кісі: «Тү-у, Жазеке-ай. Сіздің осындай шаруаңыз бітпей-ақ қойды ғой» депті.

Сонда аталарың: «Бұл жерде сіздікі, біздікі дейтін ештеңе жоқ, қарағым Димаш. Біле білсең менің балам, бүкіл Қазақстанның баласы, сенің де балаң. Сондықтан...» дей бергенде: «Түсіндім... Түсіндім, ақсақал. Қанша бала болса да әкеле беріңіз. Мен айтқан тілегіңізді орындаймын» депті күліп. Егіздердің бірі Қойшыбай – зоотехникалық-малдәрігерлік институтына, екіншісі Тойшыбай – ҚазҰУ-дің Заң факультетіне сол жолы осылай түсті емес пе. Ал үй мәселесіне келсек, ол да рас. Димекең шалға: «Оқудағы балаларыңызға келіп жүргенде қонақ үйді сағаламай осында тұрыңыз», – деп төрт бөлмелі үй берген. Басында бәрі дұрыс еді, кейін оны ұқсата алмадық. Туыс қызымыз: «Үй-жайым жоқ. Кіре тұрайын», – деді де артынан бәрінің басына су құйды. Қайтеміз, қолдан келер қайран жоқ. Бас аман болсын дедік те қойдық.

– Қазір қалай тұрып жатырсыздар?

– Құдайға шүкір. Біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей... Ел не көрсе біз де соны көрудеміз. 90-жылдардың басында отбасымыздың қатты бір қиналған кезі болды. Электр жарығы тапшы, еңбекақы мен зейнетақы уақытылы берілмей жатқан кез еді ғой ол уақыт. Сондай күндерде алты бөлмелі мына әңгередей үйді жылытуға мүмкіндік болмады. Көмір де, ағаш отын да тапшы. Екі қыс бойы дірдектеп шықтық. Содан кейін бұл үйді сатып, шағын бір баспанаға көшуге әрекет жасадық. Үй сатылады деген хабарды ауданға прокурор болып келген жігіт естіп: «Қазірше кіре тұрайық, ақшасын көктемге таман берейік» деді. Біз келістік. Сөйттік те осы көшенің келесі бетіндегі шағын үйге барып орнықтық. Сол-ақ екен екі немеремнің мазасы кетті. «Түсіме атам кірді, – дейді Еркебұлан. – Есіктің алдында мұңайып отыр екен. «Ата!» десем бұрынғыдай мейірленіп қарамайды». Екінші немерем Нұрлан да осындай бірдеңелерді айтады. Бір күні үйге прокурордың өзі келмесі бар ма. «Түн болса болды, терезені біреу таяғымен тарсылдатып қағады да тұрады. Далаға шықсақ ешкім жоқ. Не өңіміз, не түсіміз екенін білмейміз. Сіз бен бізге өкпелеп жүрген ақсақал емес пе екен? Ренжімеңіз. Біз басқа үйге көшейік» дейді ол. Сөйтіп шалымның шаңырағына қайтып келген жайымыз бар. Мұның бәрі 90-шы жылдардағы қиындықтан туған шарасыздық қой қалқам. Әйтпесе аруақты алаңдатып нем бар. Қазір құдайға шүкір, жақсымыз. Ауылдағылар үшін бұл күндегі ең үлкен байлық ол – балалардың жұмыс істегені ғой. Ұлымның да, келінімнің де қызметі бар. Соған тәубе дейміз.

Әлімхан апа осы сөздерді айтты да бір сәтке үнсіз қалды. Мен анасының қасында отырған Тойшыбайға қарадым. Мінезі жұмсақ, салмақты, момын жігіт екені бірден көрініп тұр.

– Ал, батыр, сен не айтасың? Атаң туралы апаңның айтқандарына алып қосарың бар ма? – дедім мен оған.

– Жоқ. Бұл кісінің әңгімесінің бәрі дұрыс, – деді ол жөткіріңіп қойып. – Осылай, өзіңіз көріп отырғандай тірлік кешіп, жүріп жатқан жайымыз бар, аға. Үйімізге сіз сияқты адамдар көп келеді. Атамыз туралы есімізде қалған жәйттерді сұрайды. Көңілі толмай ренжіп кететіндері де бар. Жазекеңнің атағын шығармадыңдар дейді... Ол кісі өзінің атағын өзі шығарып кеткен адам ғой. Түсінбейміз, не талап ететіндерін.

– Ондай сөздерге ренжімеңдер айналайын, – дедім мен Тойшыбайға. – Бір қазақ екінші қазаққа ақыл айтып кетпесе, ішкен асы бойына сіңбейді. Сендердің мына шаңырақты ұстап отырғандарың, аналарыңды әлпештеп бағып-қаққандарың, қарияның атына жаманат келтірмей өздеріңді өздерің дұрыс ұстап жүргендерің үлкен мәртебе. Бай да, бағылан да болмай-ақ қойыңдар. Адам болыңдар! Одан артық ештеңенің керегі жоқ.

Осы сөздерді айтқан мен үй иелерімен қоштасып, қақпаға қарай аяңдадым. Қонақ үйге келіп жолға жиналдым. Аудан орталығынан шығып, сәл ұзаған соң жүргізушіден мәшинені тоқтата тұруды өтініп, жол шетіндегі құмдауыт төбеге шықтым. Ойым – Жазекең туған, өмір сүрген өңірге көз тоқтата асықпай бір қарау. Сөйтіп тұрғанда есіме 80-жылдардың ортасындағы «Лениншіл жас» газетінде болған ғажап әңгіме есіме түсті. Осы редакцияда өзімізбен бірге жұмыс істейтін Қуаныш Жиенбаев деген әріптесіміз Жазекеңнің ауылы Мойынқұмның қып-қызыл құмындағы қызанақтай болып өскен Әтіркүл атты қызын алған жігіт еді. Қайын жұртына жиі келіп тұратын ол осы жерден естіген бір әңгімені жырдай етіп былайша айтып бергені бар.

1981 жылы Ыбырай Жақаев 90-ға жақындап қайтыс болады. Ал Жазекеңнің жасы 85-те екен сол кезде. «Барамын, бармасам болмайды, – депті аупарткомның бірінші хатшысына. – Өз қолыммен барып бір уыс топырақ салайын, ағама көрсеткен соңғы жақсылығым сол болсын. Несіне қорқақтайсыңдар, жолдың алыстығын көтере алмасам, Ыбекеңнің қасында-ақ жатармын. Қазақтың кез келген жері туған топырағым емес пе?!»

Содан Мойынқұмнан шыққан топ Шымкентке жетіп, Түркістаннан өтіп, Жаңақорғаннан асады. Шиеліге жақындайды. Ыбекең тұрған көше де көрінеді. Сол-ақ екен, көз жасына ие бола алмаған Жазекең көлікті қаралы үйге 40 қадам жеткізбей тоқтатады. Сөйтеді де: «Алдымдағы ақылшым еді, ағам еді, данам еді» деп туыстарына келіп көрісіп, жиналғандарға сай-сүйекті сырқыратар сөздер айтады.

Қайран қазақтың карттары-ай десеңізші. Бірінің қадірін бірі өте жақсы білген мұндай адамдарға қалай басыңды имессің. Қалай рухына тағзым етпессің. Қазіргі саясаттанып кеткен шалдарда осының жұғыны қалды ма екен, әлде қалмады ма екен. Әй, қайдам.

Мен құмды төбенің басында тұрып осыны ойладым. Ойладым да Сәкен Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит» әңгімесіндегі бас кейіпкер Хамиттің орман ішінде өзіне ойда жоқта келіп соқтыққан Кудря сияқты қара күш иесімен күні бойы сілкілессе де итжығыс түсіп тарасатыны есіме түсті. Сонда оның өзіне-өзі көңілі толмай назаланып: «Қайдасың, Қажымұқан? А-а! Қайдасың?!» дейтіні бар емес пе. Сол эпизодты ойыма алған мен: «Қайдасың, Жазеке?» деп күбір ете түскенімді өзім де байқамай қалдым. Даусым құмығып шықты. Оны даланың екілене соғып тұрған есер желінен басқа ешкім естіген жоқ.

Ал Мойынқұм маңқиған күйі мұнарлана мүлгіп жатыр...

...Бұл 2006 жылдың жазы еді.

Ақжол ТУМЕНБАЙ

Мен АПАМНЫҢ ЖАСТЫҒЫН ҰРЛАП БАРАМ...

ТОЛҒАУ...

Алаң да алаң, алаң күн.
Құтпан қойнында ұлы рух жатыр даламның.
Арыстарымнан арыстан болып туғанмен,
Намыстарынан жаралдым.

Алдаспан жүзі арымның,
Отан деп өлсем обалым кімге, қадірлім?
Тұмар қаласы иісі қазақтың – Астана.
Тұран даласы Тәңірдің.

Шаһардан едім ел білген.
Қаһарман едім төбеден тажал төндірген.
Ой, арман ғажап! Азаттық деген осы ма?
Оянған қазақ көрдім мен.

Оянған қазақ, самғар көк.
Жерұйық іздеп, Желмая мінген хандар көп.
Талдырмай қыран қанатын, тоздырмай тұлпар тұяғын,
Ұрпаққа жетсем, арман жоқ.

Жаһан жұртына ұрандап,
Бабаурап тұрса домбыра үні мұнар бақ.
Баһадұрлердің ұлы далада қалмай ма,
Аруақтары бір аунап.

Тәуелсіздікті дің етіп,
Ар-намысымды аттың жалына түнетіп,
Елдің басына еркіндік сүйген ер келді,
Көк Тәнірімді ту етіп.

Асылдан сынық қалдырып,
Ғасырдан ғасыр жасаса жұртым мәңгілік.
Қорған салмаймыз, қорған боламыз ғаламға,
Рухымыз қайта жаңғырып.

Тіліңді кесіп кім алсын,
Аттанда, Алаш, атаңнан қалған ұрансың!
Отаңды сүйсең, оты мен суын менше сүй,
Намыссыз емес шығарсың...

Алдаспан жүзі арымның,
Отан деп өлсем обалым кімге, қадірлім?
Қаласа Құдай, мәңгілік елге айналар,
Қараша жұрты Тәңірдің.

ҚАСИЕТТІ СЫР-АНА..

Абыз бабасы түнерген,
Аңыз даласы бүйра да бүйра құм өрген,
Жүз бір жыраудың сынығы қалған дүр елден,
Шежіре түнған Сыр-Ана сенің төсіңнен,
Таудай батырлар аруақтанып күш алып,
Тұрмағамбеттер жыр емген.

Терең тартқан тамыры,
Сыйынары да, ұйығаны да – Тәңірі,
Запыран құсып, заманда қалған зар үні,
Әлі тасына тірі тарихын таңбалап.
Жырланып жатыр қасиет қонған қара жер,
Нұрланып жатыр аруақтарымның қабірі.

Күмбір де күмбір күй ақты,
Тұлпары дүлдүл, сұңқары ұшқан қиякты,
Ұлына намыс, қызына беріп ұятты,
Өлермен болған өр кеуделерін оқ қажап,
Есілдің бойын ен жайлап алған көп қазақ,
Ақмешітін сағынатын сияқты.

Құдайдың халық егізі,
Құдайдан ғана фәнидің бұлақ негізі,
Көзсіз батырдың, сөзсіз ақынның көп ізі.
Том-том тарихын парақтап,
Бетпақдаладан күніренеді адақтап,
Қорқыттың кейде қобызы.

Сөзімнен кетсе тайып мән,
Жыртығын жамап, жүдеу жырымды байытқам,
Бодан дертімнен жарамды жалап айыққам,
Қалың жұртым-ау қабырған қаусап түнілме,
Жоғалтқандарым оралатындай түбінде,
Ботпанов кеткен ғайыптан.

Он сегіз мың ғаламат,
Туған топырағына татымайды екен обал-ақ,
Көшпелі жұртқа көне заманға салауат,
Ит болып тусам – итаяғындамын көп елдің,
Ер болып тусам – ел кегін қуып өлермін,
Аллаға бәрі аманат!

Демеңдер мені дүбәра:
Бабамнан қалған ата-жұртым ғой бұл ара,
Әр төбесінде жәдігер қалған мұраға,
Топырағында Тәңір ұлдары туылып,
Атырабында ұялап жатқан ұлылық –
Қасиетті ғой Сыр-Ана.

ӨГЕЙ ҒҰМЫР

Шарасыздың күйін кешсем дәл бұлай,
Панасыздың демес едім, бар Құдай.
Өтейлігі әлсін-әлсін жылатып,
Туғанындай көре алмаған тағдыр-ай.

Шарпып өткен шақалақ нұр, шала мұң,
Тауқыметтен тоз-тоз болған бала күн.
Қайда маған басқалардай тәтті өмір,
Қайда менің қасіретсіз ғаламым?

Ғазиз бастан мұң аунайды не түрлі,
Ғаріп қайғы қаратпайды бетімді.
Кедейліктің тұзын сорған тағдырда,
Өтейліктің өші кеткен секілді.

Бесік-ғұмыр тербелмесе, сіра да,
Кешіп түнді тірлігіңді сұрама.
Туғанынан қаймығады бір әке,
Туғанына қайғырады бір ана.

Қанатына іліп алып құс-қайғы,
Құдайыма алып неге ұшпайды.
Қарттар үйі, жетім жанар, жесір мұң,
Мейірімсіз ғаламшарға ұқсайды.

Туды тағы көкке керді ай төсін,
Шалқаяды шауаға, ай, несін.
Тастан ауыр тағдырларға, Тәңір-ау,
Тас төбемнен тас атқылап қайтесің.

Қабырғамды қажытқанда құса мұң,
Өксіп-өксіп өкінішті тұсадым.
Мешіттердің ауласынан іздеймін,
Адамдардың мейірімді құшағын.
...Бүгін менің апамның туған күні!

***

Түн. Жалғыздың сырласы,
Жалғыздық Құдайға жарасқан.
Ақындар ғашықтың мұндасы.
Ақылдан адасқан.

Гүл. Сезімнің жұпары.
Хош иіс сездің бе ғаламнан?
Тәнің де пердесін тұтады,
Пәктікке жаралған.

Мен ғаріп, сүйдім де сені шын,
Бақыттың бал, уын тең ішкем.
Сен көктен түстің бе мен үшін?
Күнәсіз періштем...

Кіл, бақытсыз күйдегі,
Адамдар жылайды үндемей.
Тек, тағдырға кінә артпай сүй мені,
Тәнірді тілдемей.

Ғашықтың, жанары қараң сәл,
Өзімдей көремін барлығын.
Екеуміз қауышқан ғаламшар,
Бұл – менің тағдырым...

Ғаламды құштарлық өпсе де,
Жүректер жылайды, жаралы.
Көп ғашық қосылмай кетсе де,
Махаббат бар әлі...

Сол үшін ұрттап кесе мұң,
Сүйдім де, ақылдан адасқам.
Жазмыш дегенің – осы өмір,
Жалғыздық Құдайға жарасқан...

АРЗУ

Жанымның жыртып ақ шүберегін,
Дертіме дауа таппы демедің.
Өтірік күліп, өмір сүрем де,
Өкініп тұрып жақсы көремін.

Көрінген едің шуақтай маған,
Шөлдесең жаным бұлаққа айналам.
Күйбеңің қанша қанжылатса да,
Сүйгенін бірақ жылатпайды адам.

Мен сені құшқан ұлы түн қайда...
Оның да ертең күні тумай ма?..
Ес-түссіз сүйген есер шағымды
Ұмыт дейсің бе?
Ұмыту қайда...

Іңкәр сезімге бөленбей ғалам,
Мұның шағады өлеңдей маған.
Жұлдыз көрінсе Айдың жанынан,
Есімнді оқып өлердей болам.

Түн мені тағы ойға батырды,
Шығардым жалғыз ойланатынды.
Құдай да шебер ұмытпасын деп,
Аспанға жазып қойған атыңды.

Жақсы көрем деп жиі алдайсың ба?
Жан тәнімменен сүйе алмайсың ба?
Менің жүрегім кешірімді ғой,
Өз жүрегіңнен ұялмайсың ба?

Қара түндерде ай таранбаған.
Қолымды созам, қайта орал маған.
Айналмаймыз ба ғашықтарға біз,
Жердің бетінде қайталанбаған.

Мұнайды жүдеп осы гүл бағым,
Жылайды жүрек қосылып жаным.
Өмір де өзің, өлең де өзің,
Байқамайсың ба осының бәрін?

Қарамады ол ұшықталсам да,
Қара бастым-ау түсіп сарсаңға.
Мұқағалиды тірілтіп алып,
Махаббатыма ішіп барсам ба...

***

Балалық-ай балпаңдап жазым басқан,
Таңдырыма мехнат жазылмастан.
Мына менің табаным жарақатсыз,
Ал апамның мандайын әжім басқан.

Қадір қашқан менен де, ұят налып,
Аспан неге жылайды жиі ақталып.
Ажарына апамның әжім түсті,
Әжемді жеңген тағдыр сияқтанып.

Көрмейсің бе, тірліктің тербелуін,
Мен өмірге, ал маған келді өмірім.
Есім кетіп тою мен тыныштыққа,
Еңбектеуден басталды-ау пенделігім.

Апа, мен қырт өмірді көксемедім,
Көксемеуге бар еді көп себебім.
Тоймай қалған қозыдай дүре тиіп,
Етегіне оралып өскен едім.

Шөккен енсе, ақ түскен тау-ғұмырға,
Көрілік көрленеді жау қырында.
Аяғының астында аят болған,
Жұмақтың иісі бар жаулығында.

Сайқал күлкі мүжіген мүрде мұнды,
Күпі киген қара өмір кімге нұрлы?
Бүкірейген апама қарап, білем,
Мен кімнің арқасында жүргенімді.

Тар құрсағын кеңітіп құндақтаған,
Емізген, еміренген қымбатты адам.
Тас емшегін жібітіп таңдайымды,
Ана сүтінен құрғатпаған,
Мен апамның жастығын ұрлап барам...

Қазақы үй, қарт ата-ана, тентегі бір,
Күрмеуге келмей қалған келте ғұмыр.
Әне-міне дегенше түгесілер,
Әжем айтқан, әй, жалған ертегі өмір.

Сөнді жұлдыз, құба таң бозарды да,
Болмай отыр болмағыр мазам, жүдә...
Апамның туған күні өткен сайын,
Әжем келе береді көз алдыма...

Қызылорда облысы

Мұрат РАҚЫМЖАН

ҚОС ҚАНАТ БАЙЛАП ҰШҚЫМ КЕЛЕДІ...

ӨЗІМЕ

– Өлесің! – деймін, бейшара,
Нық қарап тұрып көзіне.
– Ажалға сірә, не шара,
Түсесің бір күн тезіне.

– Е, неғып? – дейді ол, міз бақпай,
– Өлуге әлі тым ерте,
Ажалдан өзге сөз жоқтай,
Көңілге салма кіреуке.

– «Өлім хақ!» – дейді Құранда.
– Мәңгі өлмей-тұғын кім онда?
– Мәңгі өлмей-тұғын бір Алла!
– Өлген соң... қайта тұрам ба?..

– Өлесің! – деймін, бейшара,
Нық қарап тұрып көзіне.
Ешкімге емес ишара,
Өзім ғой айтқан, өзіме.

Қарамай көңіл хошын-ай
Өзіме-өзім бір уақ,
Ұрсып аламын осылай,
Айнаға қарап тұрып-ақ.

Түбі жоқ, шексіз арманмен,
Таусылмай-тұғын сұрақтар.
Сырт кейпім біреу болғанмен,
Ішімде тағы Мұрат бар.

Екі ұдай болып тұрамын,
Екі ұдай болып жүремін.
Тұрулі сағаң құлағым,
Не дейсің, менің жүрегім?!

МОМЫННЫҢ МІНӘЖАТЫ

Қинасаң, мейлі қина, Алла!
Қалауыңдағыны сыйла, Алла!
Тек жалғыз ғана тілегім:
Аманатыңды аларда –
Тілімді келтір Иманға!

Мекен емес қой мәңгі бұл,
Үзіліп түскен сан ғұмыр.
Жалған дүниеңнің қоры қыл,
Мәңгі дүниеңнің алды қыл!

Баттық қой талай күнәға,
Көз жасым, сірә, жуа ма?
Мына дүниеде – сына да,
Ана дүниеде – сұрама!

Болдық қой талай маскара,
Назарыңнан тыс тастама.
Алаң көңіл ғып әрнеге,
Мойын бұрғызба басқаға.

Мінберде, төрде отырып,
Сөйледік талай лепіріп.
Екі дүниеде Өзіңнен –
Өзгенің бәрі – өтірік!

...Құлшылығым жоқ оңды аса,
Дейміз ғой, әйтеу «қам жаса»...
Алладан жәрдем болмаса,
Біздікі жай бір далбаса.

Қинасаң, мейлі қина, Алла!
Қалауыңдағыны сыйла, Алла!
Тек жалғыз ғана тілегім:
Аманатыңды аларда –
Тілімді келтір Иманға!
Лә иллаһә илалла!

КЕЛЕДІ

Іздегенім сол Арудың елі еді,
Жақында ғана табылды дерегі.
Сау адам онда ене алмайды екен,
Ауырғым келеді.

Қос қанат байлап ұшқым келеді,
Топ етіп соңда түскім келеді.
Тек мастар ғана мекендейді екен,
Ішкім келеді.

Жоқ енді маған емнің керегі,
Дидарын Соның көргім келеді.
Тірілер онда тұра алмайды екен,
«Өлгім» келеді.

ҚАМҚОРШЫМ

«Көздер Оған жете алмайды.
Ол көздерді көреді».
(«Әнғам» сүресі, 103 аят).

Күні-түні күзетумен,
Көз ілмейтін Қамқоршым.
Мен бейбақтан жүз өкінген,
Безінбейтін Қамқоршым.

Жаза бассам түзетуден,
Ерінбейтін Қамқоршым.
Айналайын ізетіңнен,
Көрінбейтін Қамқоршым.

Айыбым мен міндерімді,
Біліп тұрған Қамқоршым.
Көңілдегі кірбеңімді,
Ұмыттырған Қамқоршым.

Күндерімді, түндерімді
Қылып құрбан Қамқоршым,
Дидарыңды бір көруді,
Үміт қылғам, Қамқоршым.

Көрінбесең – көрінбегін,
Көңілде Сен, Қамқоршым.
Күбірлесе еріндерім,
Демімде Сен, Қамқоршым.

Берік болып Антыма шын,
Берілмес ем, Қамқоршым.
Салшы назар – жарқырасын,
Менің кесем* – Қамқоршым.

Болмасаң да мекен жайлы,
Сен бәріне – Төресің.
«Көздер Сағаң жете алмайды,
Сен көздерді көресің».
Қамқоршым...

Жүрек*

СЕН БАРСЫҢ

Досым менен жүз қайырды,
Сен барсың ғой, жетеді.
Жолдар бізді екі айырды,
Сен барсың ғой, жетеді.

Жарым бүгін қабақ шытты,
Сен барсың ғой, жетеді.
Деді «Үйде тамақ бітті»,
Сен барсың ғой, жетеді.

Бауырлар да «құды» дейді,
Сен барсың ғой, жетеді.
«Кімге болмақ үлгі?» дейді,
Сен барсың ғой, жетеді.

Көршім қойды есік ашпай,
Сен барсың ғой, жетеді.
Қайтер дей ме: «Осы қаска-ай»
Сен барсың ғой, жетеді.

Туыстар да тілсіз қалды,
Сен барсың ғой, жетеді.
Телефоным үнсіз қалды,
Сен барсың ғой, жетеді.

Мен ешкімге өкпелемен,
Сен барсың ғой, жетеді.
Безеді олар текке менен,
Сен барсың ғой, жетеді.

Міне, осылай жалғызсырау,
Кейде мезі етеді.
Сен де мендей жалғызсың-ау,
Жоқ ешқандай мекені.

Мені Өзіңе – «Құлым!» деп бір,
Қосып алсаң неткен?!
Мен пақырдың түгім жоқ, тұл
Досы болсаң неткен?!

Бәрі Сенің қалауыңда,
Өзің білші, о, тегі!
Менің барлық ғамалымда –
Сен барсың, сол жетеді.

БАҚЫТ ТУРАЛЫ

Бақыт жайлы ойлайды әркім әртүрлі,
Ол туралы пікірлер де әркілы.
Білмесе де шын бақыттың не екенін,
Бақыт тілеу – адамдардың салты игі.

Түрлі-түрлі түсінеміз бақытты,
(Шын бақыттың дәмін кімдер татыпты?)
Ал мен үшін ең бақытсыз сәтте де,
«Бақыттымын!» деген адам – бақытты!

АЛЫСТАҒЫ ЖАҚЫНЫМ

Сезбе мейлі, сезін мейлін,
Арышыдағы Аяулым.
Өзің деймін, көз ілмеймін,
Түндер бойы ояумын.

Жамалыңа қалай ғана,
Боламын деп лайық...
Оңашада соны ойлана,
Отырамын мұңайып.

Менен сонша жырақпысың,
Созсам қолым жетер ме?
Жауабы жоқ сұрақпысың,
Әлде бәрі бекер ме?

Қалай Саған жолығамын,
Жетпейді ешбір ақылым.
Көрмесем де сағынамын,
Алыстағы жақының.

Мүмкін болып, мүмкін емес,
Мақсатыма жетемін.
Аршы да емес, Күрсі де емес,
Жүрегім ғой мекенің.

Жамалыңа қалай ғана,
Боламын деп лайық...
Оңашада соны ойлана,
Отырамын мұңайып.

ҚҰРМЕТ

Алматыда қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін бір арнада тоғыстырған, республикалық және халықаралық айтыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы Оразалы Досбосыновтың рухына құрмет көрсетілді. Өмірден ерте озған ақынның өзі білім алған қара шаңырақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанынан ректор Такир Балықбаевтың қолдауымен «Оразалы Досбосынов атындағы жас ақындар орталығы» ашылды.

«ОРАЗАЛЫ ОРТАЛЫҒЫ» АШЫЛДЫ

Ақбота ҚУАТОВА
«Ана тілі»

Орталықтың ашылуына Нұрлан Оразалин, Жүрсін Ерман бастаған зиялы қауым өкілдері мен жас айтыскер ақындар, Оразалы Досбосыновтың ұстаздары мен замандастары, қызы Нұрайша мен БАҚ өкілдері қатысты. Орталықтың ашылуына ұйытқы болған университет ректоры Такир Балықбаев: «Бұл біздің Оразалы түлегіміздің рухына деген құрмет деп біліңіздер. Бұл мектептен елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, ойы ұшқыр, шабыты шалқар жас ақындар легі қанат қағады деп сенеміз» деді. Сондай-ақ университет ректоры Оразалы көзі тірісінде республикалық және халықаралық айтыстарда топ жарып, ақтангер ақын атануымен бірге айтыс өнерінің де өзіндік мектебін қалыптастырып кеткен талант иесі екенін атап өтті.

Кезегімен сөз алған Нұрлан Оразалин: «XX ғасыр қазақты қазақ дейтін ұлттан алыстатып жіберді. Қазақ деген ұлттан алыстатқан 40-50-60-шы жылдарды көрдік. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары ел Тәуелсіздікке жеткелі қайтадан қазақты іздеу, жақындау деген қазыналы кең байлығымыз қанатын қайта жайды. Сол қазыналы байлықтарымыздың бірі айтыс өнері елдің жүрегіне жол тартты. Жүрсіннің жүйріктерінің бірі Оразалының бүгін өзі дәріс алған оқу ордасынан орталығының ашылуы – қуанышты жағдай» деді.

Сонымен қатар шара барысында Жүрсін Ерман, Оразалының өмірдегі ұстазы Дүйсен Мағлұмұлы, марқұмның курстасы Шынар Бектұрғанова өз естеліктерімен бөлісті. Ашылу салтанатына арнайы қатысқан Нұрайша Оразалықызы ел ағаларына алғысын жаудырып, айтыс өнерінің өшпесіне тілектестік білдірді.

«Бір күні тап осы аудиторияда емтиханды маған алуға тура келді, сонда Оразалы сұрақтарға домбырамен жырлап тұрып жауап беріп еді. Арада 4-5 жыл өтісімен ол қалың көрерменнің жүрегінен үлкен орын ала білген ақынға айналды. Ауызша ақындық поэзия мен жазба поэзияның көркемдік тұтастығында Оразалы озып тұрды. Тап осы құбылыс жалғаса берсе деп тілеймін» деді ұстазы Темірхан Тебегенов.

Курстастарының атынан келген, сол кезде топтың басшысы болған Шынар Бектұрғанова: «Оразалымен бір топта оқыдық, бірге жүрген замандастарымыз. Оразалы болмысы ерекше тұлға болатын, оны барлығымыз сезетінбіз, білетінбіз. Ол білімі, адамгершілігі жағынан озық тұратын. Кезінде «осы ұстаздарымыз кейін менің тілімді зерттейді ғой» деп айтатын. Бүгін соның таңы атқан шығар деп ойлаймын» деп еске алды.

Мерекелік шара «Менің пірім - Сүйінбай» III республикалық студент-ақындар айтысымен жалғасты. Айтысқа қатысқан 60-қа жуық жас ақын сөз өнерінің маржандарын терсе, ақындардың өнерін Жүрсін Ерман, Бауыржан Жақып, Манарбек Ізбасаров, Ринат Зайытов, Серік Қалиев, Еркебұлан Қайназаров сынды сөз өнерінің майталмандары бағалады.

БАЙҚАУ

АРУЛАР – ӘСЕМ ЖАНДАР

Ару қаламыз Алматыда орналасқан оқу ордамыз Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде Жастар ресурстық орталығының Жастар жылы аясында ұйымдастырған «ҚазИТУ аруы – 2019» байқауының қорытынды кезеңі өтті. Байқау мақсаты – тән мен жан сұлулығы үйлескен аруларымызды тіршіліктің тірегі, әлемдегі ізгіліктің алтын діңгегі, жарық дүниедегі әдемілік пен сұлулықтың тәңірі деп бағалаған нағыз қазақ қызы атына сай болуға шақырып, әдемілік пен мәдениеттілікке тәрбиелеу. Үш іріктеу кезеңнен сүрінбей өткен жеті аруымыз сұлулық пен парасаттылықтың тәжіне таласты.

Елбасымыз өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Қазақстан – қызғалдақтың Отаны» деп атап өткеніндей, сұлулық байқауы Қазақстан аумағындағы Шу, Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін әлемінің жауһары саналатын қызғалдақ гүліндей құлпырған жеті қызымыздың әдемі биімен басталды.

Бұл ауқымды шарада әділ қазылар алқасының құрамында елімізге танымал өнерпаздар мен кәсіпкерлер болды.

Бірінші кезең бойынша әсем әуен аясында өздерін таныстырған аруларымыз білім парасатын таразылайтын сайыста қазақ халқының салт-дәстүрі, еліміздің және университетіміздің тарихына байланысты сұрақтарға жауап беріп, қазақтың қыздары ажарымен ғана емес, ақыл-парасатымен, тапқырлығымен ерекшеленетінін дәлелдеді. Ақтық сайыста бақ сынаған жеті арудың бірі өнер сайысында Қыз Жібектің бейнесіне еніп гәккулетсе, бірі қасиетті домбыраның құлағында ойнады. Көрермендер мен әділ қазылардың ерекше назары Сымбат Төреханның дайындаған «5 періште» монологына ауды. Қоғамдағы соңғы жағдайға байланысты қойылған монолог әсерлі болып, әділ қазылардың жоғары бағасына ие болды. «Дефиле» сайысында арулар әдемі көйлектерімен құлпыра түсті.

Үш сайыстың қорытындысы бойынша жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жеңіске деген құштарлығы үшін арнайы диплом Әсел Қайырбекова, Мөлдір Бағланбаева, Ақбота Жаңабек, Інкәр Әден есімді аруларымызға берілді. Бір апта бойы инстаграм әлеуметтік желісі арқылы дауыс беру нәтижесінде «Көрермендер көзайымы» аталымын Нұрсәуле Миран иеленді. Байқаудың «Вице-мисс ҚазИТУ – 2019» атағына сұлу сымбаты мен әсерлі поэзиясымен ерекшеленген Сымбат Төрехан лайық деп танылды. Сұлулық байқауының жеңімпазы, ақылына көркі сай, сыр мен сымбаты үйлескен, нағыз қазақ қызының көркем көрінісін көрсете білген Жібек Әбдіқалық «ҚазИТУ аруы – 2019» атанды. Барлық жеңімпаз және қатысушы аруларға университет және демеушілер атынан ұсынған бағалы сыйлық пен диплом табыс етілді.

Ауқымды әрі тәрбиелік мәні зор бұл шара келер жылы да өз жалғасын табатын болады.

Меруерт БАТАЙ,
ҚазИТУ-дың студенттік баспасөз қызметінің жетекшісі

ТЕАТР

Бүгінгі қоғамның жай-күйін баршамыз білсек те, жетеріне жеткізе батыл айта алмай жататынымыз рас. Себебі әркімнің өз шындығы, өз қорқынышы бар. Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының «Құпия» атты қойылымы қоғамның құпиясын ашып көрсеткендей.

«Құпия» сыры

Театр репертуарын заманауи драматургия мен тың тақырыппен толықтырған жас драматург Жәнібек Әлікеннің «Құпия» пьесасын жас режиссер Ерлан Кәрібаев сахналаған. Қоғамның ащы шындығын сөзбен емес, іспен көрсеткен қойылымның режиссерлік тараптан жаңалығы бар. Қойылым режиссері бүгінгі қоғамның келбетін «STEP» деп аталатын өкшемен өрнектелетін аяқ биі арқылы жеткізуге ұмтылған...

Иә, қойылым аяқтан дыбыс шығарып билеу арқылы басталады. Ең қызығы – көп адамның бірдей дыбыс шығарып, бірдей билеуі. Тобыр дейтін ортаның алғашқы белгілері осылай басталды. Жас режиссер Ерлан Кәрібаевтың алғашқы туындыларының бірінен мұндай батыл қадам күтпеген көрермен іштен тына қалды. Ары қарай не болар екен дегендей ішкі сезімдермен арпалысасың. Үш тілдің (ағылшын тілі, орыс тілі, қазақ тілі) мамандары жұмысқа қабылдану үшін шыға келгенде ары қарайғы күрестің оңай болмасын көрермен жүрекпен сезінеді. Қоғамның шеңберіне сыймай кеткен кейіпкер – орыстілді аудиторияға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін Арман (рөлде Дархан Сүлейменов) мұғалімнің бейнесі. Ол туған тілін табан астында таптағысы келетіндермен күреседі. Алайда...

«Студенттердің оплатасы – сенің зарплатаң». Дәл осындай қағидамен ақылы бөлімде оқитын жастардың есебінен колледж басқарып отырған директор Жаңабай Асылхановичтің (рөлде Бейбіт Камаранов) көздегені – тек өз пайдасы. Колледже мұғалімдерден студенттердің абыройы биік, ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс. Мұғалімнің емес, студенттің айтқаны – заң. Себебі олар оқудың ақысын төлеп отыр. Осындай өрескел қателіктер мен әділетсіздіктерге оқу орнының барлық ұстазы көнген. Тек бас көтеріп, күрескісі келетін – Арман.

Бастарына құлыптанған тәж киген колледж оқытушыларының өмірі арқылы біраз жайтты көз алдыңа келтіреді. Басқа киілген құлыптанған тәж арқылы мұғалімдерді басшылыққа бағындырады. Бас көтеріп, ойын ашық айтуға мүмкіндік бермейді. Жиналыста әр мұғалім билігі бар адамның қолындағы кілттерді басындағы тәжге салып, ашуға тырысады. Бірақ ашылмайды. Оның кілті дәл сонда ма, белгісіз. Бірақ бәрі кілтті салып, ашуға талпынады. Тағы да дәрменсіз. Ашылмаған соң, баяғы күйбең тіршілігіне, қағазбастылығына үнсіз көнеді. Алайда құлыптың ашылуы санасының оянуында екенін кейіпкерлер түсінбейді. Тіпті бір өзі төрт пәннен сабақ беруге мәжбүр қағазбасты мұғалім бұғауды үзгісі келіп бұлқынғанымен, айтар тілі тұсаулы. Оңашада, өз араларында ғана күңкілдеп алады. Сөйтеді де басшы мен студенттің құлына қайта айналады...

Оқиға колледж студенттері мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас туралы болғанымен, көкейкесті мәселелерді қозғайды. Мәселен, үштілділік саясаты қоғамға не беріп жатыр? Қазақ тілінің халі қалай? Елдегі білім жүйесі қандай? Өзімізді, ортамызды, қоғамды өзгертуге не кедергі? Жас режиссер осы сұрақтардың жауабын бір ғана қойылым арқылы бере алған.

«Құпия» – қазіргі ұстаздардың жай-күйін, олардың ел алдындағы беделінің қандай екендігін һәм қоғамның ащы шындығын ашып көрсететін қойылым.

Бүгінде актер әрі режиисер Ерлан Кәрібаевтың жалпы шығармашылық ізденісі «EGO» театр зертханасымен тығыз байланысты. Негізін қалаған да өзі. Мұндай зертханалық театрлар актерлердің өзін-өзі дамытуына, көбірек ізденуіне, еркіндігіне әсер етеді.

Айта кету керек, «Құпия» қойылымы – Е.Кәрібаевтың театрда жасақталған өз зертханасының аясында дайындалған эксперименттік дүние.

А.МҰСАБЕК

ЗАМАНДАС

Халық үшін адал қызмет атқарған, бүкіл саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған, азаматтық биіктен көріне білген, елге еңбегімен танылған, қоғамға адал еңбегі сіңген асыл азаматтарымыздың орны ерекше. Солардың бірі – бүгінгі күнгі ардагер ақсақал, менің досым Нұрпейіс қажы Сағиұлы. Ол еңбек жолын аудандық комсомол комитетінде жастарды тәрбиелеуден бастап, совхозда егін шаруашылығында бас маман, кәсіподақ комитетінің төрағасы, партия ұйымының хатшысы болып совхоз директорлығына дейін жауапты қызметтер атқарды. Қай қызметте жүрсе де зор абыройға ие болып, жұрт құрметіне бөленді. Зейнеткерлікке шыққанша Сырдария ауданында ауылшаруашылық саласында еңбек етті, аудан экономикасының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты.

ӨМІРДЕГІ *жарқын із*

Нұрекең жайлы естелік жазарда ойланып-толғанып, өткенді еске алып, өмір өткелдері көз алдымыздан өтіп, ұмытылып бара жатқан өмір жолымыз қайта жаңғырғандай болды. Біз екеуміз бір жылдың төлиміз. Бір айда екі күн ғана айырмасы бар түйедей құрдаспыз. Өткен ғасырдың 39-шы жылы дүниеге келген біздер – «жалаң аяқ қар кешіп, қызыл аяқ қыр кешіп» жоқшылықтың, тапшылықтың, ауыр еңбектің дәмін ерте тартқан ұрпақпыз. Балалық шағымыз Ұлы Отан соғысы кезеңіне, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру ауыртпалықтарына тура келді.

Қандай елге, қандай ұлтқа болмасын ортақ бір жақсы қасиет – ол ауызбіршілік, сыйластық, өзара түсіністік. Оның өзі үлкен достыққа ұластырады. Дос болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. «Шын дос болу – бақыт» деп бекер айтылмаған.

Нұрпейіс Сағиұлы – жас кезімізден бірге өскен, бір ауылдан, өмір сынынан сүрінбей, достықтың арасына кір келмеген замандасым, еңбекте сыналған, еңбекпен өсіп-өнген, көктеп-көгерген, небір алмағайып оқиғаларды бастан бірге өткізген, өмірдің ауыртпалығын да, қуанышын да бірге атқарған атпал азамат.

Бізді достастырған – адал еңбек, таза көңіл, ақ ниет. Әрқашанда бірбірімізді қолдап, демеп, қамқорлыққа алып, жақсылығымызды асырып, жамандығымызды жасырып жұбымыз жазылмады. Бұған өмір жолының сәйкестігі де себепші болды. Мен аудандық комсомол комитетінен басқа қызметке ауысқанда Нұрекең сол мен атқарған комсомол комитетіне келді. Мен совхозда бас агроном қызметінде болған уақытта ол бөлімше агрономы, кейін тағы да басқа жұмысқа ауысқанда менің орныма бас агроном болып, ал С.Сейфуллин атындағы совхоздың директорлығынан облысқа ауысқанымда менің орныма совхоз директоры болып қызмет атқарды.

Қандай азамат болмасын, өзі басқа жұмысқа ауысқанда бұрынғы қызмет атқарған жерін ойлап, жақсысына қуанып, нашар жағына қиналып, тек қана жақсы жағынан көрінуін тілеп жүреді. Ал Нұрекең менің өткен жолымды абыроймен жалғастырып, жақсы табысқа жеткізді. Өзіннен кейінгі азаматтың абыройлы болуының өзі – бір бақыт. Ал Нұрекең – өзін де, қатар жүрген азаматтарды да, достарын да бақытты еткен жан.

Қай жерде, қай салада қызмет атқарса да жұмысқа тыңғылықты, қарамағындағыларды жұмылдыра алатын қабілеті мен білімі, уақытпен санаспайтын тынымсыздығы, еңбекқорлығы арқасында көптің ойынан шыға білді.

Нұрпейіс Сағиұлы өткен ғасырда өмірге келді. Екі қоғамды бастан өткерді, екі қоғамға да қызмет жасады. Егеменді еліміздің іргетасын қалауда еңбек сіңірді. Қай уақытта, қай салада жұмыс атқарса да нәтижелі еңбек етіп, өз ортасына сыйлы болды.

Нұрекеңнің өмір жолы қазіргі А.Тоқмағанбетов ауылында жүгері өсіруден басталды. 1963 жылы Тереңөзек аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы болды. Өзінің іскерлігі, қабілеттілігімен, адал да таза жұмысымен аудан басшыларының назарына ілігіп, аудан іргесіндегі партияның XXI съезі кеңшарына агроном қызметіне ауыстырылды. Кейін осы кеңшарда кәсіподақ комитетінің төрағасы, партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды.

Партия, комсомол, кәсіподақ салаларын ойдағыдай басқарып, өндірісте бас агроном болып тәжірибе алған азамат 1981 жылы осы ауданның С.Сейфуллин атындағы совхозының директорлығына жоғарылатылды.

Нұрекең қай жұмыста, қай салада болмасын нәтижелі, абыройлы жұмыстар атқарды. Комсомол қызметінде жүргенде аудан комсомол жастарын күріш өсіру, мал бағу бағытына ұйымдастырып, жарқын бастамалар көтерді. Сол кезде көптеген жастар ауылшаруашылығы саласында жұмыс істеді. Күріш өсіруге аттанған Баян Құттыбаева бастаған 16 қыз, Захман Өткелбаев, Ахынбабай Тоқберішов, Күләш Әсимова, мал шаруашылығы саласында Гүлжан, Баян, механизатор қыздар Райкүл Жалғасбаева, Рысты Өкшебаевалардың бастамалары жастар тарапынан зор қолдауға ие болды. Жастардың түрлі басқосу жиындары өткізіліп, оларға Ы.Жақаевтың куәліктері табысталды. Міне, осындай игі істердің басы-қасында біздің Нұрекең жүрді. Ал С.Сейфуллин атындағы совхозды басқарған кезеңде күріштің гектар көлемі 55 центнерге дейін көтеріліп жылма-жыл мемлекетке астық сату тапсырмасы артығымен орындалды. Сонымен қатар мал шаруашылығында мемлекетке ет, сүт сату, мал басын аман сақтау, төл алу жоспары да ойдағыдай жүзеге асты.

Совхозда халыққа қызмет көрсететін мәдени-тұрмыстық, өндірістік нысандар салынды. Орталық техника жөндеу шеберханасы іске қосылды, тұрғындар үшін жылына 10-12 үй салынып, монша құрылысы пайдалануға берілді. Дала қоныстары, малшылар үйі, мал қоралары салынып, мал шаруашылығына қолайлы жағдай жасалды. Орталықта Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арнайы ескерткіш орнатылды.

Біздің Нұрекең – білікті маман, іскер ұйымдастырушы, ерінбей, жалықпай, тыным таппай жүріп өз міндетіне өте жауапкершілікпен қараған азамат. «Мамандықтың құлы болмай, еңбектің құны болмайды» дегендей, Нұрекең мамандығының құлы, еңбегінің құны болған, еңбектен рақат тапқан, жемісін көрген маман.

Нұрекеңнің еңбектері бағаланбай, еленбей қалған жоқ. Оның айғағы – омырауында жарқыраған Үкімет наградалары, бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесінің бірнеше күміс, қола медальдары, аудан, облыс басшылығы тарапынан алған Құрмет грамоталары. Кезінде бірнеше рет аудандық кеңестің депутаты, партия конференциясының делегаты, аудандық партия комитетінің пленум мүшесі болып, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуге қатысқаны өз алдына. Бұл да кейінгі ұрпаққа өнеге.

Ол бүгінде сексеннің сеңгіріне көтерілді. Жұбайы Рсалдымен тату-тәтті, бақытты өмір сүрді. Екеуі Алланың ақ парызын өтеп қажылыққа бірге барды. Осыдан екі жыл бұрын Рсалды бақилыққа аттанып, Нұрекең енді балаларының қамқорлығына бөленуде.

Тау шыңына жыбырлап құмырсқа да, бауырлап жылан да шығар. Ал сексеннің шыңына біздің Нұрекең аспаннан қалықтап қонған қыран құстай абыройлы жетті. Қызметте қатарының алды болды. Ешкімге қиянат жасамады. Жақсы қасиеттерінің арқасында өсті, өнді. Ағайын-туыс, ұрпақтарының, жора-жолдастарының қызығына бөленді.

Жарасымды жанұядан бес бала өсіп, ұл – ұяға, қыз – қияға қонды. Кімнің балалары дегенде ұялмай Нұрпейіс Сағиұлының перзенттері деп ауыз толтырып айтарлық ұрпақ болды.

Үлкен ұлы Бауыржан шетелдің бір үлкен корпорациясында әкімшілік басқару бөлімін басқарады. Еркіні – Алматы қаласында голландиялық әдіспен көкөніс өсіретін, қысы-жазы өнімін шетелге жөнелтетін ірі агрофирманың директоры. Ержаны да осындай бір фирманың менеджері. Ал қызы Гүлнәр – нотариус, күйеу баласы ауылшаруашылық саласында ірі кәсіпкер. Сәулесі Түркияда қызмет етеді.

Олардан тараған он немеренің ортасында Нұрекең жақсы өмір сүруде. «Жасыңда бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деген осы болар. Немересі Медет Шотландияда оқып, мұнай саласының маманы болып, қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облысында мұнай саласында қызмет етеді. Нұрғалиі – Түрік лицейінің соңғы сыныбында үздік оқушы.

Осындай жақсы тәрбиеден шыққан бес бала, он немеренің ортасында Нұрекең абыз ақсақал болып, жиынның төрінде батагөйлік қызметін атқарып келеді.

Міне, Нұрекеңнің өткен өмір жолы қысқаша осылай. Өмірі айтуға да, мақтауға да, мадақтауға да тұрарлық. Сексеннің биік шыңына шығып, бақытты өмір сүріп, абыройы асқақтап, елдің, ағайынның құрметіне бөленіп отырған, орны бөлек Нұрекең досым жайлы бүгін айтпағанда, жазбағанда қашан айтып, қашан жазамын? Досым, бақытты өмір сүре бер демекпін.

Жақай БОДЫҚБАЕВ,
Қызылорда қалалық ардагерлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Сырдария, Қармақшы аудандарының Құрметті азаматы

Каппадокия... Таулар мен төбелерден ойылып салынған үйлер мен шіркеулер... Таңғажайып ландшафт... Күн – сұлу ұясынан енді көтерілгенде көкке көтерілетін түрлі-түсті әуе шарлары... Бір кездері мұнда тек өте белсенді жанартаулар ғана бар еді. Уақыт өте лавадан қалған күл нығыздалып, қатты топырақ жынысы – жанартау туфы пайда болды... Жердің отқа күйген беті қатты болғанымен, астыңғы жағы жұмсақ еді. Уақыт өте келе жел мен жаңбырдың әсерінен түрлі пішіндерге келген. Құдды алып саңырауқұлақ сияқты. Кейбіреуі басына қалпақ киіп, жүрелей отырған адамды елестете ме, қалай...

Таңғажайып КАППАДОКИЯ

Әсел САРҚЫТ
«Ана тілі»

ТАРИХ ТҰНҒАН АЙМАҚ

Каппадокия – Түркияның ең көп қонақ қабылдайтын туристік нысандарының бірі. Мұнда елдегі ең суық ай саналатын ақпанда табанымыз тиді. Жолсапардың әлқиссасын елдің тарихынан бастаған жөн шығар...

Таңғажайып өлкенің ең байырғы тұрғындары – хат халқы. «Жұлдызды соғыс» фильмінде оларды бөгде ғаламшарлықтар ретінде көрсетеді. Ал шындығында хаттар – шамамен қола дәуірінде өмір сүрген халық. Олардан кейін бұл мекенге хеттер келді. Кейбір дереккөздерге сүйенсек, осы хеттер жауларынан қашып, жерасты қалаларын салған екен. Себебі парсылар оларға тыныштық берген жоқ. Ақыры алып тынды да. «Қызды ауылдың иті жатпас» дегендей, әсем өлкенің халқы да тыныш жата алмады. Сан түрлі жорықтан соң Рим империясының қарамағына өтіп, ел астанасы Мадак – Рим императоры Августың құрметіне Кесар деп өзгертілді. Қазір бұл қала Кайсери деп аталады. Міне осы кезеңде Каппадокияда христиан діні кеңінен тарай бастады. Таулар мен төбелерден үңгір ойылып, шіркеулер салынды. Оның қабырғаларына түрлі икона бейнеленді. Бірақ Рим бөлінген кезде Каппадокия Византияның құрамында қалды да, жаңа басшылық Құдайдың суретін салуға қарсы болды. Міне осы кезде халықтың жартысы Қырымға көшіп кетті де, сол жақта үңгірге монастырь салу мәдениетін таратты. Ал халықтың екінші бір бөлігі жаңа режимге көніп, бұрынғы салған суреттерін өзгертіп тастады.

1047 жылы аймақты селжүктер басып алды. Олар шіркеулер мен монастырларды мешіттер мен керуен-сарайларға айналдырды. Керуен-сарай сол кездегі Қытайдан Еуропаға сапарлатқан жолаушыларға арналған қонақүй еді. Мәселен, византиялықтардың кезінде салынған бірнеше қабатты Селиме монастры кейін сондай қонақүйге айналған. Ол әлі күнге дейін бар. Монастырдың кіреберісіне көтерілген кезде Селиме ауылы алақандағыдай көрінеді. Бірақ жанартау туфынан ойылған ғимараттың әлі қанша уақыт қалқайып тұрары белгісіз. Себебі біз барған кезде біраз жері ойылып түсіп жатты...



Ал XV ғасырдан бастап Каппадокия Осман сұлтандығына өтті. Халық Ислам дініне келе бастады. Христиан діні де шет қалмады. Екі діннің жарасымды ғұмыры ХХ ғасырдың басында Түркия Республикасы құрылғанда өзгерді. Елдің алғашқы президенті Ататүрік христиандардың денін шекара асырды. Олардың орнына көшіп келген мұсылмандар үңгір қазуды жалғастырмады, шіркеулердегі суреттерден қорқып, көздерін өшіріп тастады. Монастырлар иесіз қалды...



Десе де, олар ұмыт болмады. Өткен ғасырдың екінші жартысында еуропалық БАҚ бұл мекеннің көз тартар көріністері туралы жарыса жазды. Содан бері жыл он екі ай туристер ағымы толастаған емес. Жергілікті халық та осыған бейімделіп, ауыл шаруашылығын екінші орынға ысырып, қонақүйлер мен хостелдер салумен айналыса бастады. Нәтижесінде, Каппадокия әлемдегі ең сұранысы жоғары туристік аймаққа айналды.

Біз мінген Ыстамбұл – Невшехир бағытында ұшатын ұшақтың борты да туристерге лық толы болды. Әуежайдан түскенде өзіміз қонақүй жалдаған Мұстафапаша ауылына қарай 10 адамдық таксиге отырдық. Оның екеуі ғана қазақпыз. Қалғаны, жорамалдауымызша, корейлер мен қытайлар. Жолаушы саны жол бойы азая берді. Көпшілігі Гөреме деген жерден түсіп қалды. Сөйтсек Гөреме – Каппадокияның туристік өмірі қызқыз қайнаған орталығы екен. Мұнда ЮНЕСКО мұраларына енген ұлттық саябақ бар. Біз отырған такси тек Үргіп қалашағына дейін ғана баратын болып шықты. Ары қарай басқа автобусқа отыру керек. Қонақүйге кешке қарай баруды жөн көріп, Үргіпті араладық.

«Үш сұлумен» танымал қала

Үргіп – көне қала. Бейнебір ескі заманға тап болғандай күй кешесің. Қаламен жақынырақ танысу үшін екі сағатқа квадроциклді тур алдық. Бағасы – 150 лира (12 мың теңге). Мұнда да жанартау туфынан ойылған үйлер бар. Оның қалай салынғанын көру үшін екі қабатты үйге кіріп көрдік. Бірнеше бөлмесі, терезесі, қазаношағы бар. Ондағы ыс пен түтіннен қалған дақ әлі сақталған...

Византия билігі кезінде қала – Осман, Киелі Прокофий, селжүктердің кезінде – Башхисар, Осман империясы тұсында Бургут қамалы деп аталған. Үргіп деп Ататүріктің кезінде қойған екен. Ол хеттердің «ур-бай» деген сөзінен алыныпты. Мағынасы – «қамалы көп». Бірақ бұл жақта Каппадокияның басқа аймақтарына қарағанда қамал аз. Тек бір ғана Башкале дегені бар. Есесіне шіркеу, кітапхана, жерасты жолы мен «Үш сұлу» тастары бар. «Үш сұлудың» пішіні бір қарағанда саңырауқұлаққа ұқсайды. Ол туралы ел ішінде аңыз көп. Бірі оларды гректердің тасқа айналған Афродита, Гера және Афина құдайлары десе, екіншісі бай қыз бен кедей жігіттің махаббат хикаясымен байланыстырады: Әкесі бұл некеге қарсы болып, қаһарына мінгенде қыз құдайдан ғашығы мен баласынан ешқашан айырмауды тілеп, жалбарынған екен. Сол кезде жігіт, қыз және екеуінің баласы – үшеуі тасқа айналып кетіпті-мыс. Бүгінде ол Түркияның ең-ең деген туристік нысанына айналған. Жаңаны тани түскенде уақыттың саған қарсы жұмыс істейтін әдеті емес пе, бұл қаламен жөнді танысып та үлгермедік. Екі сағат екі минуттай өте шықты...

Каппадокияның асығын алшысынан түсіріп тұрған тағы бір артықшылығы – өлкенің табиғи сұлулығын әуе шарында тамашалау. Шар тек күн шығып келе жатқан уақытта ғана ұшырылады. Ақыры келіп тұрған соң, оны да көргіміз келіп, сондай қызмет ұсынатын кеңсе іздедік. Бірақ бір де біреуінде бос шар қалмаған. Бағасы адам басына 700 лирадан басталады. Бұл, шамамен 50 мың теңгедей. Оған 20 адам мінеді. Ары қарай бір шарға мінетін адам санының азаюына қарай бағасы да өсе түседі. Кеңсе қызметкері бізді қосымша тізімге жазып қоятынын, егер біреу бас тартып жатса, бізге хабарласатынын айтып, шығарып салды. Мұстафапашаға жол тарттық.

Каппадокия атауы парсылардың «Хаспадуя» – «таңғажайып арғымақтар мекені» деген сөзінен шыққан. Бірақ бұл тақырып төңірегінде тарихшылар әлі күнге ортақ тоқтамға келе қоймады. Бір ғалымдар Каппадокия атауы лувийлердің «Катпатука», яғни «төменгі ел» деген сөзінен алынған десе, екінші топ оны хеттердің «Каттапеда» («төмен жер») деген сөзі деседі.

МҰСТАФАПАША АУЫЛЫ

Бір кездері Каппадокияның мәдени, діни және ағартушы орталығы болған ауыл. Бұрын бұл жер Синассос – «балықшылар қаласы» деп аталған. Өз уақытында Константинопольдегі икра мен тұздалған балық нарығын осы жақтың балықшылары қыздырған көрінеді. 1920 жылдары түріктер қоныстана бастағанда елді мекен атауы Мұстафа Кемал Ататүріктің құрметіне Мұстафапаша болып өзгерген. Жаңа тұрғындар үңгірдегі өмірге үйренісе алмағандықтан, аты дүркіреген орталық ақырындап құлдырай бастайды. Десе де, XVII ғасырға жататын тарихи жерлері түбегейлі жойылып кетпесе де, там-тұмдап қалған. Кейін күрделі жөндеуден өткен. Солардың ішінде Кебир мешіті, Мехмет Шакирпаша медресесі, Константин мен Еленаның шіркеуі, Киелі Крест шіркеуі бар.

Мұнда кешкі бес шамасында жеттік. Бір қызығы, біз қонақүй алғанда оның атауына мән бермеппіз. Monastery cave hotel. Бұрын монастырь болған үңгір екен! Ішінде бірнеше крест ілінген. Иконалар бар. Оның үстіне бізден басқа қонақ жоқ. Көшеде кіл ер адамдар ғана.

Әйелдер мен балалар көрінбейді. Айналада ежелгі үңгір-үйлер көп. Күн де бұлтты болды. Адамның қиялы жүйрік қой. Көңілге үрей ұялағаны рас. Десе де үш арсыздың бірі – ұйқы қысқанда үрей дегенің өздігінен жым болады екен. Ертеңінде Үргіп қалашығы арқылы Гөремеге жол тарттық.

Иә, айтпақшы, әуе шарынан сол күйі хабарласпады. Егер орын босаса, бізді таңғы сағат 5-те арнайы көлікпен ұшу алаңына алып кетуі керек еді. Бірақ мұнда шармен ұшудан басқа да қызықтар бар. Солардың бірі – бір күндік тур. Оның үш түрі бар: қызыл, қызғылт және жасыл. Бұл тур кезінде аралайтын нысандардың түсіне байланысты. Мәселен, біз жасыл турды таңдадық. Мұнда да серіктеріміз корейлер мен қытайлар болды. Тарихымен танысуға келген түрік студенттер де бар. Гидіміз бізді Деринкүй жерасты шаһарына, Ыхлара шатқалына, Кептерлер аңғарына және басқа да жерлерге апарды.

ДЕРИНКҮЙ ЖЕРАСТЫ ШАҺАРЫ

Бұл – 12-18 қабаттан тұратын шаһар. Аудармасы – «терең құдық». Тереңдігі 60 метрге дейін жетеді. Қаланың жалпы аумағы 2,5 мың шаршы метрді құрайды. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, шаһардың көлемі бұдан да үлкен болуы мүмкін. Тарихшылар оның нақты қай уақытта салынғаны жөнінде әлі күнге дейін бір тоқтамға келген жоқ. Бірі б.з.д. II-I мыңжылдыққа телісе, екіншісі Византия дәуірі кезіне (780-1180 жылдар) жатқызады.

Біз шаһардың тек бес қабатын ғана аралай алдық. Алғашқы екі қабаты тамақ пісіру, шарап жасау үшін пайдаланылған. Себебі онда метан газы болған. Ал адамдары төменгі қабаттарда тұрған екен. Онда ұйықтайтын бөлмелер, астық қоймалары, асхана, ұсақ мал ұстайтын қора, шіркеу де бар.



Мұнда бес мыңдай адам өмір сүрген көрінеді. Кейбір деректерде бұл сан 20 мың деп те көрсетілген. Әр қабаттың есігінде салмағы 450 килограмға жуық домалақ тас бар. Қанша үлкен болса да, ішкі жағындағы ағаш тетігі арқылы бір адам оңай ашып-жаба алатын болған. Бірақ оны сырттан ашу мүмкін емес. Жау келгенде осы тастар арқылы бекінген екен. Жау оны ашып алған күннің өзінде қайтар жолын тауып шыға алмайтын болыпты. Себебі бәрі басында-ақ ойластырылған. Бұл қаланың жолдарын тек оның тұрғындары ғана біледі. Бөтен адасады. Сол себепті де қазір онда әр қадам басқан сайын бағдарыңды көрсететін белгілер бар. Осының бәрін көресің де таңғаласың. Қалай ойластырған? Бұл қала осынша уақыт бойы қалай қирап қалмай тұр?..

Шаһар толықтай қайламен ойылған. Бөлмелері шағын. Оларды бір-бірімен байланыстыратын шағын ойықтары бар. Қазіргі тілмен айтқанда, телефон жүйесі. Тұрғындар сонда айқайлап сөйлеу арқылы хабар алмасып отырған. Әр қабатты жалғап тұрған баспалдақтары төменге түскен сайын тарыла береді. Бойыңды тік ұстап кіргенмен, шау тартқан қариядай еңкейіп түсесің. Егер алдыңнан қарама-қарсы біреу шығатын болса, қайсың шығаберіске жақын болсаң, сол кері қайтуы керек. Бір қызығы, шаһардың барлық қабатында ауа температурасы шамамен бірдей. Гидіміздің айтуынша, жылдың қай мезгілінде де +13-15 градус болады екен. Ауа желдеткіші де тамаша ойластырылған. Ол құдық ретінде де қолданылған.

Таңғажайып шаһар кездейсоқ табылған. 1963 жылы бір кісі үйін жөндеп жүріп, жерасты жолын тауып алады. Ол қалаға апаратын жол екен... Жалпы Каппадокия жерінде 200-ге жуық осындай жерасты шаһары бар. Оның ең үлкені – осы Деринкүй мен Каймаклы. Барлық қала бір-біріне осындай жерасты жолдары арқылы жалғасқан. Мәселен, деринкүйліктер Каймаклыға 8 шақырымдық жолмен қатынайтын болған. Бірақ ол қазір жабық.

...Шаһардан шыққан кезде жарық дүниенің қадірін сезініп қалдық. Жер басып жүргеніміз де бақыт екен ғой. Әйтпесе, қараңғы көрге кіргендей, топырақ астында ғұмыр кешу ешкімге ұнай қоймасы анық. Ал бұл шаһардың салынуына сол кездегі жаугершілік заман себеп болған көрінеді.

Бұдан кейін Кептерлер аңғарына бағыт алдық. Ол – көлемі 4 000 метрді құрайтын таулы аймақ. Әр төбенің басында кептерлердің ұяшығы бар. Жергілікті халық бұрындары кептерді үш түрлі мақсатта пайдаланған екен: өзін, жұмыртқасын, саңғырығын. Өзін хат тасу үшін. Ал жұмыртқасын сурет салған кезде қолданған. Сурет салып біткен соң, бетін жұмыртқамен сылап тастаса, қанша уақыт өтсе де кетпейтін көрінеді. Сол себепті де шіркеулердегі суреттер әлі күнге дейін өшпеген. Ал саңғырығы жүзім өсіру үшін тыңайтқыш ретінде пайдаланылған. Ол жүзімнен әлемге белгілі Каппадокия шарабы өндірілген.

Тур кезінде бұлардан бөлек Ыхлара шатқалына, жергілікті тас өңдеу зауытына, зергерлердің шеберханасына, Селиме монастрына бас сұқтық. Шатқалы біздегі Шарыннан әдемі емес, бірақ өзіндік сұлулығы да бар. Оның ерекшелігі – дәл ортасынан Мелендиз өзені ағып жатыр. Шатқал етегінің бәрінен үңгір қазылған. Селиме монастры мен тағы басқа жеті шіркеу де осында орналасқан.

Күн ұясына кіргенше тур да соңына таяды. Каппадокиядағы екі күн осылайша көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Алда Анкара. Қала арасында қатынайтын автобустағы қызмет көрсету деңгейін көргенде тағы бір мәрте таңдай қақтық. Әр жолаушының алдында кішігірім планшет бар. Одан ән тыңдап, кино көруге, ойнауға болады. Құлаққабы да бірге. Шыттай киінген даяшы шай, шырын ұсынып, тіскебасар таратады. Тегін. Бәрі билеттің құнына кіреді. Ол болса, бізше есептегенде, шамамен 7000 теңге...

Махаббат аңғары, Ай пейзажы, сиқырлы тастар... Каппадокияның осындай лақап аты көп. Бір қарағанда алыптардың мекені сияқты. Олар күнде таңертең үйлерінен шығып, аспанға түрлі-түсті шар ұшырады. Бір уақытта жүздеген әуе шары көтерілгенде құдды бақбақ гүлін біреу аңдаусызда үрлеп жіберді ме деп қаласың. Олар көз алдыңда биіктеп бара жатады. Ал сен жер бетінде осындай таңғажайыптың бар екеніне тамсанған күйі кішірейе бересің. Бізде де осындай тарихи жерлер бар ғой дейсің... Есіңе Түркістан, Отырар, Құлан, Сарайшық түседі...

АЛМАТЫ – ЫСТАМБҰЛ – КАППАДОКИЯ – АНКАРА – АЛМАТЫ

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шәмшидин ПАТТЕЕВ
қабылдау бөлмесі 272-87-30
kaz_gazeta@mail.ru
www.kazgazeta.kz

ANA TILI
Бас редактор **Жанарбек ӘШІМЖАН**
Бас редактордың бірінші орынбасары **Нұрперзент ДОМБАЙ**
Бас редактордың орынбасары **Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ**

Бөлім редакторлары:
Әсел САРҚЫТОВА – Тіл мәселелері және этнография
Ақбота ҚУАТОВА – Білім, ғылым және мәдениет
Бағдагүл БАЛАУБАЕВА – Әлеуметтік мәселелер және ақпарат

«Қазақ газеттері» ЖШС-нің аймақтардағы өкілдіктері:
Толымбек ӘБДІРАЙЫМ 8 701 345 7938 (Астана)
Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ 8 771 769 6322 (Ақтөбе обл.)
Батырбек МЫРЗАБЕКОВ 8 (7102) 90-19-73 (Қарағанды обл.)
Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ 8 (7292) 40-41-01 (Маңғыстау обл.)

Ⓐ материалдың жариялану ақысы төленген

Меншікті тілшілер:
Ғазиз ЕСЕМБАЕВ (Астана) 8 7016048029
Өтеген НӘУКИЕВ (Атырау) 8 701 518 46 81
Орал ШӘРІПБАЕВ (Семей) 8 705 661 14 33
Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай) 8 777 230 71 84
Жарқын ӨТЕШОВА (Мәскеу) Zharkyn-1@yandex.ru

Фототілші Азамат ҚҰСАЙЫНОВ
Беттеуші Нұржан АСАНОВ
Корректорлар Алмагүл ҰЛТАНБЕКОВА, Мақпал САҒЫНДЫҚ
Хатшы-референт Назгүл БЕЙСЕМБАЕВА

Қоғамдық негіздегі кеңесшілер:
Ғарифолла ӘНЕС – филология ғылымының докторы
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – филология ғылымының докторы, профессор
Аягүл МИРАЗОВА – педагог-ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері
Талас ОМАРБЕКОВ – тарих ғылымының докторы, профессор

Апталық Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 28 наурызда №17007-Г куәлігі берілді.
Газет аптасына бір рет шығады.
«Ана тілі» газетінде жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес.
«Ана тілінде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет авторларынан мақалаларды 3 беттен (14 кегль) аспауын, электрондық нұсқасымен қоса әкелуін сұраймыз. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, қолжазба кері қайтарылмайды.
Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Индекс 65367. Офсеттік басылым.
Газет: Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй. «Дәуір» РПБК ЖШС-нда, Тел: 273-12-04; Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2, «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханаларында басылып шықты
Тапсырыс №1607/183

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175, 4-қабат

РЕДАКЦИЯ ТЕЛЕФОНДАРЫ:
2-72-49-78 (қаб.бөлмесі/факс)
Бөлім редакторлары: 267-40-07
E-mail: anatili_gazeti@mail.ru
Таралымы 16 645
Кезекші редактор **Әсел САРҚЫТОВА**